



ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

альманах

№3 (41) / 2015



ТІЛ ЖӘНЕ ҚОҒАМ

альманах

Қазақстан Республикасының
Ақпарат министрлігінде тіркелген
№ 516-ж куәлігін берілген
(14.06.2004)

Бас редактор
Қонысбай ӘБІЛ

Құрылтайшы:

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және спорт министрлігінің
Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси
жұмыс комитеті

Редакциялық кеңес:

Ербол Нұрғалиев

Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс
комитеті төрағасының орынбасары

Қойшығара Салғараұлы

Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы

Кеңес Юсуп

Жазушы, аудармашы

Ғарифолла Есім

ҚР ҰҒА академигі, Мемлекеттік сыйлықтың
лауреаты

Алдан Смайыл

ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты,
Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты

Сауытбек Абдрахманов

«Егемен Қазақстан» республикалық газеті»
акционерлік қоғамының президенті, филология
ғылымдарының докторы

Дихан Қамзабекұлы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
университетінің проректоры, ҚР ҰҒА
корреспондент мүшесі

Дархан Қыдырәлі

ҚР Білім және ғылым министрлігі
Халықаралық түркі академиясының
президенті, тарих ғылымдарының докторы

Айдос Сарым

Саясаттанушы



Қабдеш ЖҰМАДІЛОВ
Халық жазушысы, Мемлекеттік
сыйлықтың лауреаты

Ұлттың жаны – тілде

Қазақ тілі — өзінің даласындай кең пішілген, жайдары да жалпақ тіл. Оған қысылып-қымтырылу, асығып-аптығу, ерін ұшынан шүлдірлеп-былдырлау мүлде жат. Қазақ нені айтса да ауызды толтырып айтады. Қазақ сөзі қашанда даланың қоңыр желіндей аңқылдап, еркін есіп тұрады. Қазақ тілінің биязы мақамы — домбыраның күмбір қаққан сазындай. Асқақ әуенділігі — шырқап салар әніндей.

Қазақтың жер байлығы, кен байлығы, мал байлығы жөнінде қазір жұртқа түсінік беріп, дәлел келтіріп жатудың қажеті шамалы. Бұл жағы онсыз да айдай әлемге кеңінен мәлім. Тіпті, біздің материалдық байлығымызды өзімізден гөрі жат жұрттықтар жақсы біле ме деймін. Бұл күндері шетел капиталының Қазақстан десе балға қонған арадай үймелеуі өзіміздің, не көзіміздің әдемілігінен болмас. Оларды маңайына магниттей тартып тұрған, бәлкім, сол қазақ жерінің қазынасы шығар.

Әйткенмен, шет жұрттықтар қолымыздағы күлшені ғана танып қоймай, өзімізді танып білуі керек. Егер, көрсете алсақ, қазақтың ғасырлар бойы қалыптасқан рухани қазынасы өз жеріндегі табиғат кенішінен бір де кем емес. Бірақ біз сол асылдарымызды бүгінге

дейін дүниеге таныта алдық па? Әсіресе, қазақтың әлемдегі ең бай, ең оралымды, ең сұлу тілде сөйлейтінін қазір бізбен араласып жүрген халықтар біле ме? Өзгені былай қойып, ата-бабадан мұра боп қалған ана тіліміздің қадір-қасиетін бүгінгі ұрпақ — өзіміз жете танып жүрміз бе?

Тіл теңізінде емін-еркін жүзбеген, рухын бойына сіңірмеген жандар қайдан білсін. Ал тереңіне бойлап, дәмін тұшынған адамға қазақ тілі — халық қазынасының тұтас бір қоймасы іспетті. Өйткені бертінде дейін жазу-сызуы жалпыласпаған көшпенділер өз бойындағы бар асылын тілмен өрнектеп, өзінің дақ түспеген таза зердесіне сақтаған ғой. Ал адам зердесі жансыз қағаз емес — жоқтан өзгенің бәрін жинай беретін. Ол тек ақыл-ойдың інжу-маржанын ғана іріктеп алды.

Қазақ даласы — бүкіл түрік әлемінің қара шаңырағы десек, сол туыс тілдер ішіндегі ең байырғысы да, көп өзгеріске ұшырамаған тазасы да — қазақ тілі екендігін бұл күнде сонау Анадолы түріктерінен бастап, бүкіл қандас бауырларымыз түгел мойындайды. Олай болатыны, «тіл тас жарады, тас жармаса бас жарады» деп түсінген бабаларымыз бұл өнерге айрықша мән берген. Оққа тоқтамаған жерде сөзге тоқтаған. Қара қылды қақ жарған кемеңгер билеріміз кезінде ердің құнын екі ауыз сөзбен шешкен екен. Ақындар мен шешендер дау-талас, айтыс үстінде аталы сөзді аттап өтпей, жолдан жығылып, сөзден сүрінгенін ерлерше мойындап, «ой, тіліңе шоқ түссін!» деп отыра кеткен деседі.

Ана тілінің құдіретіне данышпан Абайдың өзі қайран қалған. Ұлы ақынның «қазақтың өзгелерден тілі ұзын» дейтіні немесе «өткірдің жүзі, кестенің бізі өрнегін сендей сала алмас» деп таңдай қағатыны сол сүйініштен туған. Абай нені айтса да біліп айтқан ғой. Бәлкім жаңағы сөздер Пушкин мен Лермонтовты, Крыловты қазақшалағанда, өз аудармасының түпнұсқадан асып түскеніне көзі жеткен соң, ақынның сөз өнерін тамашалаудан тууы да ғажап емес.

Шешендердің аузынан шыққан қара сөздің өзінде өлеңге бергісіз келісім, іштей үйлескен ырғақ болады. Сөз бен сөз, дыбыс пен дыбыс өзара ұйқасып, жымдасып жатады. Тыңдаушысын бірден ұйғытып әкететін осы үндестік пен әсем ырғақ құлақ түбінде хрустальдай сыңғырлап, қазақ тілін сұлу да сиқырлы етіп көрсетеді.

Ана тіліміздің осы қасиетін өткен ғасырларда қазақ даласын аралаған саяхатшы ғалымдардың бәрі-ақ таңырқай атап өткен. Ақ патшаның қаһарына ұшырап, жер ауып келген поляк оқымыстысы Адольф Янушкевич Арқадағы елді аралап жүріп, 1846 жылы өз күнделігіне былай деп жазған екен: «Мен осыдан бірнеше күн бұрын өзара дауласқан екі ру билерінің сөз сайысына куә болдым. Цицерон мен Демосфенің кім екенін өмірі естіп көрмеген шешендердің ғажайып өнеріне қол соғуыма тура келді...». Әрине, Янушкевич бұл сөздерді қазақтың әлі қаймағы бұзылмай тұрған кезде, Ақтайлақ, Барақ (бергі Сұлтанбайдың Барағы), Құнанбай, Алшынбай билердің дәуірінде жазып отыр. Одан бері қанша ықылым заман өтті. Әсіресе, соңғы

жетпіс жылдың «қыл көпірінен» аттап өту қазақ үшін бәрінен де ауыр болды. Сүйегі шашылып жатқанда, сөзді түгендеген кім бар? Отаршылдар басымыздағы бағымызды, алдымыздағы малымызды тартып алумен тынбай, тілімізге тиек, аузымызға қақпақ қойды. Нәтижесінде, ана тіліміз айдалада қалып, бір-бірімізге орысша шүлдірлейтін күн туды. Сөйтіп, арада ондаған жылдар өткенде, кешегі «мұрттары көкке шаншылып», күмбір-күмбір сөйлейтін асау-арда дала қазағының орнын өз тілін ұмыта бастаған қаланың «шала қазағы» басты.

Қазіргі қазақ тілінің жағдайын ойлағанда, менің көз алдыма көп жылдар кім көрінген жайдақ мініп, құйрық-жалынан айырылған, арқасы ошақтай жауыр, әбден қанжілік боп, төрт аяғынан бірдей тұралап қалған тұлпар елестейді. Сол жүдеп-жадаған жүйрікті көргенде, «сені тұлпардың басы деп кім айтар, мені Толыбай сыншының баласы деп кім айтар?» дегендей, егіліп жылағың келеді. Шіркін, шын жүйрікке ем-дом жасап, жаратып баптасақ, жілігіне қайтадан май жүгіріп, сүйегі ағарып, ежелгі қалпына келер ме екен деп, соны армандайсың.

Бұрын империяның итпесінде жүрген бодан кезімізде бізді ешкім сөкпейтін-ді. Қайта ноқталы басқа ноқай мінез, шолақ сана, шүлдір тіл жарасып тұратын... Енді бәрі басқаша. Қанша айтқанмен, тәуелсіз мемлекет деген атымыз бар. Тәуелсіз елдің өз әскері, өз елтаңбасы болғаны сияқты, өзінің мемлекеттік тілі де болуы заңды. Бұдан былай біздің дипломаттарымыз шет жұртқа барғанда, өз мемлекетінің атынан қазақша сөйлемей, басқа бір тілде сөйлеп тұрса, сүйекке таңба, мойнымызға мін болады. Шетелдіктер: «Байғұстар-ай, мыналардың өз тілі де жоқ екен-ау» деп мүсіркеуі мүмкін ғой... Ал парламентіміз өз мәжілістерін бұдан кейін де баяғы үрдіспен орысша жүргізсе, ол мемлекет тілін аяқ асты ету ғана емес, қазақ халқын күнде көзге шұқып, қорлаумен бірдей.

Ал бізде мемлекет басқару ісінде қазір тіл мәселесі қалай шешіліп отыр? Жасыратын не бар, әйтеуір түрі, аты-жөні қазақ деп сырттай мәз болғанымызбен министрлер мен облыс, аудан әкімдерінің бірталайы қазақша шала біледі. Өз ұлтымыздан шыққан кейбір халық депутаттарының да қазақы әріптерге тілі келмей тұрады. Оған өздері қымсынбайды да. Несіне қысылсын: жаңа Конституциядағы «мемлекет тілін білмеу ешкімге кедергі жасамайды» деген қыстырма сөйлем солар үшін қосылған жоқ па?! Ал өз қандастарымыздың жайы осылай болып тұрғанда, өзге ұлт өкілдеріне «сен қазақ тілін білуің керек» деп қалай талап қоярсың?!

Сонымен қазір мынадай кереғар жағдай қалыптасып отыр. Мемлекеттік мәртебесі бар қазақ тілі – жәй қара халықтың тілі де, үкімет басында отырған атқамінерлер басқа ресми тілде сөйлеуі керек. Тіпті ана тілін жап-жақсы білетіндер де қазақша сөйлеуге ерініп, әлі де баяғыдай орысша сырғытады. Қазір дүние жүзінде

парламент мәжілісі өз мемлекетінің тілінде өтпейтін бір ел болса, әй, сол біздің Қазақстан-ақ шығар. Өзімізді құр алдарқатып керегі не, егер республика парламенті мен президент аппараты қазақша сөйлемесе, оның «мемлекет тілі» деген мәртебесі жәй ұран күйінде қала бермек.

Айта берсе, ана тіліміздің мұң-мұқтажы көп-ақ. Жалпы стиль мәселесі, тіл қолданысы, сөздік қорымыздың бұралқы сөздермен былғануы т.б. мәселелер жеке-жеке әңгіме етуді тілейді. Қазір баспасөзде тілді талғамсыз, қалай болса солай қолданатыны сонша, кішкентай ғана газет хабарын аяғына дейін оқып шығудың өзі бір азап. Бұған күнде құлағыңның етін жейтін радио мен теледидардағы қойыртпақ сөздерді қосыңыз! Әйтсе де, біз баспа бетіндегі кінәраттарды басқа бір кезекке қалдырып, бұл жолы тек «біз қазір қазақша қалай сөйлеп жүрміз?» деген мәселе төңірегінде ой өрбітсек дейміз.

Иә, айтты-айтпады, біз қазір қалай сөйлеп жүрміз? Бұған дейін тілші-ғалымдарымыз бар назарын грамматиканы зерттеуге, қатесіз, дұрыс жазу жағына аударды да, ал қазақша қалай сөйлеп жүрміз деген сауал ешкімнің ойына келген емес. Бұрын орысша оқыған жастарымыз, әйтеуір ана тілін ілдебайлап ұққанына, өз тілінде шала-шарпы болса да сөйлегеніне мәз болдық. Ал ілуде бір өзге ұлт өкілдері қазақша бес-алты ауыз сөздің басын құрып, бірер қайырым ән салып берсе, оны керемет ерлікке балап, ат мінгізіп, шапан жаптық. Бірақ, оның есесіне, ана тіліміздің күн өткен сайын әрінен айрылып, жорғасынан танып, дөкпек желісті «қой торыға» айналып бара жатқанын ескергеніміз жоқ. Ұзақ жылдар мемлекет мінбесінен орын тимей, отбасынан ұзамай қалған тіл де қанатынан қайрылып, мешел баладай мешеу тарта береді екен ғой. Бір кезде ұлы билердің көкірегінде дамылдап, көрігінде шыңдалған қазақ тілінде бұл күнде бірен-саран болмаса, суырылып сөйлейтін шешен қалмады деген не сұмдық? Былайша сөйлегіштер бар ғой, ол жағы жетіп артылады. Бірақ солардың бәрі дерлік қызмет бабында орысша сөйлеп жаттыққандар. Небір аузымен құс тістеген азаматтар орысша мүдіріссіз заулай жөнеледі де, қазақшаға келгенде аяғына жем түскен аттай кібірткітеп қалады. Ойлап қарасаң, тіпті қазақы шешендік өнеріне баулитын орта қалмаған екен-ау! Әрқашан қисынға, сөзге жүгінетін кісіні шешендікке тәрбиелейтін бір орын – баяғы билер кеңесінің мұрагері – сот мәжілістері болса керек еді. Бірақ ақтаушы мен айыптаушыға кезек сөз беріп, пікір жарыстыру арқылы ақиқатқа жету үрдісі кеңес соттарында мүлде болмады ғой. Сотта тірі адам емес, үнсіз, тілсіз баптар үстемдік етті. Оның үстіне, бертінге дейін бізде сот мәжілістері тек орыс тілінде жүргізілді. Бәлкім, жетпіс жыл ішінде «шіркін, бәленшекеңнің қисынды сөзі-ай! Бәленбайды құрдымға кеткен жерінен суырып алды-ау!» дегізетін, қазақтан жөні түзу бірде-бір адвокаттың шықпауы соның салдары шығар.

Біз манадан бері қазақтан шыққан көсемдер мен шешендерді іздеп шарқ ұрып отырмыз. Онымыз — шынын айтсақ, астамшылық. Біз әуелі қазақша қалыпты сөйлей аламыз ба, соған келейікші. Қазір жиналыстарда, не радио мен теледидарда сөйлеп жатқан жұртты тыңдап отырып, «япыр-ау, біздің халықтың қақ жартысы, шынымен-ақ, шәлдірік пен быдыққа айналып кеткені ме» деп қайран қаласың. Шаласы емес, қазақша тәп-тәуір білетіндердің өзі солай. Тегінде, қалыпты дұрыс сөйлей алмайтындарға қазақтың өзі қойған неше түрлі айдары бар: сақау, шолжың, тұтықпа, кекеш, шәлдірік, быдық дегендей. Сенсеңіз, міне, осылар күн өткен сайын көбейіп барады. Егер тілді де бас мүшелердің бірі деп санасақ, бұларды да жарымжан, мүгедек демеске амалың жоқ.

Ал осы «быдықтар» қайдан пайда болды? Көктен түсті ме, жерден шықты ма? Жоқ, олар да — осы жердің перзенті. Ұзаққа созылған «халықтар достығы лабораториясының» бізге қалдырған жемістерінің бірі. Енді қалай? Ана тілі жас ұрпаққа ана сүтімен бірге сіңбесе, жас нәресте тілі шығар кезде қай тілде былдырлауды білмей, екі жақты қысым көрсе, өскеннен кейін де қазақша көсіліп сөйлейтін тілдік орта болмаса, ондай ұрпақтан кілең быдық пен шәлдірік шықпағанда қайтеді? Былайша от басында немесе басқа бір шағын ортада кім қалай сөйлесе де ерікті ғой. Сорымызға қарай, ондай быдықтар соңғы кезде радио мен теледидардан түспейтін болды. Шетінен тілші, шолушы боп, орналасып алған. Әлгі азаматтар жолсыз жермен арба айдағандай салдырлата жөнелгенде, біразға дейін қай тілде сөйлеп тұрғанын біле алмай, аңырып қаласың. Кейде бір быдық тілші мен кекеш кейіпкердің «сұхбаты» жүріп жатады-ау. Қашан аяқталғанша шашың ағарып бітеді.

Бұл күлкі емес, ағайындар, халық басындағы үлкен трагедия. Бір халықтың жас буыны түгел дерлік өзінің сөйлеу мәнерінен жаңылып қалуы — аз қасірет пе? Мұның әзірше жанға батпай, көпшіліктің елемей жүрген себебі, қазақтың байырғы сөйлеу үлгісін қазір екінің бірі біле бермейді. Оны айыру үшін де құлақ керек!

Ал енді осы ауыр халді түзетуге бола ма? Болады, әрине. Тек біраз тер төгуді, бүкіл халық боп жұмылуды қажет етеді. Халқымыз өзінің күмбір қаққан сөйлеу мәнерін қайта табуы үшін жас ұрпақты жай қазақша оқытып қана қою аз, одан басқа да толып жатқан шаралар керек. Бұдан былай тіл тәрбиесі ана сүтімен бірге бесіктен басталуға тиіс. Бүлдіршіндердің тәтті тілі отбасында, сонан соң балабақшада шығатыны белгілі. Ал қазіргі балабақшаны быдықтар мен кекештерді шығаратын «фабрика» десе де болады. Алдымен осыны жөнге салу керек. Сондай-ақ, мектептегі, әсіресе, бастауыш сыныптардағы тәрбиенің негізгі нысанасы да балаларды тек қатесіз, дұрыс жазуға ғана емес, дұрыс сөйлеуге баулу екенін естен шығармаған жөн.

Балабақша тәрбиешілерін ғана емес, бастауыш сынып мұғалімдері мен жалпы ұстаздар қауымын да іріктеуге тура келеді. Шәлдірік

шәкіртті быдық мұғалім оқытқаннан тіліміз ешқашан түзелмейді. Бұдан кейін педагогтік оқу орындарында студент қабылдағанда қазақша сөйлеу мәнерін бір шарт етіп неге қоймасқа? Әр маусым сайын мектептің өз ішінде, кейде мектепаралық көркемсөз жарысын неге өткізіп тұрмасқа? Осының қай-қайсысы да көп шығын, қосымша қаржы талап етпейтін, өте қарапайым шаралар.

Әзірше, қазақтың айшықты сөзін сақтап отырған бір топ орын – театрлар. Жас ұрпақты театрға немесе театрды жас ұрпаққа жақындату керек. Кейбір қойылымдарды түгел болмағанмен, ішіндегі маңызды монологтарын күйтабаққа, не таспаға жазып, неге таратуға болмайды? Қазақтың қыран үнді дикторы, марқұм Әнуарбек Байжанбаев т.б. талантты артистер оқыған көркем сөзді таспаға жазып, көп данамен таратса, ол мектептегі ана тілі мұғалімдеріне де, қазақшаға шорқақ кейбір жас ата-аналарға да үлкен көмек болар еді.

Әдетте, аса бір қимас жақының қатты ауырып өлім аузында жатса, алдымен соның беті бері қарап, жаны қалуын тілейсің ғой. Біз басында ана тілімізге де солай қарадық. Әйтеуір, құрдымға кетпей аман қалса екен дедік. Шүкір, тіліміз бір апаттан аман қалғаны анық. Енді сол тұлпар тілді дертінен айықтыру, құйрық-жалын сүзіп, бабына келтіру міндеті тұр алдымызда.

Дүниеде ана тілінің адамға беретін рахат-ләззатының орнын басқа ешнәрсе толтыра алмайды. Кейде қазақ болып туғаның үшін және әлемдегі ең бай, ең сұлу тілде сөйлегенің үшін өзінді бақытты сезінесің. Қазақ тілі – іргесі осыдан мыңдаған жыл бұрын қаланған, жас мөлшері Мысыр пирамидасымен тұрғылас, бір ғажайып сәнді сарай секілді. Әттең, дүние! Біз оның әбден сыры көшіп, сыны кеткен, жел қағып, жауын шайып, мұқалған кезін көріп отырмыз ғой... Сол сарайдың төрт тағанын тік көтеру, күн сүйген күмбезін құлатпай, тозған, тоналған сән-салтанатын қалпына келтіру – бәріміздің қасиетті борышымыз.



Хангелді ӘБЖАНОВ
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы
тарих және этнология
институтының директоры,
ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі,
тарих ғылымдарының докторы,
профессор

Ұлт тірегі – тіл

Тілдің пайда болуы адамзат өркениетіндегі ілгерілеудің маңдайалдысы болып табылады. Тіл сөйлеудің ғана құралы емес, ол әркімнің және барша қауымның кемелденуіне, озық тәжірибе мен жетістіктерді ұрпақтан ұрпаққа жалғастыруға, сөйтіп адамға ғана тән жасампаздық әлеуетті үстемелей түсуге жол ашатын ұлы байлық әрі әмбебап құдірет. Халықтың мәнді белгісі ретінде тілді ауызға алатынымыз осыдан.

Тіл қоғамдағы немесе нақты мемлекеттегі саяси-идеологиялық, экономикалық, демографиялық тағы басқа ахуалмен тығыз байланыста өседі немесе өшеді. Жалпы, адам баласының ұзына тарихына көз жіберетін болсақ, әлеуметтік дамудың екі-ақ моделі бар екенін байқаймыз. Бірі – әр халықтың табиғи-ырғақты заңдылықтар аясы мен ортасында өмір кешіп, өзінің мемлекеттігін, шаруашылық-мәдени типін, идеологиясын, болмыс-бітімін диалектикалық байланыс және қатынастар желісінде айқындауы, екіншісі – өзінен күштінің қармағына ілініп, тәуелді, отар халық ретінде бөтеннің айтқанына көніп, айдағанына жүруге мәжбүрленуі. Қазақ халқы осы баламаның екеуін де басынан өткерді.

Табиғи-ырғақты даму халқымыздың тарихында ұзаққа созыла қойған жоқ. Ол XV ғасыр ортасында Қазақ хандығы шаңырақ көтергеннен XVIII ғасыр ортасына қарай Ресей бодандығын

қабылдағанға дейін созылды. Әрине, Қазақ хандығы құрылғанға дейінгі дәуірді есептен шығарып тастайық деп отырған жоқпыз. Әрісі сақ, үйсін, қаңлылардан, берісі байырғы түркілерден тартып қазақ этногенезіне, тілі мен мәдениетіне іргетас қаланғаны бүгінде күмәнсіз ақиқат. Соңғы үш-төрт мыңжылдықтардағы Қазақстан аумағында генетикалық сабақтастық бұзылмағанын антрополог О. Ысмағұловтың зерттеулері айғақтап отыр. Сақтардың шаруашылығы, әдет-ғұрпы, өмір салты жайлы көне тарихи деректерді оқығанда салтатты көшпелі өткеніміз, киіз үйіміз бен қымызымыз еске түсетіні құпия емес. Ал Орхон мұраларындағы тілдік, дүниетанымдық, сенім-нанымдық тамырларымыз еңбектеген баладан еңкейген қартқа да ыстық көрінетіні басы ашық құндылық.

Дегенмен тарих сахнасына «қазақ», «Қазақ хандығы» атауымен көтерілгенге дейінгі кезеңнің жөні бір басқа да, XV-XVIII ғасырлар аясындағы кезеңнің жөні бір басқа. Дербес мемлекеттігін құрған халқымыз өткеннің рухани-тілдік мұрасын кемеңгірлікпен кәдеге жарата отырып, өзіне ғана тән тілін, мәдениетін, салт-дәстүрін қалыптастыра алды. Бірнеше мыңжылдықтың қазынасына сүйенген үш ғасыр табиғи-ырғақты даму арқасында тілдік қоры мейлінше бай қазақ халқына әлемдік өркениеттің бел ортасынан орын тебуге қол жеткізді. Бұған айғақ-дәлел жеткілікті. Қазақ хандығы тұсында дүниеге келген өлең-жырларды, толғауларды, шешендік сөздерді былай қойғанда, XIX ғасырда отар өлкеге келген басқа жұрт өкілдері тіліміздің әсемдігін, байлығын, әсерлілігін қалтқысыз мойындап, қағазға жазып кетті. Левшин, Янушкевич сынды прогрессивті көңіл-күйдегі тұлғалардың қазақ тілі жайлы айтқандары көпшілікке жақсы мәлім. Ал патша заманында өлкеде лауазымды қызмет атқарып, қазақтарға теріс көзқарасын жасыра алмаған С. Броневскийдің өзі біздің тіл байлығымыз бен шешендік өнерімізді мойындауы біраз жайды аңғартса керек.

Ресейлік отарлаумен қазақ тілін ығыстырудың, оның атқаратын функцияларын шектеудің бірінші кезеңі басталды. Ол бірнеше бағытпен жүзеге асырылды. Ең алдымен өлкені басқаруға құрылған әкімшілік мекемелерде қазақ тілі қолданыс таппады. Іс қағаздары орыс тілінде жүргізілді. Қоғамдық-саяси терминдер мен ұғымдардың Абай өлеңдерінде, қара сөздерінде, тіпті XX ғасыр басындағы Алаш зиялыларының еңбектерінде орысша мол кездесетіні осыдан. «Военный қызмет іздеме, оқалы киім киюге», «... Губернатордың назначениясымен болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді», «Оған дознание-тергеу шығарады», «Балам закон білді деп, қуанар ата-анасы», «Кәтелешке көбейді, сөгіс естіп тозды ажар», «Бұзықтық шығарған адамдар өз болысының приговорымен немесе осы положения бойынша билердің билігімен ақшаға яки тиісті абақтыға жазаланады», деген жолдар Абай заманындағы кеңселік қазақ тілінің мүшкіл халін суреттеп отырған жоқ па?

Өлкенің байлығын солқылдата соруға ашылған өнеркәсіп орындарында, фабрик-зауыттарда, теміржолда, шахта-рудниктерде қазақ тілі түгілі, қазақ баласына менсініп қараған жан болмады. Ұлттық кемсіту экономикалық қанаудың сорақы түрлерін қолданумен толыға түсті.

Осылайша, қазақ тілі саяси-экономикалық өмірден ығыстырылған соң, қазақ тілінде оқытатын оқу орындарының жағдайы ауырлаған үстіне ауырлай берді. Ол туралы А. Байтұрсынов 1913 жылы былай жазған еді: «Қазақша оқу бір белгілі тәртіпке келіп жеткен жоқ, кемшілігі есепсіз көп. Қазақша оқу кітаптары жаңа ғана көрініп келеді, тәртіппен оқытарлық мұғалімдері аз, оқу програмы жоқ, белгілі оқу жылы жоқ, салған мектептер жоқ, мұғалімдерге арналған айлық ақы жоқ, қазақша оқуды аймаққа бірдей жеткілікті етерлік жасалған өрнек жоқ, оқыту ғылымын үйрететін даримұғаллимін (педучилище - Х.Ә.) жоқ». Мектептер мен медреседе оқығандарға мемлекеттік сұраныс та жоққа тән деңгейде қалды. Аралас немесе таза орыс тілді оқу орнын бітіргендер ғана ресми қызметке тартыла алды.

Тілдің иесі — халық. Тұтас халықты өз тілінен айыру тарихта болған. Қазақстанды толық отарлауға Ресей империясы үшін 130 жыл қажет болды, үздіксіз қарсылыққа кездесті, яғни патшалық билік қазақ тілін аяусыз дискриминацияға ұшыратқанмен оның тамырына балта шабуға қолы босамады. Саны әлденеше миллион этностың тілін жою мүмкін де емес шығар. Тіпті казактардың қоныстануы, жерді алу, қалалардың бой көтеруі, қара шекпенділерді Еуразияның сайын даласына мың-мыңдап тоғыту дәстүрлі қоғамның іргесін шайқалтып, мешел қалуына әкелгенмен урбанизациядан алшақ тұрған әрі рулық-тайпалық, қауымдық қарым-қатынастардан қол үзбеген қазақ халқының тілдік тұтастығын бұза алмады.

Алайда қазақ тілінің тағдырына төнген қауіп-қатерді тереңінен ұғынғандар Алаш зиялылары еді. Олар мемлекеттік билік қолға тимеген заманда-ақ тығырықтан шығудың нақты жолдарын көрсете алды. Бұл тезистің ақиқатына илану үшін «Алаш» партиясы бағдарламасының жобасына көз жүгіртсек жетіп жатыр. Ресейдің демократиялық, федеративті республика болуын қалаған алаштықтар оған кірген әр мемлекеттің іргесі бөлек, ынтымағы бір, әрқайсысы өз тізгінін алып жүреді деген позицияда тұрды. Жергілікті бостандық мәнін де өз тізгінінің өзінде болуынан көрді. «Реті келсе, - деп көрсетілген бағдарлама жобасында, - қазақ автономиясы сыбайлас жұрттармен әзірге бірлесе болу, реті келмесе, бірден-ақ өз алдына жеке болу». Өз тізгінін өзі алып жүру ұлт тілінің қажетін толық атқару екенін бағдарлама жобасының «Билік һәм сот», «Ғылым-білім үйрету» бөлімдері дәйектейді. Мәселен, қазақ көп жерде сот тілі қазақ тілі болатыны қарастырылған. Ал зор жазалы қылмыстар присяжный сотпен қаралып, присяжныйлар қазақтан алынатын болды. Осынау талаптар өмірге енгенде демократиялы, құқықты мемлекет құруға септігін тигізері сөзсіз еді.

Алаш зиялыларының білім саласындағы мақсаттары отарлаудың зорлық-зомбылығын аз көрмеген қазақ тілінің беделін көтеріп қана қоймай, қоғамдағы жетекші мәдени-рухани ролін асқақтатуды көздеді. Бастауыш мектептерде алғашқы үш класты ана тілінде оқу күн тәртібінде қойылды. Егер бастауыш мектепті тәмәмдаған баланың жасы 10-11-ге толатынын ескерсек, бұл ұрпақ ана тілін ешқашан ұмытпайтынын ұғыну қиын емес. Кезінде мұны А. Байтұрсынов кешенді дәлелдеп шыққан болатын. 1914 жылы «Қазақ» газетінің бетінде жарияланған «Бастауыш мектеп» атты мақаласында ол былайша ой толғады: «Бастауыш мектепте кілең қазақ тілінде үйретілетін нәрселер: оқу, жазу, дін, ұлт тілі, ұлт тарихы, есеп, жағрапия, шаруа-кәсіп, жаратылыс жайы. Бастауыш мектептің кілең орысша оқитын екі жылында үйретілетін білім гимназияның яки реальный мектептердің төменгі кластарына кірерлік болу тиіс. Бастауыш мектептер осындай болса, бұлардан әрі мұсылманша я орысша оқыту үшін қазақ балаларының бастауыш мектепте үйренген білімі негіз болуға жарайды».

Орта және кәсіби білім ісінде де қазақ тіліне басымдық беру жоба авторларының ойына да кіріп шықпады: «қазақ өз тілінде орта мектеп, университет ашу, оқу жолы өз алды автономия түрінде болу». Өкінішке орай, Алаш бағдарламасы қилы-қилы себептермен қағаз жүзінде қалды. Тәуелсіздіктің арқасында ғана сол ұлы идеяларды бүгінгі талап қажетіне сай қайта көтеруге мүмкіндік туды.

Иә, отарлау саясатының қазақ тіліне әкелген кесапаты аз емес. Бірақ ұлт тіліне нағыз тозақ кеңестік тоталитарлық жүйемен келді. 1921, 1931-1933 жылғы аштықтардан, 1928 жылғы кәмпескелеу және 1929 жылы басталған күштеп ұжымдастырудан, 1937-1938 жылдарғы қуғын-сүргіннен, 1938-1945 жылдарғы қанды қырғын соғыстардан ең аз дегенде 3 млн. қазақ баласының өмірі қиылды, ұлт зиялыларының қаймағы жойылды, қазақтардың өмір салты, дүниетанымы, әлеуметтік құрылымы түбегейлі өзгеріске ұшырады. Тап осындай демографиялық апат халқымыздың басынан «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» жылдары да өтпеген шығар. 1897 жылғы санақ бойынша өлкедегі 3, 4 млн. қазақ өсудің орнына кеміп, 1939 жылы 2, 3 млн-ға зорға жетті, жарты ғасырға жетер-жетпес уақыт ішінде республика аумағындағы үлесі 82 пайыздан 38 пайызға құлдырады. Шынтұайтында Қазақстан социалистік эксперименттер аймағына айналды. Халық шаруашылығын индустриалаудың алыптары осында салынды, атом қаруын сынау осында жүзеге асырылды, тың игеру негізінен қазақ жерінің есебінен шешілді, экологиялық апаттың кермек дәмін алғаш татқандар да қазақстандықтар. Қазақстан қоғамын социалистік принциптер ұстанымына сай қайта құрған большевиктер жергілікті ұлт мүддесімен ешбір санасқан емес. Ұлт мәселесінің білгірі саналған Сталин 20-жылдардың аяғына қарай шексіз билікті қолына алған соң аз халықтардың тілін де, өзін де жойып жіберетін қатыгездіктерге шімірікпестен бара берді. Қиыр Шығыстағы кәрістердің, Волга

бойындағы немістердің, Солтүстік Кавказ халықтарының, азды-көпті түрік-месхеттердің, поляктардың, гректердің зорлықпен Қазақстанға депортациялануы сталиндік жүгенсіздіктің нәтижесі. Бұған кейінде хрущевтік тың игеру науқаны тұсындағы көші-қон үрдісі қосылды. Демограф М. Тәтімовтың есептеуі бойынша, кеңестік жылдары Қазақстанға әкелінген немесе стихиялы миграциямен келгендер 7 млн. адамнан кем емес екен. Осылайша қазақтар Қазақстандағы үлес салмағы басым халықтан орыстардан кейінгі орынға ығыстырылды.

Сталин тұсындағы социалистік модернизациялау қазақ даласын экономикалық, демографиялық, әлеуметтік, саяси, мәдени жаңа келбетке әкелумен қатар осылардың әрқайсында орыс тілінің үстемдігін орнатуға жеткізді. Бұл объективті мазмұндағы орыстандыру саясаты еді. Оның мәні орыстан басқа халықтардың, яғни қазақтардың да, орыс тілі мен мәдениетін игере отырып, өзінің ұлттық құндылықтарын сақтай, қастерлей алатын менталитетте қалуына саяды. Объективті орыстандыру алысты көздеген жымысқы саясат пен идеологияның басы ғана еді. Хрущевтік «жылымыққа» қарамастан тың игеру тұсындағы демографиялық қысым салмағына шыдамаған қазақ қоғамы субъективті мазмұндағы орыстану үрдісіне ұшырады. Басқаша айтқанда, төлқұжаттарында қазақ екендігі көрсетілген, бірақ өзін мінез-құлқы, мәдени-этикалық ұстанымы, сөйлейтін тілі жағынан орыстан ажырата алмайтын ұрпақ қалыптасты. Қазақ тілін қажетсінбейтін, ыстығына күйіп, суғына тоңбайтын, ана тілінде оқу-жазудан мақұрым қазақ қауымының қатары өсе түсті. Патшалықтың екі ғасырға жуық көкसेген күні туды. А.Байтұрсыновтың XX ғасыр басында көрегендікпен айтқан: «Россия қол астында түрлі тілді, түрлі дінді, түрлі жазу-сызуды тұтынып отырған жұрттар бар. Солардың бәрі тілін, дінін, жазу-сызуын орысқа аударса, хүкіметке онан артық ұнамды іс болмас» деген қауіп ақиқатқа айнала бастады.

Түптеп келгенде, Кеңес үкіметінің Қазақстанда жүргізген тіл саясаты көп жағдайда бұрынғы патша үкіметі ұстанған ұлт саясатының заңды жалғасы іспетті әрі оның қағидаларына сәйкес келді. Халық ағарту комиссариатының аз ұлттар мектептері туралы 1918 жылғы қазанның 31-індегі қаулысы, РКП(б)-ның VIII съезінің ана тілінде оқыту арқылы біртұтас еңбек мектебін құру туралы оңды бастамалары, РКП(б) X съезінің (1921 жыл) елдің барлық халықтары үшін ана тілін сот, әкімшілік, шаруашылық, мәдениет және т.б. салаларға енгізу міндетін артқан ұлттық саясат туралы резолюциясы өз мағынасында толық жүзеге аспай, қағаз жүзінде қалды. Ұлттар істері жөніндегі халық комиссары болған И.В. Сталин: Бір ғана ұлттық тепе-теңдікпен шектелмей, ұлттық тепе-теңдіктен ұлтардың нақты теңелу шараларына көшу керек деген тұжырымынан Бас хатшы лауазымына жеткенде айнып шыға келді де, кеңес мемлекетіндегі бір-ақ тілдің – орыс тілінің әлеуметтік, саяси және шаруашылық салаларында кеңінен қанат жаюына жол ашты.

Қазақстанда қазақ тілі еркін де дербес дамуы құқығынан айрылды. Республика халқы — мейлі қазақ, украин, өзбек, ұйғыр және т.б. — әлем мәдениетінің барлық биіктерін орыс тілі арқылы меңгеруге тиіс болды. Тарихшы ғалым Н. Жанақова дөп басып айтқандай, ВКП(б) Орталық Комитетінің 1938 жылғы 24 қаңтардағы «Ұлт мектептерін қайта құру туралы» қаулысын бұлжытпай орындау барысында бір жыл ішінде ғана республикамыздағы тәжік, түрік, ұйғыр, өзбек, дүнген, татар, болгар, чуваш, неміс, құмық, армян, еврей, күрд тілдерінде оқытып келген мектептер жабылып, бұлар орыс, ішінара орыс-қазақ мектептері болып қайта ашылды. Ал озық әлем мәдениеті ретінде бірінші кезекте европалық, соның ішінде орыс мәдениеті түсіндірілді. Ұлттық төл мәдениет, салт-дәстүрлер, шығыстық желілер мен сарындар кейде ашық, кейде бүркемеленген түрде кедергі ретінде қарастырылды. Ұлттық намыс пен санаға ойтанымыз болған Ахмет, Әлихан, Міржақып сияқты біртуар тұлғалар тарих бетінен сызылып, кеңес үкіметінің, пролетарлық идеологияның жаулары ретінде насихатталды, олар туралы жазуға, айтуға тиым салынды.

Ұлы Отан соғысынан кейінгі кезеңде республикамыздағы демографиялық ахуал орыс халқы өкілдерінің пайдасына шешіліп, қазақ тілінің құлдырауы белең алды. Қазақ тілін орыс тілі деңгейіне көтеру міндеті қойылғанымен, ол «тілдік құрылыс» деген атпен жүргізілген болды. Осы саясат барысында орта және жоғары мектептер жүйесі түзілді, ұлттық интеллигенция қалыптасып, мәдени салада айтулы жетістіктер байқалды, қазақ тіліне саяси әдебиеттер, европалық жазушылар мен ақындар шығармалары аударылды. Мұның бәрі КСРО халықтарын орыс ұлтының айналасына шоғырландыру, орыстандыру мақсатында жүргізілгендіктен астарында басқа ұлттарды бұрынғы дәстүрлерінен айыру, бетке ұстар қайраткерлерін қуғын-сүргінге ұшырату сияқты келеңсіздіктер жатты.

Әкімшіл-әміршіл жүйе жетпіс жыл бойы ұлттық санамызды жаншып, ғылыми-шығармашылық бостандықтың тоңы жібімегендіктен қоғамтанушы ғалымдар қазақ тілінің ішкі құрылысын зерттеумен шектелді де, оның қоғамдық мәні, өмірде алар орны, жалпы Қазақстандағы тіл саясатының нақты жағдайы туралы үндемей келді. Бұл мәселеге ешкім батыл бара алмады. Қалам тарта қалғанның өзінде перденің бетін сипалап қана өтті, сөйтіп тарихи шындық ашылмады. Социалистік құрылыс дәуірінде тіл саясатында жіберілген кемшіліктердің, оның зардаптарының басты қайнар бұлағы — коммунистік режим, оның ұлт саясатында ұстанған үстем идеологиясы, әкімшілік басқару жүйесі десек, сол жылдардағы үгіт-насихат жұмысы да осы жүйенің талабына қызмет етті. Қазір айтылған жағдаяттардың бәрі белгілі болғанымен өз уақытында шындықты ашуға батылымыз жетпей, өзіміз қол астында тіршілік еткен жүйені қолпаштаумен келдік.

Ресми құжаттарда сөзсіз мақұлдағанмен қазақ тілі нақты өмірде қорғансыз қала берді, оны насихатау мен орнықтыру ісі «ұлтшылдық»,

«сатқындық», «халықтар достығына қастандық» деген желеулермен айыпталды. «Кеңес халықтарының ұлы көсемі» Сталиннің ұлттарды ұлттық тегі мен рухани қазыналарынан айырып, оларды «біртұтас кеңес халқына» айналдыру саясаты кесірінен Кеңес Одағында 98 тіл біржолата жер бетінен құрып, қазақ тілі сияқты ұлт тілдері жойылудың аз-ақ алдында қалды.

Сталиннің Кеңес Одағын мекендеген ұлттар мен олардың тілдері туралы әр жылдары айтқан «аса бағалы ғылыми тұжырымдамасы» мен оны жүзеге асырудағы шұғыл шаралар тіл саясатына орасан нұсқан келтірді. «Ұлттарды жақындастыру мен біріктіру» тұжырымдамасы Сталиннің «ұлт тілдері бара-бара біртұтас аймақтық тілге айналады» деген пікірсымағына негізделіп, практикалық іс-шаралар осы мақсатқа орай ұйымдастырылды. Ұлттық құрылымдар табиғи тегі мен түп-тамырынан аластатылып, сол «біртұтас кеңес халқы» деген жасанды топқа шоғырландырылды.

Қазақ тіліне қарсы үлкен саяси науқан Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің 1947 жылғы қаңтар айының 27-індегі «Қазақ КСР Ғылым академиясының тіл және әдебиет институтының жұмысындағы саяси өрескел қателер туралы» қаулысынан бастау алды. Бұл партиялық құжат қазақ тіліне қарсы жаңа бір «идеологиялық шабуылдың» өзегіне айналып, қазақ зиялы қауымы екінші буынының құғын-сүргінге ұшырауына себеп болды. Қаулыда тілге байланысты атап көрсетілгендей: «шын мәнінде Ұлы Октябрь революциясынан кейін туған және Қазақ ССР өнеркәсібінің, ауылшаруашылығының, мәдениетінің өсуімен бірге үнемі байытылып келген қазіргі қазақ әдебиет тілінің мәселелерін талдау жөнінде де саяси елеулі қателер аз емес. Кейбір тіл мамандары әлі де болса, іс жүзінде жалпы интернационалдық терминдерді, оның ішінде орыс терминдерін қазіргі қазақ тіліне енгізуге қарсы бағытталған теріс көзқараста болып келді. Мұның салдарынан бірсыпыра әлеуметтік-экономикалық терминдер қазақ тіліне жалпы жұрт таныған мағынасынан өрескел бұрмаланып аударылған (Сауранбаевтың, Кеңесбаевтың, Балақаевтың жалпы редакциясымен шыққан «Орысша-қазақша сөздік») деп белгілі тіл зерттеуші қазақ ғалымдарына «түркішілдік бағытты ұстағаны үшін» айып тағылды.

Осы қаулыны көпшілікке түсіндіру мақсатында Алматыда ғылым, әдебиет және өнер қызметкерлерінің қалалық жиналысы өткізілді, онда ВКП(б) Орталық Комитетінің идеология жұмысы жөніндегі қаулыларын, Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің жоғарыда аталған қаулысын жүзеге асыру міндеттері туралы Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Ж. Шаяхметов баяндама жасады. Тіл және әдебиет институтының еңбектерін «большевиктік рухқа сай келмейтін ғылымға жат дүниелер» ретінде сынға алды. Жиналыста жарыссөзде сөйлеген Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті жанындағы Маркс-Энгельс-Ленин институтының филиалы директорының

орынбасары Қ. Шәріпов қазақ тілін зерттеушілерге жөн-жосықсыз шүйлікті: «Қазіргі қазақ тілі – әдеби, ғылыми, публицистикалық және мемлекеттік тілі тек Ұлы Октябрь революциясынан кейін құрылды. Институттың тіл зерттеушілері пантюркизмнің батпағына батып, қазіргі қазақ тілін жете зерттемеді, сондықтан институт қазіргі қазақ тілін зерттеу жолында бірде-бір елеулі шығарма бере алмады».

Қаулыда сыналған қазақ тілін зерттеу ісіндегі «елеулі кемшіліктер» қысқа мерзім ішінде «дұрыс жолға» қойылды. Тіл және әдебиет институтының ғылыми-зерттеу жұмысынан қазақ тіліне байланысты «зиянды» тақырыптар алынып тасталып баспаға ұсынылып қойылған барлық ғылыми еңбектер түгел дерлік «қайта сұрыптаудан» өтті. 1947 жылғы ақпан мен қазан аралығындағы сегіз ай ішінде Институттан 23 адам, оның ішінде 9 адам «саяси жағынан жағымсыз қылықтары үшін» жұмыстан шығарылды, қаулыда аттары аталған жетекші ғалымдар бөлім басқарудан босатылды.

Соғыстан кейінгі жылдары республикамызда орыс тілін өмірдің барлық саласына жан-жақты енгізуге партия, үкімет тарапынан айрықша көңіл бөлініп, есесіне қазақ тілін оқыту мектептерде мүшкілдене түскендігін айта кету қажет. 1948 жылы Қазақстан КП(б) Орталық Комитеті қазақ мектептерінде орыс тілін оқыту туралы арнайы қаулы қабылдады. Осы қаулыға орай Оқу министрлігі оқу жылының екінші жартысынан қазақ мектептерінің бірінші класында орыс тілін оқытуды енгізуді қолға алды, қазақтың орта дәрежелі бес мектебінің 8-10 кластарында математика, физика және химия пәндерін орыс тілінде тәжірибе ретінде оқытуға тапсырма берілді.

Қазақстан КП(б) Орталық Комитетінің V съезге (1951 ж.) есепті баяндамасында орыс тілін оқыту дәрежесінің төмен болып отырғандығы айтылып, «орыс тілін білмейінше сауатты, озат, барлық жағынан мәдениетті адам болуға болмайтындығын ұмытпау керек» деп атап көрсетілді. Партиялық қағиданы басшылыққа алған ғалымдар тіпті кәсіби этикадан ауытқып жатты. Мәселен, белгілі тілші-ғалым Н.Сауранбаев «И.В.Сталиннің тіл білімі бойынша еңбектері – Қазақстан тілшілерінің жұмыс бағдарламасы» атты көлемді мақаласында қазақ тілін зерттеу ісінде көптеген олқылықтарға жол берілгендігін тілге тиек етіп, ана тілі үшін бар өмірін сарп еткен ұлтжанды, халқының адал перзенті, көрнекті тілші-ғалым С. Аманжоловтың біртұтас қазақ тілі туралы ой-тұжырымдарын «ұлтшылдық» тұрғысында аяусыз сынға алды, орыс тілі қазақ тілі үшін үлкен аға тіл ретінде ұсынылып, орта ғасырлардағы моңғол, араб және парсы тілдерінен қазақ тіліне енген сөздер күштеп енгізілгендігі туралы пікір өрбітті. Орыс тіліне бас ұру, еліктеу қағидалары сол кездегі «заман талабымен» жазылған басқа мақалаларда да жиі ұшырасады.

Әміршіл-әкімшіл жүйенің идеологиясына күдік түсіретін немесе қайшы келетін шығармалар кітапхана қорларынан, дүкен сөрелерінен алынып, жойылып отырды. Айталық, 50-ші жылдар барысында

Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің арнайы шешімімен М. Әуезовтің, С. Мұқановтың, Ә. Тәжібаевтің, А. Жұбановтың, тағы басқа жазушылардың, ғалымдардың шығармалары көз көрмейтін қоймаларға жіберілді. 70-ші жылдары, одан кейінде де бұл тәжірибе ұмыт қалмай, одан әрі толыға түсті. Қазақ зиялыларының ана тілінде жазған кітаптары ғана емес, орысша жариялаған еңбектері де партиялық қатал сынға алынып, тиісті «жазасын» алып отырды. Осы орайда О. Сүлейменовтің, О. Ысмағұловтың, Ф. Сапарғалиев пен М. Дүйсеновтің тарихи, антропологиялық, социологиялық тақырыптарға жазған еңбектерінің тағдырын еске алсақ та жеткілікті. 1946- 1959 жылдар аралығында ғана қазақша кітаптардың таралым саны 17 %-ға қысқарып кетіпті.

Республикалық мерзімді баспасөз беттері мен архив құжаттары қазақ мектептерінде орыс тілінің оқытылуы туралы материалдарға толы болып, қазақ тілінің жайы тасада қала берді, аракідік қазақ тілі оқулықтарының сапасы ғана тілге тиек етілді. Осылайша қазақ тілі отбасы, ошаққасы тіліне айнала бастағандықтан көптеген ата-аналар балаларын орысша оқытуға мәжбүр болды. Кеңселерде іс қағаздары орыс тілінде жүргізілді. Жоғары және арнаулы орта оқу орындарында сабақ негізінен орыс тілінде оқытылды.

Қалыптасқан жағдайды жартыкеш шешімдер өзгерте алмады. Мәселен, 1948 жылы Қазақстан Компартиясы Орталық Комитеті іс қағаздарын ішінара қазақша жүргізу туралы шешім қабылдап, ауыл шаруашылығы, медициналық, педагогикалық, дене тәрбиесі арнайы орта оқу орындарында оқитын басқа ұлт өкілдеріне қазақ тілін үйрету үшін оқу жоспарына 300 сағаттан уақыт бөлуді тапсырды. Бірақ осы шараны жүзеге асыру үшін Мәскеудегі тиісті министрліктің рұқсаты алынатын болсын, делінді шешімде. Ал орталық мелшиген күйінде қала берді. Бұл аздайын 50-ші жылдардың аяғына дейін институттар мен университетке қабылдау емтихандары негізінен орыс тілінде жүрді. Қазақ мектебін бітіргендер үшін бұдан артық қиыншылық болған жоқ. 1954 жылы Алматыдағы мал дәрігерлік, ауыл шаруашылық, медициналық институттарға Гурьев облысындағы қазақ мектептерін бітірген 174 талапкер құжат тапсырған екен, орысша білмегендіктен олардың 12-сі ғана сынақтан өте алыпты, қалғандары «құлаған» екен.

Сталиндік объективті орыстандырудың мән-мағынасын ашқан талдаулар бүгінгі Қазақстанда аз емес. Әйткенмен сөзді кешегі аға ұлт өкіліне берген жөн тәрізді. Бұл орайда орыстың көрнекті жазушысы Сергей Баруздиннің тіл арқылы орыстандыру саясаты туралы «... бұл шаралар ұлттар мен халықтардың қосылу процесін тездеткен Сталиннің заманынан басталды. Ол мұны тіледі ме, тілемеді ме, әйтеуір бұл жағдай белгілі бір деңгейде орыстандыруға әкеп соқты» деп шындықты айтқаны ерлікке пара-пар.

Сталиннен басталған тіл жөніндегі «көрегендікті» ҚСРО-ның социалистік құрылыс жылдарындағы тағы бір басшысы Н.С. Хрущев

одан әрі «шебер» дамытып, Белорус мемлекеттік университетінде сөйлеген сөзінде: «Орыс тілін неғұрлым жақсы білетін болсақ, соғұрлым коммунизмді тезірек орнатамыз» деп ашық үндеу тастады. Елбасының «ұлы сөзін» іске асыруға құлшына кіріскендер аз болған жоқ, «ізгі мақсатқа» жету жолында ана тілін құрбандыққа шалуға тура келді. Сол «жылымық» жылдары Хрущевтің әмірімен кең байтақ қазақ даласы жабайы өлке ретінде танылып, тың жерлерді игеру жұмысы қызу қарқын алды. Мұндай «бүкілхалықтық» істің салмағы жергілікті халыққа соққы болып тиді: барлық салада орыс тілі үстемдік етіп, қазақ тілінің қолданылу аясы тым тарылып кетті: 1950-1970 жылдары аясында 1314 қазақ мектебінің жабылуы осы тың игерудің зардабы. Тың өлкесіндегі бес облыста қазақ тіліндегі барлық облыстық, аудандық газеттер жабылып, олардың орнына бір ғана «Тың өлкесі» газеті пайда болды. Орыстілділер қазақ газеттерін менсінбейтін мінез шығарды. Бір мысал келтіре кетейік. 1954 жылы республиканың бас газеті «Социалистік Қазақстан» Солтүстік Қазақстан облысына қарасты Соколов ауданындағы қысқа әзірлік жайы туралы сыни мақала жариялаған екен. Аупартком хатшысы М. Ташев деген біреу сынға оң жауап бермек түгілі аупартком аппаратында қазақша білетін кадр жоқ деген резолюциямен мақаланы редакцияға қайтарып жіберіпті.

Қазақ тілін шектеу, іс жүзінде табанға салу саясаты жергілікті халықты рухани күйзеліске ұшыратты. Тілдік орта әлсірегендіктен ұлттың рухани тамыры солып, ұлттық салт-дәстүр, тұрмыс жоғала бастады. Ол әкімшілік-аумақтық реформалармен де бекемделді. Тың игеру кезінде бұрынғы ұсақ колхоздар ірілендіріліп, совхозға айналды, «болашағы жоқ» деген сылтаумен қазақ ауылдарының іргесі қирап, жергілікті тұрғындар жаңа совхоздарға көшірілді, сөйтіп орыс тілді ортаға кіріптар болуға тура келді. Қазақтар қалың қоныстанған колхоздардың бұрынғы орталығы бригадаға немесе бөлімшеге айналды. Жергілікті халық балаларын ана тілінде оқыта алмай, амалсыздан орыс кластарына берді.

Республикада сол жылдары жүргізілген тіл саясатының зардабынан қазақ тіліндегі бірнеше басылымдар мүлдем жабылып қалды, олардың бірсыпырасы тәуелсіздік алған соң әрең дегенде қалпына келтірілді. Екі тілде өз алдына бөлек шығып келген облыстық газеттердің редакциялары біріктірілді. Қазақ журналистикасының байырғы өкілі, белгілі қаламгер Кәкен Сейілханов қынжыла жазғандай: «Сонау он тоғызыншы жылдардан бері дәстүрлі тарихы бар, тіпті Ұлы Отан соғысының қиын-қыстау жылдарының өзінде дербес шығып келген Семей облыстық «Екпінді» газеті (қазіргі «Семей таңы») 50-ші жылдардың аяғынан бастап орыс тілінде шығатын «Иртыш» газетінің аудармасына айналды». Мұның өзі қазақ оқырмандарының көпшілік бөлігінің «Иртыш» газетіне ойысып кетуіне себеп болды. Семей облысында жергілікті халықтың үлесі басым болғанына қарамастан

«Иртыш» газеті 1990 ж. - 83650 дана, ал «Семей таңы» - 27360 дана болып қана тараған екен.

Қазақ КСР Оқу министрілігінің мұғалімдерге арналған «Қазақ тілі мен әдебиеті» ғылыми-әдістемелік журналы 1958 жылдың наурызынан 1959 жылдың қарашасына дейін айына бір рет шығып тұрды. Ана тілі мен әдебиетті оқытып үйретудің методикасына жете көңіл бөліп, оның теориялық, практикалық мәселерін жан-жақты талқылап отырды. Тың игерудің кері әсері осындай журналдың да жабылуына әкеліп соқтырды. Ұзақ үзілістен кейін, 1990 жылдан журнал қайтадан шығарылуда.

Американ социологтары Стефэн мен Этель Данның пікірінше бұрынғы кеңес Одағындағы ұлт тілдерін аздырып-тоздырудың және орыстандырудың аса ықпалды құралы тап осы мектептер болып табылады. Аралас орыс-қазақ мектептерін ашуға құмарлық сонау патша өкіметі заманында қолданылып келе жатқан тәсілдердің бірі.

Мәскеудің тіл саясаты горбачевтік қайта құру тұсында да айтарлықтай өзгере қойған жоқ. Демократия, жариялылық деген сөздер көп айтылғанмен олардың әкелген жақсылығын көрген қазақ болмады. 1989 жылы Қазақстан Компартиясының Орталық Комитеті мен Қазақ КСР Министрлер кеңесі «Республикада қазақ тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» және «Республикада орыс тілін оқып-үйренуді жақсарту туралы» қос қаулы, ал сол 1989 жылы Қазақ КСР Министрлер кеңесі осы қаулыларды орындау жөніндегі қосымша шаралар туралы қаулы қабылдады. Осылайша аралас мектептердің екінші бір баламасы «қостілділік» проблемасы туындады. Әрине, бұл қаулылар қазақ тілін ұшпаққа шығармаса да, көңілге медет еді: қазақ тілін үйренушілерге арналған үйірмелер ашылып, мерзімді баспасөз беттерінде екі тілде сабақтар ұйымдастырылды, орысша-қазақша сөздіктер шығарыла бастады. Сонымен бірге жаппай ашыла бастаған орыс-қазақ аралас мектебінің бұлжытпас заңдылығы «қостілділік» болып, олардағы оқу-тәрбие жұмысы орыс тілінде жүргізілгендіктен орыс тілі үстемдік құра берді. Қазақ тілінің қолданылу аясы тарылды, саны азая түсті. Қазақстанда 1980/81 оқу жылында барлық оқушылардың 64%, ал 1988/89 оқу жылында 67% сабақтарды орыс тілінде оқыпты. Сондай-ақ сабақтар қазақ тілінде оқытылған мектеп оқушылары 1980/81 оқу жылында 33% болса, 1988/89 оқу жылында 30% болыпты. Яғни ана тілінде оқитын шәкірттер саны бірте-бірте азайған.

1986 жылы желтоқсан оқиғаларына байланысты КОКП Орталық Комитетінің 1987 жылғы шілде айында қабылдаған «Қазақ республикалық партия ұйымының еңбекшілерге интернационалдық және патриоттық тәрбие беру жөніндегі жұмысы» қаулысында «қазақ ұлтшылдығы» жайлы орынсыз айыпқа жол беріліп, мұның зияны қазақ тілі мен қазақ мектебінің жай-күйінің төмендеуіне әкеп соқты. 1990 жылы ғана бұл қаулы күшін жойып, жіберілген қателер мойындалды.

Қазақ тілінің көптеген объективті себептерге байланысты беделінің төмендеуі, қолданылу аясының тарылып, атқаратын қоғамдық қызметінің ауқымы тұрмыс аясымен шектелуі ұлтжанды зиялылардың жанына батты. Халқының қолдауына ие болған олар қазақ тілін Қазақстанда мемлекеттік тіл дәрежесіне көтеруге бағышталған қозғалысты бастап жіберді. Міне, осындай себептердің нәтижесінде және Кеңестер Одағының ыдырай бастаған шағында Республика Жоғарғы Кеңесінің сессиясы 1989 жылғы қыркүйектің 22-де Қазақ ҚСР Тіл туралы Заңын қабылдап, оның 1-ші бабында қазақ тіліне мемлекеттік мәртебе берілді. Осы заңды нақты шаралар жүйесі арқылы іске асыру мақсатында 1990 жылдың шілде айында «Қазақ тілін және Қазақ КСР-індегі басқа да ұлт тілдерін дамытудың 2000 жылға дейінгі кезеңге арналған мемлекеттік бағдарламасы» қабылданды.

Тіл туралы Заң күшіне енгеннен кейін республикада қазақ тіліне жете көңіл бөлініп, ұлттық мектептер көптеп ашылайын деді. Жоғарыда аталған мемлекеттік бағдарламаға сәйкес бұрынырақта жабылған мектептердің орнын толтыру ісі қолға алынды. Айталық, 1988/89 оқу жылында қазақ мектебінің жалпы саны 2530 болса, 1990/91 оқу жылында 2766-ға жетті. Бұл бір оқу жылында 236 қазақ мектебі қалпына келтірілді деген сөз. Ал 1993 жылы оқу қазақ тілінде жүргізілетін мектептер саны 3173-ке жетіп, орыс мектептерімен деңгейлес болды. Алматыда 1988/89 оқу жылында не бары 3 қазақ мектебі болса, 1992/93 оқу жылында 19 қазақ мектебі жұмыс істеп тұрды.

Он екінші сайланған Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің тоғызыншы сессиясында 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданып, оның «Конституциялық құрылыс негіздері» бөлімінде «Қазақстан Республикасында мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп айқын жазылды.

Мемлекетіміздің Ата Заңында қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде танылуына шовинистік пиғылдағы орыс зиялылары алғашқыда қарсылық білдіріп, орыс тіліне де осындай мәртебе беру талабын қойды. Президентіміз Н. Назарбаевтың салиқалы саясаты арқасында мұндай бұра тартулар сабасына түсті. Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі Қазақстан Республикасының 1995 жылы қабылданған Конституциясында да бекемделді. 1997 жылғы 11 шілдеде Президент Н. Назарбаев «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы Қазақстан Республикасының Заңына» қол қойды.

Қазақ тілі бүкіл дүние жүзі таныған қазақ ұлтының, Біріккен Ұлттар Ұйымына мүше болып қабылданған Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі болып табылады. Тарих шырғалаңынан енді ғана азат болған қазақ тілін тәуелсіздік шыңына көтеру үшін әлі талай тер төгуге тура келеді. Мұнсыз ол ұлт тірегіне айналмайды. Бұған баршамыз атсалысуға міндеттіміз.



Мағрипа ЕСКЕЕВА
Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ профессоры,
филология
ғылымдарының докторы



Гүлғайша САҒИДОЛДА
Л.Н.Гумилев атындағы
ЕҰУ профессоры,
филология
ғылымдарының докторы

Сары ұғзырлар этнотарихы және пингвомәдени үдерістер топқынында

Сары ұйғырлардың дәстүрлі мәдениеті

Мәдениетаралық қарым-қатынас түрлі тарихи оқиғалар қатпарынан тұратын күрделі үдерістер негізінде дамиды. Этномәдени кеңістіктің ұлғаюы немесе ықшамдалуы, этностардың өз атамекенінен ығыстырылуы, өзінің ата-жұртында отырып-ақ ассимиляцияға ұшырауы, тіпті тұтастай жойылып кетуі де тарихи-эволюциялық үдеріс. Мұндай тарихи оқиғалардан түркі халықтары да тыс қалмағаны белгілі. Ежелгі замандардан бері дербес тайпалық одақтар мен хандықтарға бөлінсе де, өзара ұласып, сабақтасып жататын түркі кеңістігі ыдырап, араларына басқа мәдениеттер орнықты. Бұл негізін жалпытүркілік тілден алатын, сан ғасырлық даму жолынан өтсе де жалпытүркілік табиғатын сақтап келе жатқан түркі тілдерінің дамуы

мен функционалдық әлеуетінде, түркілік бастауларға негізделген дәстүрлі мәдениетінде белгілі бір дәрежеде із қалдырды.

Ассимиляциялық үдеріс өтіндегі сары ұйғырлар (йоғурлар немесе ойғурлар) Орхон бойын мекендеген тоғыз оғыздардың ұрпағы [1, 4] ретінде қарастырылады. Көне дәуірлердегі оғыз, қыпшақ тәрізді ірі түркі тайпаларының арасына шек қойып, бір-бірінен мүлдем ажыратып қарауға болмайтынын бүгінгі түркітану ғылымы негіздеуде. Өзара туыс түркі тектес ірі тайпалардың атауын білдіретін *qipšaq* және *oγuz* этнонимдері белгілі бір дәрежеде жалпылама мәнде *türk/türki* этнонимінің баламасы ретінде қолданылуы да мүмкін. Себебі мемлекеттік деңгейдегі ірі тайпалық құрылымдар тек генеалогиялық негізде ғана емес, географиялық-аумақтық негізде де қалыптасқаны, олардың құрамында бірнеше түркі тектес ру-тайпалардың болғаны, оғыздар мен қыпшақтардың тайпалық одақтарына шоғырланған түркі ру-тайпаларының қазіргі түркі халықтарының этникалық құрамына шашырай таралғаны белгілі. Сондықтан *joγur* этнонимін *oγuz*, *oγur* этнонимдерімен этимологиялық негізі бір гомогенді лексемалар ретінде қарастыру лингвистикалық тұрғыдан қайшылық тудырмайды. Бұл жағдайды *j* фонемасының анлаут жағдайдағы протезалық сапасының түркі тілдеріне тән заңдылық екеніне негіздеуге болады. Ал *joγur* және *oγur* атаулары $j \leftrightarrow o$ метатезалық құбылысының нәтижесінде орныққан фонетикалық варианттар. Сонымен қатар *oγuz* және *oγur* этнонимдерін бір тайпаның әртүрлі хронологиялық кезеңдегі атауы деп есептеу де түркітануда тарихи және лингвистикалық тұрғыдан дәйектелген пікір болып саналады. Мұнда түркі тілдеріне ғана емес, алтай макротілдік тобына тән заңдылық — инлаут және ауслаут позицияда орын алатын $r \approx z$ сәйкестігі ескеріледі.

Бір өңірді мекендеген халықтар арасындағы лингвомәдени контактологиялық үдерістердің қарқынды жүруіне орай бір бөлігі моңғол тілі мен мәдениетінің ықпалына, келесі бөлігі қытай-тибет тілі мен мәдениетінің ықпалына ұшыраған сары ұйғырлардың бір бөлігі ғана түркі тілін сақтап қалды. Лингвистикалық тұрғыдан үш топқа ыдыраса да этникалық біртұтастығын, халықтың таза түркілік атауын (этнонимді) сақтап келе жатқан йоғурлардың дәстүрлі мәдениетінің өзегінде жатқан түркілік дүниетаным айқын аңғарылады.

Діни сенім. Тарихи-қоғамдық өзгерістер мен мәдени контактологиялық үдерістерге сәйкес о бастағы Тәңірлік наным-сенімнен, шаманизмнен манихейлік, буддистік ламаизмге ден қойған йоғурлардың негізгі тәу ету ошағы — Лхасу немесе Цинхайдағы Таэрсы ғибадатханасы. Йоғурлардың үйлерінде тәу ететін арнайы орындар болады, тағзым ету орны (алтарь) ағаштан жасалып, екі топшалы есік салынады. Тағзым ету орнына екі қатар будда құдайының мүсіндері (йоғур тілінде — *pīrqaṅ*) қойылып, сол жағына көк түсті, оң жағына ақ түсті мата (йоғур тілінде — *katak*) ілінеді.

Дін иелері білімді ғибадатханалардан алады, белгілі бір діни білім деңгейіне жету үшін ғибадатханаға бірнеше қайтара келіп

тәлімдемеден өту қажет, әр деңгейдегі шәкірттің өз атауы бар: 1) panda (тиб. vanda) — будда дінінің қарапайым қағидаларын үйренуші шәкірт немесе ғибадатхананың шаруашылық істері бойынша ұстаздың (дінбасы) көмекшісі; 2) *irkesul* (тиб. *irkesul*) — дін ережелерін білетін, халыққа қызмет ете алатын шәкірт; 3) *remtsamba* немесе *karem kxarči* (тиб. *remtsamba, karem kxarči*) — екі-үш шәкірт тәрбиелеуге құқығы бар бастапқы оқытушылық дәреже; 4) *čurtsi* (тиб. *čurtsi*) — дін қағидалары мен ережелерін (канондарын) толық меңгерген, отызға дейін шәкірт тәрбиелеуге құқылы дін қызметкері, ұстаз; 5) *čijreirten* (тиб. *čijreirten*) — тірі буддамен (тиб. *gegen*, йоғурлар жіңішке *e* дауыстысын қысаң *э* дыбысымен айтады: *гэгэн*) қатар отыруға құқы бар жоғары діни лауазым иесі. Гэгэн өмірден өткен соң екі-үш жылдан кейін осы аралықта дүниеге келген барлық сәбилерді тізімдеп, олардың ішінен үш, бес немесе жеті баланы іріктеп алады. Таңдап алынған балалар Таэрсы немесе Лхасу ғибадатханаларына діни білім алуға жіберіледі. Балалар оқуларын бітіріп келгеннен кейін олардың ішінен жаңа гэгэн анықталады, жас гэгэн өзінің алдындағы гэгэннің атын иеленеді. Жас гэгэндер өмір бойы білімін жетілдірумен болады (Діни білім жайлы деректер сары ұйғыр этносының өкілі, мәдениеттану ғылымының докторы, профессор Хы Уей Гуангтың айтуы бойынша жазылып алынды. Ляньжоу қаласы 22.09.2012).

Будда дінін ұстанатын сары ұйғырлардың тарихи санасында сақталған тәңірлік дүниетанымның, шаманизмнің кейбір элементтері синкретті түрде жалғасып келеді. Түркілердің Көк Тәңірі мен Ыдуқ (қасиетті) Жер-Суына тағзым ету жылына екі рет жүргізіледі, йоғур ақсақалдары (тиб. *oxčutpa*) Тәңір қағанға (йоғур тілінде — *Qan Teñir/ Qan Deñir*) арнап қой сойып, етін жегеннен кейін сүйектерін түгелдей далаға шашып, Тәңірден халықтың береке-бірлігін, мал-жанның амандығын тілейді.

Суға тәу ету бесінші айдың бірінші күні өзен-көлдің жағасында өткізілетін болған. Сары ұйғырлар арасында тасаттық берудің өзіндік үлгісі қалыптасқан. Императорлық Орыс географиялық қоғамының тапсырмасы бойынша 1883-1886 жылдар аралығында Орталық Қытайға ұйымдастырылған экспедиция барысында Ганьсу провинциясының аумағын, Ордостан Тибетке дейінгі аймақты аралап, сары ұйғырлар жайлы да мол деректер жинақтаған Г.Н. Потанин: «Ёгуры Джадалана, т.е. совершают обряд, привлекающий с неба дождь. Для этого они делают из снадобьев колобок, приносят из ключа в дом воду в ведре, колобок опускают в ведро и читают «ном» (священные книги), когда дождь прольется, воду относят и выливают в тот же ключ, из которого она была взята» [2, 482] деп көрсетеді. Бұл дәстүр қазір де, әсіресе, құрғақшылық жылдары ара-тұра қолданылады.

Амандасу дәстүрі. Йоғурлар амандасу дәстүріне айрықша мән береді, қатар-құрбылар, туыстар кездескенде бір-біріне құшақ

жайып, емен-жарқын амандасады. Дінді берік ұстанатын қариялар, ғибадатханаға барған адамдар алақанын жоғары қаратып, екі қолын алға созып сәлемдеседі. Бұл — «қолымда қаруым жоқ, у да жоқ, ниетім таза» деген ұғымды білдіру үшін екі қолын созып, тілін шығаратын тибеттіктердің амандасу дәстүрінің әсері. Йоғурлардың тибеттіктерше амандасуы будда дінін қабылдаумен байланысты орныққан дәстүр. Алыстан құрметті қонақтар келгенде екі қолға ұзынша келген ақ, көк, қызыл түсті үш матаны (йоғур тілінде — *katak*) жайып, оның үстіне ыдысқа салынған дәм алып шығу дәстүрі қолданылады. Алыстан келе жатқан жолаушылардың, көштің алдынан бауырсақ, қымыз, құрт, ірімшік, кесек ет алып шығу қазақтардың дәстүрінде де болған.

Үйлену дәстүрі. Түркі халықтарына тән ұл мен қызды сәби кезінен аттастыру, қалың мал төлеу (йоғур тілінде: *qalın* «қалың мал»), он үш, он төрт жастағы жасөспірімдерді ерте үйлендіру дәстүрі йоғурлардың тарихында да болған. Күйеу жігітке қалыңдық таңдау да ата-аналардың келісімімен жүзеге асқан. Қалың малға төрт түлік малмен қатар қымбат бағалы заттар, алтын, күміс және ақша бірліктері төленген. Қалың мал өлшемі қазақтардың дәстүріндегідей жылқы санымен бағаланған. Қазақ халқының қалың мал төлеу дәстүрінен қалған «қырық жылқы» тіркесі қыз бала дүниеге келгенде әлі қолданылатыны белгілі.

Жастарды үйлендіру тойы әдетте екі күнге созылады, бірінші күні қалыңдықтың үйінде ұзату тойы тойланады. Қалыңдықтың ата-анасының үйіне туыстары, жора-жолдас, дос-жарандары жиналып, қалыңдықты ұзатуға дайындайды. Қалыңдықтың әшекей бұйымдары көрнекі жерге ілініп, түрлі тамақ әзірленеді. Күйеу жігіттің туыстары қалыңдық пен оның ата-анасына, туыстарына сыйлықтар алып келеді. Мол дастархан басына жиналған қалыңдықтың туыстары мен күйеу жігіттің туыстары, дос-жарандары таң атқанша ән салып, би билейді. Таң ата қалыңдық қымбат әшекейлерін тағып, шашын үш бұрым етіп өретін болған, екі бұрымын алдына, бір бұрымын арқасына жібереді. Бұл «жалғыздықтың артта қалғанын, алдағы уақытта жұптасып өмір сүрудің басталатынын» бейнелейді. Әдетте қыз бала он екі жасқа дейін шашын бір бұрым етіп өріп, он екі жастан кейін жеті бұрым етіп өріп, жеті бұрымды да жон арқасына жіберген.

Қалыңдықтың киімін киіп, әшекейлерін таққан қыз ата-анасымен, бауырларымен, құрбы-құрдастарымен қоштасу жырын айтады. Зарлы, мұңды әуенмен айтылатын қоштасу жырына қыздың ағасы жауап қайтарып, жұбату жырын айтады. Бұл дәстүр қазақ тілінде *sijisuw* деп аталады. Ел-жұртымен, туған-туысқандарымен қоштасқан қалыңдықты ұзату тойына келген күйеу жігіт пен оның туыстарымен бірге күйеу жігіттің ауылына шығарып салады. Екінші күні той күйеу жігіттің үйінде жалғасады. Келін түсірген үйдегі үйлену тойы айрықша салтанатпен қуанышты жағдайда өтеді.

Йоғурлардың (сары ұйғыр) дәстүрі бойынша бірнекелік (моногоамды) жүйе қалыптасқан, неке бұзу күнә болып саналатындық-

тан бұрындары ажырасу болмаған. Әйелі бала көтермесе де күйеуінің одан ажырасуға немесе екінші әйел алуына құқық берілмеген. Ерлі-зайыптылар бір шаңырақтың астында тұра алмайтындай жағдай болса олардың екі бөлек тұруына мүмкіндік берілген, бірақ некелі ерлі-зайыптылар құқығы сақталған және екінші рет некеге тұруға құқықтары болмаған. Йоғурлардың некелесу дәстүрі белгілі бір шектеуліктерге негізделген экзогамиялық жүйеге құрылған, жігіт өз руының қызына үйлене алмайды, бұл дәстүр қазір де сақталған. Жеті атаға дейін қыз алыспайтын қазақ дәстүріне ұқсайды.

Дүниеге келген бала әкесінің руына жатады. Туыстық қарым-қатынаста нағашылардың орны ерекше, ананың туыстары үлкен құрметке ие. Ұлы жоқ отбасында өскен қыз баланы ата-анасы бетінен қақпай «ұл бала» сияқты тәрбиелеген, қыз бойжеткеннен кейін *kembes/kembeş* «сүйектен, маржан түймелерден жасалған өңірге тағатын әшекей» тағып, өзіне ұнаған ер-азаматпен көңіл қосуға рұқсат еткен, олардан туған бала анасының тегін, руын иеленген. Әке шаңырағына ие болатын мұндай қыздарды *surukčîn* «тірекші» (*suruk* «уық, тірек»), *esik tutkan* «босаға (есік) ұстаушы, ұрпақ жалғастырушы» деп атаған (Сары ұйғырлардың бұрынғы үйлену дәстүрі жайлы деректер Йоғур Төмөрден жазылып алынды. Сунань қаласы. 09.07.2012). Бұл дәстүр қазіргі йоғурлар арасында сақталмаған.

Үйлену тойын күзде өткізу сары ұйғырлардың ежелгі дәстүрі, бұл дәстүрді қазіргі уақытта сақтайтындар да бар. Мал төлдету, жас төлді өсіру, қойқырқым, жер жырту, егін егу, бау-бақша күтімі, жиын-терін науқандарын өткізіп алып, үйлену тойын өткізу сары ұйғырлардың шаруашылық ыңғайына қарай қалыптасқан үрдіс.

Қазіргі таңда жастар кәмелеттік жасқа (18-20) толмай үйленбейді, жар таңдау да өз еріктерінде, үйлену тойларын да заманауи үлгіде өткізеді. Сары ұйғырлардың ата-бабаларынан қалған үйленудің ежелгі әдет-ғұрыптары қазіргі таңда толық сақталмағанымен аға буынның жадында, кейбір ырым-салттарының элементтері әлі де қолданылады. Йоғурлардың ата дәстүрін жас ұрпақ санасынан өшірмеу үшін ұлттық мерекелерде қыз ұзатуға, үйлену тойына байланысты театрландырылған көріністер қойылады.

Ас мәзірі. Сары ұйғырлар қонақжай халық. Қарқынды лингво-мәдени-контактологиялық үдерістердің өтінде отырған сары ұйғырлардың ас мәзірі заманауи жағдайға байланысты өзгерістерге ұшырағанмен дәстүрлі ас мәзірінде түркілерге тән ұлттық тағамдары сақталған. Йоғурлардың дәстүрлі дастархан мәзірі ет, ұн, көкөніс, дәнді дақылдардан, сүт өнімдерінен әзірленеді. Қодас және қой еті кеңінен қолданылады, етті сүрлеу, ыстау дәстүрі бар. Күнделікті пайдаланылатын тағам түрлері: *mensemen* «қайнатпа сорпа» – етті қайнатып, сорпасына кеспе, көкөніс және қайнатылған етті турап қосып дайындайтын сұйық тамақ. Бұл тағам түрі *soqpa* «сорпа» деп те

аталады; *čaomijan* «кеспе» — етті, көкөністі алдымен қуырып алып, одан кейін су құйып, қайнағаннан соң жіңішке етіп кесілген кеспе қосып пісіретін ұлттық тағам; *mutan* «быламық» — күрішті суға қайнатып, май қосып дайындалатын қою тамақ. Суын көбірек құйып, сұйық тамақ түрінде де жиі ұсынылады; *soqpa semen* «ботқа» — тарыдан немесе басқа да жарма түрлерінен май қосып дайындалатын жеңіл тағам түрі; *talq* «талқан» — қуырылған бидайды, тарыны келіге түйіп дайындайды. *Talq* лексемасының қазақ тіліндегідей *talqan* нұсқасы йоғур тіліндегі *talqan čaa* «талқан шай» тіркесінде сақталған. Нанның бірнеше түрлері әзірленеді: *kümzi* «нан», бұға пісірілген нан да, арнайы пешке немесе табаға пісірілген нан да *kümzi* деп аталады; *bawirtsıy* «бауырсақ» — ашығылған қамырды жайып, қиықшалап кесіп немесе жайылмаған қамырдың шетінен үзіп алып, жұмырлап ыстық майға қызарғанша қуырып пісіреді.

Йоғурлардың сүт өнімдерінен дайындайтын ұлттық тағамдарының бірі — *čerme* «ірімшік», жаңа туған төлдің мәйегі қосылған сүтті баяу отқа ұзақ қайнату арқылы дайындалады; *jojurt* «айран» — пісірілген жылы сүтке арнайы ұйытқы қосып әзірлейді; *ay jay* — «сарымай» (сөзбе-сөз «ақ май»), піскен сүттен ұйытылған айранды күбіге пісіп, бетіне шыққан майды қалқып алады. Қазіргі қазақ тілінде жалпы-түркілік *jay* «май» лексемасын *maj* «май» сөзі ығыстырғанымен, мәдени лексика жүйесінде осы мағынаны сақтай отырып, *žaw* нұсқасында қолданылады: көздің жауы «көз майы»; жау бүйрек «бүйректі майымен қосып пісіретін ұлттық тағам».

Йоғурлардың сүйікті сусындары — *čaa* «шай». Сүт, талқан, сарымай қосылған шай *talqan čaa* «талқан шай» әрі сусын, әрі құнарлы тағам.

Йоғурлар құрметті қонақтарына мал сойып, қонақасын береді. Малды бауыздап сояды. Жаңа бауыздалған малдың алғашқы қанын ағызып жіберіп, одан кейінгі қанын малдың ішегіне құйып, күріш және түрлі дәмдеуіштер қосылған шұжық тәрізді тағам дайындайды. Сыйлы қонаққа тартылатын *et* «ет» мүшелей асылып, қамырсыз ұсынылады, үлкен табаққа үйіп салынған еттен кейін, *soqpa* «сорпа» беріледі. Жаңа сойылған марқаның барлық мүшелерін (сүйектерін) сындырмай тұтастай қазанға салып, баяу отқа бұқтырып дайындайтын сары ұйғырлардың ұлттық тағамы да сыйлы қонақтарға ұсынылады. Бұл асты қазақтар *sirme* деп атайды. Будда дініндегілердің малды бауыздамай соятыны белгілі. Йоғурлардың (сары ұйғырлардың) малды бауыздап сою дәстүріне қарағанда, қазіргі ислам дініндегі түркілердің малды бауыздауы исламға дейін-ақ қолданыста болған, ежелгі түркі тайпаларынан қалған дәстүр екеніне көз жеткізе түсеміз. Мүшелеп тартылған ет VII-IX ғасырлардағы түркілерге де тән екенін археологиялық зерттеу нәтижелері де көрсетуде [3,186]. Түркі халықтарының бәрі бірдей сыйлы қонаққа бас қойып, мүшелеп ет тартпайтынын ескерсек, қазақ, қырғыз, йоғур т.б. халықтардың қонақ күту дәстүрі көне түркілерден қалған мұра екеніне, дәстүр

сабақтастығының үзілмегеніне көз жеткізе түсеміз. Малды сояр алдындағы қорқыныш пен үрей сияқты жағымсыз ақпараттарды сақтаған арам қанды ағызып, мал ағзасын тазартып алып барып, етін қолдану адам денсаулығына пайдалы да жұғымды екені бүгінгі ғылымда дәлелденген мәселе. Бұл да түркілер мәдениетінің бір көрінісі болса керек. Йоғурлардың ұлттық тағамдары мен қазақтардың ұлттық тағамдарының дайындалу технологиясының ұқсастығы, атауларының да сәйкес келіп жатуы екі халық арасындағы жақындықты аңғартады [4, 807].

Йоғурлар дастарханды (*džiz* «дастархан», «дастархан жаятын үстел») аласа дөңгелек үстелге жаяды, кесек етті, сүйекті қолмен алып жейді, сұйық тамақтарды қасықпен (*qaziq* «қасық») немесе кесені көтеріп ішеді, басқа тамақтарға таяқша қолданады. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктерінде де «тамақ ішетін аласа үстел» мағынасын беретін *žozī* лексемасы кездеседі (Нарынқол, Шелек, Шонжы өңірінде). Сары ұйғырлардың дәстүрлі дастархан мәзірі өздерімен тығыз қарым-қатынастағы қытай, таңғұт-тибет, дүңген, моңғол т.б. халықтардың тағам түрлерімен толыққан.

Ұлттық киімгер. Қазіргі таңда йоғурлар ұлттық киімдерін негізінен мереке күндері ғана киеді, күнделікті өмірде бірен-саран қариялардың үстінен көруге болады. Сондай-ақ йоғурлардың ұлттық киімдерін сахнадағы өнер адамдары – халық жыршылары мен әнші, бишілері кеңінен қолданады.

Йоғурлардың (сары ұйғырлар) ұлттық киім үлгісі қытай-тибеттік және моңғолдық киім үлгілерінің ықпалына ұшыраған.

Ерлер сол жаққа қарай қапсырыла түймеленетін қысқа жейде (йоғур тілінде - *dom* «жейде, көйлек») киген, жейде ашық өңді, негізінен қызыл, жасыл, күрең түсті қытай жібегінен тігіледі. Жылдың салқын мерзімдерінде өңіріне елтірі салынған қысқа шекпен (күртеше) киеді. Бұттарына шалбар (йоғур тілінде - *jum*), аяқтарына ұзын шұлық (йоғур тілінде – *vatszī*), былғары етік (йоғур тілінде - *šijuwo*), қыста қодастың, қойдың жүнінен басылған пима (йоғур тілінде - *čženšijub*) киеді. Шалбардың балағы етіктің, пиманың қонышына салынады. Қыста жейденің, күртешенің сыртынан қалың жүн матадан тігілген тік жағалы ұзын шапан киеді, шапанның түсі жібек күртешенің түсіне сәйкес келуі ескеріледі. Шапан да сол жағына қарай қаусырылады, түймелігі мен жеңінің жиегі жалпақ жібекпен (йоғур тілінде - *činkep*) көмкеріледі, ауқатты адамдар шапанды бұлғын терісімен жиектеген. Шапанның сыртынан ені жалпақ ұзын белбеу (йоғур тілінде - *qur*) байланады, белбеу негізінен көк түсті болып келеді. Қазақ тілінде *qur* лексемасы киіз үй жабдықтарына қатысты қолданылады. Йоғурлар күн жылы кезде шапанның сол жеңін кимей, тибеттіктер сияқты бос тастап жүрген. Бастарына қолдан тігілген бөрік (йоғур тілінде – *lembem pörük*) немесе еуропалық фетр қалпақ (йоғур тілінде – *lijmo*) киеді. Йоғур ерлерінің арасында сол қолға нефрит білезік (йоғур

тілінде — *qulagi*) тағу дәстүрі де болған. Ұл балалар да ересек еркектер сияқты киінген.

Әйелдер ішінен жеңіл көйлек (йоғур тілінде — *erxton*), оның сыртынан жібек матадан шекпен тәрізді тігілген әдемі көйлек (йоғур тілінде — *janiton*) киген, көйлек оң жаққа қарай қаусырылып түймеленген. топ «киім» (ДТД, 68): *Içire ašsiz tašra tonsiz* КТҮ. 26 «іші ассыз, сырты тонсыз» (Айд. 176). Қазіргі қыпшақ тілдерінде топ сөзінің мағынасы нақтыланып «сырт киім, ішік» мәнінде қолданылатыны белгілі: қаз., ққалп., ноғ. топ; тат., башқ. tun. Ескі қыпшақ жазба ескерткіштерінде «көйлек» мағынасы тіркелген (Құрыш. 204). Жалпы түркі тілдері бойынша топ лексемасының жалпы киімге қатысты «халат», «кафтан», «шамандар киетін арнайы киім», «пальто», «шинель», «қой терісінен жасалған ішік», «плащ», «тұлып», «аяқкиім», «етік», «шалбар», «ішкіім» мағыналары белгілі (ЭСТЯ III, 263); топ лексемасының «қытай жібегінен, қытай сән үлгісіне сай тігілген киім» мағынасы В.Радловтың сөздігінде тіркелген (РСЛ. III, 1176). Моңғол тілінде *tonog* «жабдық, сайман, бұйым, керек-жарақ» (МҚС, 465) сөзі қолданыста. Ә.Құрышжанов қазақ тіліндегі *ton* сөзі арқылы жасалған тона етістігінің «киіндіру», «шешіндіру» мағыналары да бар екенін, соңғы мағынасының негізінде «ұрлау», «сыпырып алып кету» мәнін беретін *tona* лексемасы қалыптасқанын көрсетеді [5, 21].

Орта жастағы және орта жастан асқан әйелдердің йанытоны «көйлегі» қара, қошқыл түсті болып келсе, қыздар мен жас әйелдердің көйлегі ашық өңді, түрлі-түсті маталардан тігілген. Қаусырма көйлектің беліне түрлі-түсті матадан белбеу тағылады, белбеу көйлектің артынан байланып, екі ұшы бос жіберіледі. Балағы бүрілген кең шалбар, аяқкиімге бекітілген шұлық (йоғур тілінде — *khej*) киеді. Йоғур әйелдері ақ киізден басылған жіңішке жиегі (йоғур тілінде — *čžala*) бар конус пішіндес бас киім киеді. Бас киімнің сыртына үш қатар қара барқыт жүргізіледі, ортасындағы барқыттың екі жиегіне үшкілденген оюлар түседі. Бас киімнің төбесіне алқызыл, күрең түсті жібек жіптен шашақ бекітіледі, шашақ бас киімнің жиегіне дейін түсіп тұрады. Бас киім әйелдердің басын толық жаппайды, төбесінде ғана тұрады, бас киімді ұстап тұру үшін, иектің астынан байланатын арнайы бау (йоғур тілінде — *sakalxtik*) тағылады, қазақ тілінде де *sayaldiriq* «жүгеннің тамақ тұсындағы бөлігі» лексемасы қолданыста. Йоғур әйелдері өте қымбат әрі ашық түсті әшекейлер тағады, жібек, барқыт матадан тігілген лента тәрізді екі өңірше (йоғур тілінде — *kembeš*) шаштарына бекітіліп, кеудесіне жіберіледі, өңіршенің беті қымбат бағалы асыл тастармен, күміспен безендіріледі. Шашының желке тұсына арқасынан төмен қарай түсіп тұратын қымбат матадан тігілген арқалық (йоғур тілінде — *txundesiq*) бекітіледі. Жоғарыдан төменге қарай жіңішкере беретін арқалықтың ұзындығы бір жарым метрге дейін жетеді. Арқалықтың өн бойы Кукунор, Хайнань көлдерінен әкелінген ұлудың қабыршақтарымен (йоғур тілінде — *txun*)

безендірілген, қабыршақтардың саны отызға дейін болуы мүмкін. Арқалық сары ұйғыр қыз-келіншектерінің бұрымын күн көзінен, шаң-тозаңнан қорғайды әрі салтанатты көрік береді. Сары ұйғыр әйелдері құлақтарына күмістен жасалып, асыл тастармен безендірілген шеңбер пішіндес сырға (йоғур тілінде — *sürğa*), саусақтарына асыл тастан көзі бар немесе көз салынбай өрнектелген күміс жүзіктер (йоғур тілінде — *kəçize*) салады. Йоғур әйелдері мұндай әшекейлерді әдетте той-томалақта киетін болған. Кішкентай қыздар да жас әйелдер тәрізді киінеді, тек олардың әшекейлері қарапайым болып келеді. Маңдайына шашын жинап тұратын шашақты жібек таспа (йоғур тілінде — *čšaž dartqı* «шаш тартқы»), кеудесіне әдемі түсті матадан өңірше (йоғур тілінде — *šongar*), арқасына екі жіңішке жібек таспаға ұшы шашақталған үшбұрышты мата тігілген арқалық тағылады.

Сары ұйғырлардың ұлттық киім үлгілерінде жер-жердің ыңғайына қарай бірде түркілік, енді бірде моңғолдық, я болмаса қытай-тибеттік элементтердің басым болып келетінінен байқауға болады. Зерттеулерде моңғол тілінде сөйлейтін сары ұйғырлардың тілі, дәстүрі, киім үлгісі Цинхай провинциясын мекендейтін ойраттарға тым жақын екені көрсетіледі [6, 433].

Жерлеу дәстүрі. Сары ұйғырлардың өзіндік жерлеу дәстүрі қалыптасқан. Адам қайтыс болғаннан кейін екі-үш күн лама діни рәсімдер өткізіп, мәйіт басында дұға оқиды, өмірден өткен адамның денесін шығару күнін, уақытын белгілейді. Қайтыс болған адамның денесін әр отбасына арналып белгіленген дөңестеу жерге (йоғур тілінде — *tur* «хорошее место (для погребения)» [7, 125]) жеткізіп, мәйіт үстіне құрғақ ағаш, бұталарды үйіп өрт қояды. Үш күннен кейін туыстары келіп мәйіттің күлін жинап, ақ дорбаға салады, дорбаны дөңес жерге көміп, үстіне топырақ себеді. Бұл ламалар мен қарияларға арналған жерлеу дәстүрі. Жас адам қайтыс болғанда лама дұға оқып болғаннан кейін бірден жерді қуыстап қазып, қазылған жерге (йоғур тілінде — *turtejliq*) мәйітті киімімен басын батысқа, жүзін оңтүстікке қаратып көміп тастайды. Бірнеше жылдан кейін мәйітті қазып алып, өртеп, күлін жерге көмеді. Шетінеген сәбилерге діни дұғалар оқылмайды, үйдің маңына жерленеді. Қайтыс болған адамның аруағына бағышталған жоралғылар қырық күннен кейін және үш жылдан соң өткізіледі, бұл күндері марқұмның туыстары мал сойып, мол дастархан жайып, тарту-таралғылар таратады (жерлеу дәстүрі жайлы деректер сары ұйғыр этносының өкілі, Ляньжоу университетінің докторанты Арслан Яғлақардан жазылып алынды. 09.07.2012. Қызылдаван қыстағы).

Музыкасы. Йоғурлардың халық әндерінің сазы мұңлы болып келеді, дәстүрлі әндерді орындайтын халық әншілері мен жыршылары әнді сезіммен, жан-тәнімен беріле отырып, аса шебер орындайды. Тыңдаушылар да үлкен тебіреніспен ұйып тыңдайды. Көптеген халық әндерінің сөзі ұмыт болып, әуені, сарыны сақталған, бұл әндер

қытай тіліндегі өлеңмен айтылады. С.Е.Маловтың сөздігінде *qoñis* «ішекті музыкалық аспап» лексемасы тіркелген [7, 58]. Қазіргі йоғур музыкасынан қытай сарыны айқын аңғарылады. Йоғурлардың би өнері де тибет-қытай биінің ықпалына ұшыраған.

Ауыз әдебиеті. Ғасырлар қойнауынан бастау алатын йоғурлардың ауыз әдебиеті аса бай әрі алуан түрлі. Ұрпақтан-ұрпаққа жалғасып келген ертегілер мен аңыз әңгімелер, тұрмыс-салт жырлары, мақал-мәтелдер мен жұмбақтар сары ұйғырлардың рухани шежіресі іспетті.

Йоғурлардың фольклор үлгілерінің басым бөлігін ертегілер мен аңыз әңгімелер құрайды, олардың қатарында қиял-ғажайып оқиғаларға құрылған ертегілер де, шынайы өмірді суреттейтін аңыз әңгімелер де бар. Көптеген ертегілер төрт түлік мал, жан-жануарлар жайында. Кейбір йоғур ертегілерінің мазмұны қытай, моңғол ертегілерінің мазмұнымен сәйкес келіп жатуы йоғур фольклорына моңғол, қытай-тибет ауыз әдебиетінің ықпалын аңғартады. Ертегі кейіпкерлерінің ішінде ламалардың жиі кездесуі де йоғурлардың буддизмге ерте кезден-ақ бой ұрғанын көрсетеді. Тұрмыс-салт жырлары йоғурлардың этнографиялық ерекшеліктерінен мәлімет берсе, мақал-мәтелдер дүниетанымдық-философиялық ой-қорытындыларын, өмірлік ұстанымдарын сипаттайды.

Қым-қиғаш этнотарихи және лингвомәдени үдерістер толқынындағы йоғурлардың ауыз әдебиет үлгілерінен қазіргі ұрпақ қол үзіп барады. Этнос болмысы мен дүниетанымын айшықтап көрсететін баға жетпес мұра – ауыз әдебиеті үлгілерін білетін сары ұйғыр өкілдері де саусақпен санарлық.

Түркі өркениетінің бір бөлшегі болып табылатын сары ұйғырлардың дәстүрлі мәдениетін сипаттайтын лингвистикалық деректерді, ауыз әдебиеті үлгілерін, музыкалық мұраларын, жалпы рухани-мәдени және материалдық құндылықтарына қатысты барлық деректерді мүмкіндігінше толық жинақтап, заманауи зерттеу парадигмалары аясында жан-жақты саралау түркітану ғылымының келелі міндеттерінің бірі.

Әдебиеттер

1. Хы Уей Гуанг. Сары ұйғырлардың мәдениет тарихы. – Бейжің: Ұлттар баспасы, 2000. – 398 б. (Қытай тілінде, сілтемені аударған Ш.Әбсалық).

2. Потанин Г.Н. Тангутско-тибетская окраина Китая и Центральная Монголия. – Москва, 1950. – 136 с.

3. Сартқожа Қ. Орхон мұралары. – Астана: Күлтегін, 2003. – 392 б.

4. Ескеева М., Сағидолда Г. «Түркі-моңғол және қытай этнолингвомәдени ықпалдастығы» контексіндегі сары ұйғырлардың этнотілдік ерекшеліктері (Қытай Халық Республикасына ұйымдас-тырылған далалық экспедиция материалдары негізінде) \\ Түркі дүниесі. Альманах. – Астана: Интеллсервис, 2013. – Б. 784-814.

5. Құрышжанов Ә. Қазақ тіліндегі тон сөзінің мағыналары // ҚазССР ҒА Хабарлары. Фил. және өнер сер. — 1960. — № 1. — Б.7-15.

6. Народы и религии мира. Энциклопедия. — Москва: Научное издательство «Большая Российская энциклопедия», 1998. — 960 с.

7. Малов С.Е. Язык желтых уйгуров. Словарь и грамматика. — Алма-Ата: Издательство Академии Наук Казахской ССР. — 196 с.

Шартты қысқартулар:

- Айд. Айдаров Ф. Күлтегін ескерткіші. — Алматы: Ана тілі, 1995. — 232 б.
- ДТД Древние тюркские диалекты и их отражение в современных языках. Под ред. И.А.Батманова. — Фрунзе:Илим, 1971. — 194 с.
- Құрыш. Курышжанов А. Исследование по лексике старокыпчакского письменного памятника XII в. «Тюркско-арабского словаря». — Алма-Ата: Наука, 1970. — 232 с.
- МҚС Базылхан Б. Моңғолша-қазақша сөздік. — Улаанбаатар-Өлгий, 1987. — 885 б.
- РСл.ІІІ Радлов В.В. Опыт словаря тюркских наречий. — Санкт-Петербург, 1911.
- ЭСТЯ ІІІ Севортян Э.В. Этимологический словарь тюркских языков. Т. ІІІ. — Москва: Наука, 1980. — 395 с.



Сая ИТЕҒҰЛОВА
Ш.Шаяхметов атындағы Тілдерді
дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығы
лингвистикалық зерттеулер
бөлімінің басшысы, филология
ғылымдарының кандидаты

Фольклорлық кейіпкерлердің ұқсастығы мен ерекшелігі

Қазақ және туыстас түркі халықтарының фольклорында әйел бейнесінде беріліп, адамға зұлымдық жасайт қаскөй образдар көп. Сол образдарды шартты түрде екі топқа бөлуге болады. Біріншісі – адам сипатты ұнамсыз кейіпкерлер, екіншісі – адам сипатынан гөрі құбыжықтығы басым, қаскөй күштер.

Адам сипатты ұнамсыз кейіпкерлер ішінде ең көп кездесетін бейне – Мыстан. Қазақ фольклорында мыстан мен жалмауыз кейде аражігі ашылмай біртұтас кейіпте келе береді. Бірақ фольклорлық туындыларға терең үңілген адам **мыстан** мен **жалмауыздың** екі бөлек образ екенін айқын аңғарады. Алдымен **МЫСТАН** бейнесіне тоқталайық.

Мыстан бейнесін көз алдарыңызға елестету үшін фольклорлық үлгілерден мысал келтірейік. Мәселен, «Алпамыс батыр» жырында Мыстанның сырт бейнесі былайша суреттеледі:

Сол кезде жасы үш жүзге жеткен, көрінгенмен ұрысқан, қабағы қатып тырысқан, өзін туғаннан Құдай атқан, бір кез ширек бойы бар, адам таппас ойы бар, тізесіне шекпен жетпеген, басынан жаманшылық кетпеген, басы мүйіз, көті киіз бір мыстан кемпір келді.

Ал Ұшар хан ертегісінде мыстанды:

Бір уақытта сол топтың ішінен басы мүйіз, түріне адам қарағысыз сұмпайы, қарға тұмсық, қара аяқ бір мыстан: «Мен білем, маған бір желмая бер, қызды алып келем», - деп суреттейді. Бұл мыстанның сырт кейіпі.

Енді мыстанның ішкі дүниесіне үңілетін болсақ, оның мынадай қырларын байқаймыз:

1. Мыстанда алып бара жатқан ерекше қасиет, сиқыр жоқ. Ол өз дегеніне кісіні алдау, арбау арқылы жетеді. Мысалы, «Алпамыс батыр» эпосында Тайшық хан алып кеткен жылқыны қуып келе жатқан Алпамыс батырды Мыстан күшімен, болмаса сиқырымен қолға түсірмейді, аяласымен арбап қолға түсіреді. Мыстан Алпамыстың жолына қырық отау тіктіреді. Қырық қызға қырық шөлмек арақ беріп, осыны батыр келгенде ішкізу керек деп тапсырма береді. Өзі Алпамыстың жолын тосып тұрады. Алпамыс талма түс кезінде айдын көлдің бойында тосып тұрған Мыстанға жолығады. Ол бейшара кейіштегі бір мүсәпір бола қалады. Алпамысты өзінің іс-әрекетіне сендірмек болып, түрлі айла-шарғы жасайды.

Тілеуің құрғыр қу Мыстан,

Сонда тұрып жылайды.

Көзінің жасын бұлайды.

Бір топ біткен шеңгелді

Құшақтап тұрып құлайды.

Мыстанның өтірік әрекетіне сеніп қалған Алпамыс батыр оны жұбатып, көңілін аулауға кіріседі. Дұшпаның кім болса да басын кесіп беремін деп уәде береді. Құлығына құрық бойламайтын Мыстан өтірікті судай ағызып, қырық ұлын Тайшық хан өлтіргенін айтады. "Жолыңды тосып жүр едім, отауға түс, сусын іш" – деп Алпамыстың алдында құрақ ұшады. Мыстанның сөзіне сенген Алпамыс «сусынды» тартынбай ішеді. Ақыл-есінен айрылған Алпамысты байлап-матап қалмақ ханына апарып береді.

«Ұшар» хан ертегісіндегі мыстан қулықпен күн кешкен айлакер әйел кейпінде суреттеледі. Жандыбатырды алдап, мүсәпір кейіпте сеніміне кіріп, үйіне еріп келеді. Алдап-арбаудың небір түрлерін, амал-аяласын білген мыстан Жандыбатырдың алдынан шығып, әдейі жолдан арыған жолаушы болып көрінеді.

- Шырағым, мынау бір жақтан келе жатыр едім, мына түйесі құрғыр шаршап, орнынан тұра алмай жатыр. Күн болса батып барады, не істерімді білмей, сергелдеңге түсіп отырмын, - деп алдап, оның үйінде бір-екі күн тынығады. Келіншегі Зәуәмірді айналдырып, Жандыбатырды айламен өлтіріп, келген мақсатына қолжеткізеді. Қызды желмаяның артына таңып, ит қорлығын көрсетіп, ханның қолына әкеліп табыс қылады.

«Ер Төстік» ертегісінде де Желаяқпен бірге жаяу жарысқа түскен мыстан оны айламен жеңбекші болады. Желаяққа: *«Шырағым, шаршадың ғой. Басыңның битін қарап берейін, деміңді алып ұйықта, жарысарда өзім оятамын»,* – деп, оны алдап ұйықтатып тастайды.

Желаяқ мыстан кемпірдің сөзіне нанып, қаннен-қаперсіз ұйықтап жата береді. Бір мезгілде оянса, шекесінен күн өтіп барады. Түс болып қалған екен, желаяқтар әлдеқашан кетіп қалыпты. Кемпірдің алдағанын біліп, Желаяқ санын бір-ақ соғып, тұра жөнеледі. Жерден бір уыс топырақты ала жөнеледі. Құстай ұшып, құйындай ұшып келе жатса, жаяулар да қазықшаға жақындап қалған екен, ең алдында мыстан кемпір бара жатыр екен. Желаяқ өте беріп уысындағы топырақты кемпірдің көзіне шашып кетеді. «Алда ғана көк шешек-ай, мықтадың-ау!» – деп, кемпір көзін уқалап қала береді, - деген үзіндіден мыстанның тек айла-амалмен ғана жеңіске ұмтылатындығы анық аңғарылады.

2. Мыстанның адамға тән екінші қыры – пендешілігі, дүниеқоңыздығы. Мыстанның пендешілігі басым. Ол дүниеқоңыз. Дүниеге қызығып жауыз адамдардың жұмсағанына жүреді. Мәселен, «Мұңлық-Зарлық» жырында Шаншар ханның Қаншайымнан туған бір ұл, бір қызын көре алмаған алпыс қатынның жұмсауымен екі нәрестенің көзін құртуға Мыстан араласады. Толғатып жатқан Қаншайымға дем салып есінен тандырады да, оның бауырына иттің екі күшігін салады.

Шаншар ханның ұзақ жыл өзінен туған екі баланы білмей, зарығуы, Мұңлық пен Зарлықтың иен тауда ата-анасыз өсуі, хан әйелі Қаншайымның қорлық көріп, бір аралда өмір сүруі – бәрінің бақытсыздыққа ұшырауына себепші Мыстан болып табылады. Сонда ол осындай зұлым әрекеттің бәрін 60 табақ алтын үшін жасайды.

«Екі баланы (Мұңлық-Зарлықты) қолтығына қысып, Қазар дариясына тастамақ болып жағаға келеді. Бір сәт екі сәбиді қимаса, бір сәт алпыс табақ алтынды қимайды. Екіұдай ойда тұрған Мыстан:

*Тастайын деп бұл суға
 Сендерді көзім қимайды,
 Тастамайын десем мен
 Алпыс «анаң» болмайды.
 Барғын, балам, Аллаға
 Разы болғын қазаға,
 Тіпті көзім қимайды
 Қызығып кеттім, ботам-ай*

Алпыс табақ діллаға, — деген үзіндіден оның аяушылық қасиеттен жұрдай емес екенін байқаймыз. Бірақ таразыға обал, сауаппен бірге алтын, дүние деген мәселелер қатар түскенде, екіншісі басып кетеді.

Енді Мыстан образы туралы ғалымдардың пікірлерін саралап өтейік. Көрнекті ғалым С.А.Қасқабасов «Казахская волшебная сказка» атты еңбегінде мыстан бейнесі қашан пайда болған деген сұраққа: «Мыстан ерте заманда матриархат кезеңінде айналасына билік жүргізетін ақылды әйел бейнесінің өзгерген түрі», — деп жауап береді. «Ежелгі Мыстан бейнесі күшті эволюцияға түскен» деген ой айтады.

Ғылымда мыстанды мыс дәуірінде өмір сүрген басқарушы әйелдің заман ағымына сай өзгеріске түсіп, құбылып келген бейнесі деп түсіндіру тенденциясы бар екенін айта кеткеніміз жөн. Матриархат дәуіріндегі ақылгөй, дана әйел бейнесі патриархат дәуірі келіп, әйелдің қоғамдағы орны өзгерген сәтінде ұнамсыз кейіпкерге ауысады. Оның ақылды, алды-артын болжағыш, көрегендігі енді ұнамсыз қасиет болып бағаланады. Мыстан небір айла-амал тапқыш зұлымға, барлық ақыл-ойын жамандық үшін жұмсайтын жиіркенішті бейнеге айналады. Мыстан болатын жағдайды алдын ала біліп отырады. Басты кейіпкерді қармаққа түсіру тәсілдерін де күні бұрын ойлап қояды. Осы жоспары бойынша қара ниетін іске асырады.

«**Матриархат** дәуірінде руды қария әйелдер басқаратын болған. Жаңа туған балаға ат қою, жетім қалған балаларға қамқорлық жасау, шеттен келген адамды тайпаға қабылдау, тайпаның заңдарын қатал сақтау, жастарды үйлендіру, тағы да сол сияқты заңдар осы аналар әмірімен жасалған. Керек кезінде олар әскерді де басқарған. Осының нәтижесінде қарт анаға табынушылық пайда болған. Ол керемет иесі, қолынан келмейтіні жоқ сиқыршы, рудың жауларын, жын-шайтанды да жеңе алатын күш болып танылған. **Патриархаттың** тууына байланысты бұл бейне құлдырап, бұрынғы маңызын жойды. Оның атқаратын қызметі кейіннен аталық руға ауысты. Ру басы ананың

бейнесі мифтік аңыздарда ғана қалды. Бара-бара ол жалпы атпен жағымсыз кейіпкер сипатын алды» деген пікірде ғылыми негіз бар.

Қорыта айтқанда, мыстан – сыртқы кейпі ұсқынсыз, ұзақ өмір сүрген, аузы опырайған, шашы жалбыраған, мүсәпір кемпір бейнелі озбыр, бойында тылсым күші жоқ, бірақ айла-амалы мен қулық-сұмдығы мол, қарапайым жолмен-ақ өлтіруге болатын, көп шығармаларда таз баласы бар, өзінен басқаға жақсылық ойламайтын, дүниеқоңыз кейіпкер. Мыстан кемпір кейде дәудің шешесі ретінде де бейнеленеді.

Енді шығарманың бас қаһарманына қарсы адам сипатынан гөрі құбыжықтығы басым, қаскөй күш - Жалмауыз образына тоқталайық.

Жалмауыз – ашкөз, тойымсыз тажал. Мыстан адам сипаттағы ұнамсыз кейіпкер болса, жалмауыздың адам сипатынан гөрі тылсым күші басым. Ол адамның бойында болмайтын жойқын күштің иесі. Оны өлтіру оңай емес. Мәселен, «Құламерген-Жоямерген» эпосында жалмауызды былай суреттейді:

*Бір денеде малғұнның,
Жеті басын көріңдер.
Әр басында кемпірдің
Жүз кісінің күші бар, - делінеді.*

Барлық пәлені бастап жүретін жеті басы бар жалмауызды өлтіру өте қиын. Оны алты ай қуып, ұстауға айналады. Осындай қиын сәтте Құламергеннің екінші әйелі Баллумаржанның ақыл-ұсынысымен артында қалған баласы Жоямерген көмекке келеді. Мыстан кемпірді қуып жетіп, алтын оқпен маңдайдағы жалғыз көзінен атып өлтіреді. Айласы өте көп Мыстанды осылай жеңеді.

Жеті басты жалмауыз бейнесі «Аю дәу» ертегісінде де кездеседі. Ертегіде:

...Келсе, айдалада, құла түзде қырық құлақты бір қазанда май қайнатып жатыр, қасында аузында бір тісі жоқ, құйрығында қыртысы жоқ бір жалмауыз адамдарды қабат-қабатынан көгендеп қойып, жаңағы қайнап жатқан майға бір-бірден таңдап әкеліп, түсіріп-түсіріп, сүзіп алып, жаңадан тамақтанайын деп, алдына алып отырған үстінен кез болды, делінеді. Мыстан адамды қулығымен арбап, торға түсіргенімен, оны жемейді. Ол бас қаһарманға зұлымдық жасау арқылы байлыққа қолжеткізбекші болады. Ал жалмауыздың басты мақсаты – адамды жеу. Адам жалмауыз үшін қорек қана.

Мыстанды батыр көбіне бір-ақ ұрып сеспей қатырады. Ал жалмауызды өлтіру үшін бас қаһарман біраз күш жұмсайды. Мәселен:

... Сол кезде кемпірдің бұрым шашынан ұстап тұрып қайнап жатқан майға пісіп-пісіп алды. Сол кезде баланың жан-жағынан қаптаған жалмауыздар толып кетті. Бала қылышын суырып алып, келгенін келгендей басын қағып алып тұрды. Сонда ақырғы қалған жетінші кемпір жоқ болып кетіп, құр бір бас домалай қашты, - делінеді.

Ал, «Аламан мен Жоламан» ертегісінде:

Кемпір баланы көріп, артына қарап сұрланып, ақырған кезде, бала қақ маңдайынан жалғыз көзден басып қалады. Кемпір өкіре құлайды. Құлап жатып: «Батыр болсаң, тағы ат!» дейді. Бала атпайды. Себебі, егер екі рет атса, жалмауыз кемпір қайтадан тіріліп кетеді екен, - деп, жалмауыздың ерекше жаралғандығын баса көрсетеді.

«Ер Төстік» ертегісіндегі жалмауыз кемпір де асқан қайраттың, долы күштің иесі. Ол ертегіде былайша сипатталады:

Ерназар ат ерттеп мініп, Құба інгенді айнала қарап жүрсе, анадай жерде тұрған Құба інген көрінеді. Қасына келсе, бұйдасы бір көкпекке оралып қалған екен. Жанында бір тал бар екен, талдың түбінде бір жарбиған жаман кемпір отыр.

— Шеше, шеше! Ана түйенің бұйдасына қол жалғап жіберші? — дейді Ерназар.

Кемпір сонда:

— Тұрсам отыра алмаймын, отырсам тұра алмаймын, шырағым! Әперуге әлім жоқ, нашар адаммын! — деп мүләйімсиді.

Кемпірдің сөзіне нанып, бұйданы іліп алайын деп еңкейе бергенде, Ерназарды кемпірекең шап беріп жағадан ала кетеді. Ерназарда тапжылуға шама жоқ. Олай-бұлай жұлқынып байқап еді, болатын көрінбейді, кемпір қысып әкетіп барады, Ерназардың мойны үзіліп, буынып барады, шыбын жаны шығып барады.

Ерназардың «қоя бер» дегеніне кемпір қоя беруші болмады, өлетін болған соң Ерназар жалына бастады:

— Ағарған сақал, шашым бар! Қартайып келген жасым бар! Тоғыз келінімді жаңа ғана түсіріп, жаңа ғана қызығын көрейін деп отырмын. Қоя бер мені, шешежан, — дейді.

Жоқ, — деп кемпір қысып қояды, Ерназардың жаны шығып барады. Көріп отырғанымыздай, алпамсадай еркекті алқымынан алып, жанын мұрнының ұшына келтіру алып күш иесінің ғана қолынан келетін іс. Кемпірдің күшінің алдында Ерназар қауқарсыз. Ертегіні ары қарай оқысақ:

Сонда кемпір: «Сен бе едің, Төстік, алдаған? Сені ме, Төстік, қап, бәлем!» — деп тамағы қырылдап, өкпесі сырылдап, шашы жалпылдап, көзі жарқылдап, тістері сартылдап, қатты сасып, етегін басып, Төстікті

қуа жөнеледі. Төстік қашып келеді. Кемпір қуып келеді. Бір мезгілде тау қаңбақтай ұшады, тас бұршақтай жауады. Шалқұйрықтың құйрығына қазандай қара тас орала кетеді. Шалқұйрықтың шапқан салмағына шыдамай, қара жер қақ айырылады, деген үзіндіге жолығамыз. Жабы емес, Қазанат, ер серігі, қолғанат – Шалқұйрықтың шабысынан қалмай, ілесе қуып келе жатқан жалмауыз кемпір де осал жау емес.

«Алтын сақа» ертегісіндегі жалмауыз кемпір де сиқырлы күш иесі. Ол байға алдымен су бетінде қалқып жүрген өкпе түрінде кездеседі. Өкпеге алаңсыз жақын келіп, ешбір қауіп-қатерді ойламай тұрған байды шап беріп қылқындырып, жанын мұрнының ұшына әкеледі. Бұдан жалмауыздың қайратты екені байқалады.

Мыстанда құбылушылық қасиет жоқ. Ал жалмауызда құбылушылық қасиет бар. Ол «Керқұла атты Кеңдебай» ертегісінде сұлу қыз түрінде құбылса, «Алтын сақа», «Алтын топай» ертегілерінде су бетінде қалқып жүрген шикі өкпе болып көрінеді.

Бұл көрініс «Алтын топай» ертегісінде былайша беріледі:

– *Өткен уақытта бір бай болыпты. Мұның перзент дегенде жалғыз ұлы болады. Бай бір күндері жылқыларын суаруға көлге келсе, көлдің ішінде бір қып-қызыл шикі өкпе жүзіп жүр екен. Байдың айдап келген жылқылары көлдегі жүзіп жүрген өкпеден үркіп, суға түспей қояды. Әлгі жерде бай жылқыларын иіріп, құдыққа қанша айдаса да суға түсіре алмайды. Сол арада бай құрығын қолына алып суда жүзіп жүрген өкпені түрткен екен, өкпе суға батып кетеді де әлден уақытта жалмауыз кемпір болып судан шыға келіп, байдың жағасынан ала кетеді.*

Жалмауыздың сиқыры тісінде. Тісін жұлып алып, лақтырғанда тісі шауып келе жатқан тайдың аяғын жұлып түседі. Алып бәйтеректің түбін қазуға да кемпір тісін пайдаланады. Ол тісін жұлып алып, күрекке айналдырады.

Белгілі ғалым С.Қондыбай: «Ертегілерде жалмауыз кемпір бәрін істей біледі, оның қолынан келмейтіні жоқ: ауру, жарымжан адамдарды емдейді, өліні тірілтеді. Мысалы, бірталай ертегілерде жалмауыз кемпір ақсақ, соқыр, қолы жоқ кейіпкерлерді жұтады да, оларды сап-сау қылып қайтадан құсады («Жеті басты жалмауыз кемпір», «Үш ағайын», «Кедейдің үш баласы», «Құланайжарқын» т.б.), кейіпкерлерге ақыл, кеңес беріп отырады («Екі жетім», «Жүсіп мерген» т.б.) - дей келіп, «Осы салада көп еңбек сіңірген ағамыз С.Қасқабасов өз еңбегінде «Мыстан кемпір сол арғы тегі алып қарақұстың кейінгі атауы», – дейді. Шынымен де, «жұтқыш, адам жегіш» мыстан кемпір мен «жұтқыш» алып қарақұстың функцияларының бірдей екендігін көруге болады, яғни

мыстан кемпір мен алып қарақұс — бір ғана бастапқы мифтік тұрпаттың кейінгі ертегілік кейіпкері болып табылады, - деп талдау жасайды.

Қорыта айтқанда, жалмауыздың өзіне тән мынадай қырлары бар:

1. Құбылушылық қасиет, яғни ол бір түрден екінші түрге сиқырдың күшімен ауысып отырады.

2. Жойқын күштің иесі.

3. Адамның етін жейді. Жерасты патшалығында тұрып, қолға түскен тұтқындармен қоректенеді.

4. Дәудің ұлдарымен бірге өлілер мен тірілер әлемінің шекарасын, жерасты патшалығының есігін күзетеді.

5. Оны өлтіру оңай емес.

Аталған қырларына қарай «жалмауыз — кейпі ұсқынсыз, аузында өте сирек, ақсиган тістері, бойында жойқын күші бар, адамнан гөрі айуандық сипаты басым ұнамсыз кейіпкер» деген анықтама бере аламыз.

Мыстан бейнесі де, жалмауыз бейнесі де ғалымдардың назарынан тыс қалмаған, зерттеліп жүрген бейнелер. Филология ғылымдарының докторы, профессор Зұфар Сейітжанұлы фольклорлық шығармалардағы мыстан бейнесі туралы: «Көне эпостарда жан-жақты көрінетін жауыздық бейне — Мыстан кемпір. Мыстан образы түркі-моңғол халықтарының эпосы мен ертегілерінде жиі ұшырасатын кейіпкер. Ол бірде айлакер, барлық жағдайды күні бұрын болжап отыратын, сөйтіп батырдың жолына алдын ала тор құратын жауыз кемпірдің кейпінде суреттелсе, бірде жеті басты жалмауыз, нағыз дүлей күштің иесі ретінде бейнеленеді. Бірде Мыстан, бірде жалмауыз деп аталатын бұл кейіпкердің адам баласына ешқандай қайыры жоқ, нағыз зұлымдық иесі екенін байқауға болады», - деп қорытады.

Ал, фольклортанушы ғалым Ш.Ыбыраев: «Мифтік ұғымдардан қазақтың көне эпостарында көптеген белгілер сақталған. Жалпы, көне эпостарда ерекше жинақталып, тұтас көрінетін жауыздық бейне — мыстан кемпір. Ол бірде айлакер, барлық жағдайды күні бұрын болжап отыратын, сөйтіп, батырдың жолына алдын ала тор құратын жауыз кемпірдің кейпінде суреттелсе, бірде жеті басты жалмауыз, нағыз дүлей күштің иесі ретінде суреттеледі», - деп түйіндейді.

Десек те, біз мыстан мен жалмауыз кемпір екі бөлек бейнелер деген пікірді ұстанамыз. Мыстан — адам сипатты, айла-амалы, қулық сұмдығы мол кейіпкер болса, жалмауыз — құбыжық сипатты, адамды қорек ететін, сиқырлы күш иесі. Біріншісінде — пендешілік, ал екіншісінде — демондық қасиет басым. Бұл екі бейнені біріктіретін бір мақсат бар. Ол — бас қаһарманға мейлінше кедергі келтіру, бас қаһарманның жолына тосқауыл болу, оның мақсат-мұратына жетуіне бөгет жасау. Осы мақсатқа жету жолында біріншісі — айланы, ал екіншісі — сиқырды пайдаланады.



Сәрсенбай ҚҰЛМАНОВ
А.Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институты терминология
бөлімінің басшысы, филология
ғылымдарының кандидаты

Ісқағаздарын қалыптастырудағы аударманың рөлі

Мемлекеттік тіл — маңызы Қазақстан Республикасының рәміздері — Мемлекеттік Туымен, Мемлекеттік Елтаңбасымен, Мемлекеттік Әнұранымен бірдей саналатын қастерлі нышан. Сондықтан еліміздің әрбір азаматы мемлекеттік тілді меңгеріп, осы тілде ауызекі қарым-қатынас жасап қана қоймай, мемлекеттік басқарудың барлық деңгейінде ресми қарым-қатынас жасауды қамтамасыз етуге, яғни оның барлық салада өз дәрежесінде қызмет етуіне атсалысуы қажет.

Қазіргі кезде қазақ тілінің қоғам салаларындағы қолданысының кеңеюіне байланысты қазақ ресми-іскери стилінің функционалдық стильдер қатарындағы жеке стильдік тармақ ретіндегі орны мен рөлі күн санап артып келеді.

Қазақ тілінің функционалды стильдерінің тарихы Р.Сыздық, М.Балақаев, Е.Жанпейісов, Б.Әбілқасымов және т.б. сияқты қазақ ғалымдарының еңбектерінде қарастырылды. Ғалымдардың зерттеулерінде қазақ ресми тілінің тарихы «жазба кітаби тіл» материалдарынан басталады [1]. Біздің ойымызша, біріншіден, қазақ ісқағаздарының тарихын руна жазбаларынан бастаған жөн

сияқты. Өйткені, онда жазылған ақпараттың иесі (адресат) белгілі, қандай да тарихи мәлімет берілген, кімге арналғаны (адресант) да айқын жазылған. Екіншіден, би-шешендеріміздің ауызша ресми тілі қалыптасқаны да ісқағаздарының дамуына үлкен ықпалын тигізді деп ойлаймыз. Қазақ ісқағаздарының келесі бір үлгісі — қазақ хандарының өзара немесе басқа мемлекеттердің басшыларымен жазысқан хаттары. Ал қазақ ісқағаздарының даму тарихындағы қазіргі кең таралып отырған үрдіс — орыс тіліндегі құжаттарды аудару екендігі баршаға мәлім. Сондықтан бұл үрдісті қазақ ісқағаздарының төртінші қалыптасу көзі деп санаймыз.

Ғалымдар ісқағаздарын жанрлық жағынан түрліше топтастырады. Мысалы, бір оқу құралында ісқағаз үлгілері мақсат-мазмұнына қарай үшке бөлінсе: 1) кеңселік ісқағаз үлгілері (*өмірбаян, өтініш, арыз, бұрыштама, сенімхат, қолхат, түсініктеме*); 2) іскерлік ісқағаз үлгілері (*түйіндеме, мінездеме*); 3) қызметтік хаттар үлгілері (*өтініш хат, ресми хат, ұсыныс хат, сұраныс хат, жолдама хат, баяндау хат, ақпарат хат, циркуляр хат, жеделхат, телефонхат, анықтама, бұйрық, бұйрықтан көшірме, хаттама, хаттамадан көшірме, келісімшарт*) [2, 5-8], екінші бір еңбекте іс құжаттары былайша жіктеледі: 1) мазмұны бойынша: *әкімшілік мәселелер; материалдық-техникалық жабдықтау мәселелері; жоспарлау; бухгалтерлік есеп; кадрлау даярлау; сыртқы сауда қызметі және т.б.*; 2) шығарылуына қарай: *ресми және жеке құжаттар*; 3) атауы бойынша: *актілер, сауалнамалар, ведомостер, хаттамалар, нұсқаулықтар, есептер, бұйрықтар және т.б.* [3, 20-21].

Қазақ тіл білімінде ісқағаздар жанрын терең зерттеген профессор Л.Дүйсембекова оларды түрлеріне байланысты төмендегіше топтастырады:

1) **мазмұны мен қызметіне қарай:** *жеке адамға қатысты және қызметтік ісқағаздары.* Жеке адамға қатысты ісқағаздарына мыналар жатады: *өмірбаян, арыз, сенімхат, қолхат, хат, төлқұжат, куәлік, білімі туралы куәлік* т.б. *Төлқұжат, куәлік, білімі туралы куәлік* сияқты құжаттарды мекемелер азаматтардың өз қолына береді. Қызметтік ісқағаздары мекеме немесе сол мекеменің жауапты адамының атынан, ал жеке ісқағаздары жеке азаматтар атынан жазылады. Қызметтік ісқағаздарына мекемелер мен ұйымдардың іс жүргізу барысында дайындайтын барлық құжаттарын жатқызуға болады. Мысалы, *қызметтік хаттардың барлығы, бұйрық, хаттама* т.б.;

2) **жасалу орнына қарай:** *мекеменің ішкі ісқағаздары және сырттан келіп түсетін ісқағаздары;*

3) **формасына қарай** *типтік, трафареттік және еркін мәтінді.* Типтік ісқағаздарына қалыптасқан мәтін-үлгі бойынша жазылатын ісқағаздары жатады. Мысалы, *арыз, өтініш* т.б. Трафареттік ісқағаздары деп мәтінінің белгілі бір бөлігі алдын ала типографиялық әдіспен басылып дайындалған құжаттарды айтамыз. Мәтінінің алдын ала дайындалған бөлігінде өзгермейтін ақпарат жазылады. Еркін

мәтінді ісқағаздарына белгілі бір мәселе, ғылыми немесе әдеби еңбек, өнер туындысы т.б. туралы ресми түрде жазылатын құжаттар жатады;

4) **шығу, жасалу сатысына қарай:** *түпнұсқалық және көшірмелік.* Түпнұсқалық ісқағаздарына кез келген құжаттың бірінші рет жасалған нұсқасы (оригинал) жатады. Ал көшірмелік ісқағаздарына түпнұсқаның мәтіні сол күйінде, өзгеріссіз сақталып алынған толық нұсқасы немесе белгілі бір бөлігі жатады. Көшірмелік ісқағаздарына кез келген құжаттың көшірмесін (диплом көшірмесі, бұйрықтың көшірмесі т.б.), дубликатын жатқызуға болады. Үзінді — құжаттың қажетті бөлігінің мәтіні өзгертілмей жазылған, қолға берілетін нұсқасы. Дубликат — құжат жоғалған кезде берілетін құжаттың түпнұсқасымен күші бірдей көшірмесі;

5) **мазмұнына қарай:** *ұйымдық, өкілеттік және анықтамалық-ақпараттық.* Ұйымдық құжаттарға мекеменің ұйымдастырылуына, құрылуына қатысты құжаттар, мысалы, *штат кестесі, ішкі тәртіп ережесі, жарғы, қызметтік нұсқау* т.б. жатады. Өкілеттік құжаттарға мекеменің қызметтік іс-әрекеттеріне және қызметкерлеріне байланысты жазылатын бұйрықтар мен нұсқаулар, ал анықтамалық-ақпараттық құжаттарға *хат, жеделхат, телефонхат, түсініктеме, мәлімхат, акт, анықтама* және т.б. қызметтік хаттар жатады.

6) **қолдану орнына қарай:** *мекемеішілік, мекемеаралық, мемлекеттік және халықаралық* [4, 15-19].

Іс құжаттары мемлекетаралық қатынастарда, мемлекеттің өз азаматтарымен және олардың бірлестіктерімен, сондай-ақ мекемелер мен кәсіпорын ішіндегі азаматтар арасындағы ресми қатынастарда және шаруашылық субъектілерінің арасындағы қатынастарда қолданылуына орай іс жүргізу құжаттары стилі *дипломатиялық, заң шығарушылық* және *күнделікті іс жүргізу* сияқты түрлерге жіктеледі [5, 5].

«Ісқағаздарын жүргізу» атты В.Салагаев пен Б.Шалабайдың еңбегінде ісқағаздары былайша топтастырылады: **белгілеу тәсіліне қарай** — *жазба, графикалық, акустикалық* (фото, кино, бейне-құжаттар); **мазмұнына қарай** — *ұйымдық-өкімдік, қаржы есеп, жабдықтау-өткізу* құжаттары; **атауына қарай:** *ережелер, бұйрықтар, хаттамалар, жарғылар, арыздар, хаттар* т.б.; **түріне қарай** — *типтік, үлгілік, жекелік, қалыпты, жалпыға бірдей; толтыру орнына қарай* — *ішкі және сыртқы (кіріс, шығыс); орындалу мерзімі бойынша* — *жедел және жедел емес* (жай); **шығу тегіне қарай** — *қызметтік және ресми-жекелік* (атаулы); **қолданылу қолжетімділігіне қарай** — *күнделікті қызметте қолдану үшін және құпия; заңдылық күшіне қарай* — *шын және жалған; жасалу сатысына қарай* — *түпнұсқа* (бірінші данасы) және *көшірме; сақталу мерзіміне қарай* — 10 жылдан жоғары тұрақты мерзімге сақталатын және 10 жылға дейін уақытша сақталатын құжаттар [2, 10].

Біз бұл мақаламызда қазақ ісқағаздарының түрлеріне сипаттама бере отырып, бұл саланың қалыптасуы мен дамуына аударма үдерісінің тигізетін әсері туралы аз-кем сөз етпекпіз.

Аударманың кез келген түрінде, соның ішінде ресми ісқағаздарын аударуда құрылымдық ерекшеліктерді сақтаумен қатар, түпнұсқа мәтіннің мазмұнын (ойды) дәл беру талап етіледі. Сондықтан ісқағаздары аудармасы, негізінен белгілі бір саладағы білімге сүйенумен жасалады: түпнұсқа мәтінді тепе-тең дәрежеде ұғына білу және түпнұсқа мәтіні мен аударма мәтініне жүзеге асырылатын терминологиялық жүйені білу. Мұндағы жоғары өлшем – түпнұсқа және аударма мәтіндерінің баламалығы. Ресми-іскери аудармада екі түрлі тілдегі мәтін шектеулі қатаң заңдылыққа негізделеді, олардың әртүрлі оқылуы мен түсінілуіне жол берілмейді. Сондықтан жазбаша ресми аударманың құжаттық, заңдық-құқықтық түпнұсқасы қатаң сақталады.

Ісқағаздарын аудару кезінде қолданылатын жекелеген лексикалық бірліктің, сөз тіркесінің, грамматикалық тұлғалардың белгілі бір стильге, яғни ресми стильге бағындырыла қолданылуы қажет. Бұл әрекет ісқағаздар тілін стандарттау үдерісіне алып келеді. Сондықтан ісқағаздар тіліндегі стандарттау процесі тілдің барлық деңгейін – лексикасын, морфологиясын, синтаксисін қамтиды. Осының нәтижесінде тұрақты тілдік стереотип қалыптасып, тілдің нормаға түскен мәтіндерден тұратын ерекше типін жасайды. Стандарт тілдік бірліктердің негізгі қасиеті – олардың құрылымы мен семантикасының тұрақтылығы, өзгермеген, дайын күйінде қолданылуы болып табылады. Әдеби тілдің басқа стильдік тармақтарымен салыстырғанда ресми-ісқағаздар стилінде стандарт тілдік бірліктердің кеңінен қолданылуы бұл стильдердің ойды анық жеткізу, мазмұнды дәл беру, барынша қысқа, барынша нақты тұжырымды талап ететін негізгі ерекшеліктерінен туындайды.

Қазіргі кезде қазақ тілінде ресми-іскери стильдің қарапайым үлгілерінен (*өтініш, арыз, мінездеме* және т.б.) бастап, нормативтік-құқықтық құжаттарға (*жарғы, жарлық, ереже, келісім, заң* және т.б.) дейінгі нысандары болғанымен, олар түгелге жуық аударма процесі (кейбір құжаттардың ағылшын тілінен тікелей аударылатынын қоспағанда, негізінен орыс тілінен аудару) арқылы жүзеге асырылады. «Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығының дерегіне сүйенсек, әр жыл сайын бір мыңға жуық нормативтік-құқықтық актілер қабылданады екен. Қазірдің өзінде мыңға жуық заң, жиырма мыңға жуық нормативтік заң актілері бар. Осының бәрі орыс тілінде жазылып, содан соң барып мемлекеттік тілге аударылады...» [6]. Бұл ертеректе келтірілген дерек болғанымен, бұдан кейінгі жағдай оң сипатта өзгерді деп айта алмаймыз. Қабылданып жатқан нормативтік-құқықтық құжаттарды, стандарттарды және т.б. орыс тілінде әзірлеп, қазақ тіліне аудару жалғасып келеді. Түпнұсқасы қазақ тілінде жазылып, қабылданған заңнамалық құжаттар саусақпен санарлық. Сондықтан қазақ ісқағаздарын қалыптастырудағы аударманың рөлін зерттей түсу лингвистикалық тұрғыдан өзекті мәселенің бірі ретінде қалып отыр.

Бұл мәселе турасында Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығымен бекітілген «Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында»: «Құжат мәтіндерін мемлекеттік тілде даярлаудың орнына оларды ресми қолданылатын тілден аударудың кең тараған тәжірибесінің мемлекеттік органдар жұмысында одан әрі беки түскен процесі белең алып барады. Соған қарамай, ол тек уақытша шара ретінде қарастырылуға тиіс. Сондықтан мемлекеттік тілде жасауға кезең-кезеңімен көшуді жүзеге асыру керек», – делінген [7, 89]. Бұдан кейінгі Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» аталған: «Қазақ тілі толыққанды күнделікті қызметтік және кәсіптік қарым-қатынас тіліне айналуға тиіс. ... Халықаралық кездесулер өткізіп, шарттарды, келісімдерді және өзге де халықаралық актілерді ресімдеу кезінде мемлекеттік тіл негізгі тіл болуға тиіс» деген міндеттер қойылды [8]. Осы мақсатта атқарылып жатқан жұмыстар да аз емес. Десек те, қазақ ісқағаздарын, ғылым тілін қалыптастыруда аударма оң әсер ететін (әрине, біліксіздік пен немқұрайдылықтан туындайтын теріс әсерді есептемегенде) құбылыс ретінде саналады.

Сондықтан тәржімаланған ресми құжаттардың барлық түрлері тілде жүріп жатқан қарқынды үдерістердің барлығын да қамтыды: жалпы қолданыстағы лексиканың термин ретінде актуалдануы, әдеби тілге ене қоймаған лексикалық бірліктердің терминдік мағына иеленуі, синонимдік қатарлардың мәнмәтіндік, стильдік қызметінің артуы, сөзжасам жүйесіндегі сапалық-сандық өзгерістер тәрізді лексикалық парадигмалардың жаңалықтары ресми-іскери тілде айқын байқалады [9, 94].

Қазіргі кезде ісқағаздарын орыс тілінен аударудың себептерін профессор Л.С.Дүйсембекова былайша түсіндіреді: «Бұған бірінші себеп – біздің мамандарымыз бен ісқағаздарын жүргізушілеріміздің бірден қазақ тілінде ісқағаздарын жүргізуге дайын еместігі, екінші себеп – ісқағаздарын қазақша жүргізуде белгілі бір тәжірибенің, қалыптасқан жүйенің болмауы. Осыған байланысты бүгінгі таңда ісқағаз мәтіндерін түгелдей орыс тілінен аударып, бір сөзін, бір тіркесін мүлт жібермей тізіп отыру, ісқағаздарының мәтіндерін орыс тілінің заңдылығына орай қалыптастыру құбылысы белең алып отыр» [10, 112]. Ғалым қазіргі қазақ ісқағаздар тілін қалыптастыруда аудармаға қатысты қалыптастыра алмай, ретке келтіре алмай жатқан тұстарымызға мысалдар келтіреді. Мәселен, «жоғары оқу орындарында *«Введение в политическую науку»* деген пән бар, оны диплом қосымшасында *«Саяси ғылымға кіріспе»* деп жазып жүрміз. *«Саясаттану ғылымына кіріспе»* немесе қысқа да нұсқа етіп *«Саясаттануға кіріспе»* деп алсақ дұрыс болар еді. Сондай-ақ *«О переводе студентов на последующий курс обучения»* деген бұйрық

«Студентті курстан курсқа көшіру туралы» деп аударылып жүр. Сөзбе-сөз аударсақ, «Студентті оқытудың келесі курсына көшіру туралы» болады. Дұрысы «Студентті келесі курсқа көшіру туралы» сияқты, орысша нұсқасында *обучение* деген сөз болғанымен, қазақша нұсқасына *оқытудың* деген сөз қажет емес, себебі мұнда *студент* деген сөздің болуының өзі-ақ мәселенің оқу туралы екендігін білдіріп тұр», – [10, 113] деп, қазақ тіліндегі грамматикалық тұлғалардың қолданысына талдау жасай келе: «Қазақ тіліндегі қимылдың болып жатқандығын, әлі де болатындығын жасанды -уда форманты арқылы емес, қазақ тілінің өз заңдылығына сай көмекші етістіктер арқылы берілуін дұрыс деп есептейміз. *Игі іс жалғасын табуда* демей-ақ, *Игі іс жалғасын тауып отыр. Олардың қатары күн сайын өсуде* демей-ақ, *Олардың қатары күн сайын көбейіп отыр* десек, қазақша болмас па еді», – деген ой тастайды ғалым Л.Дүйсембекова [10, 114]. Алайда көпшілікке әсер ету күші басым бұқаралық ақпарат құралдарында (телевидение, радио, газет-журнал) сөз тіркестерін, оралымдарды қайталамау, жазуда (айтуда) үнемділікке ұмтылу, тыңдаушыға (оқушыға) әсер ету сияқты мақсаттарда -уда формантының жұмсалыуы жиілігі, яғни қолданымдық белсенділігі артып отырғанын жасыра алмаймыз.

Ісқағаздарын аудару кезінде шығыс (аударылатын) және кіріс (аударма жасалатын) тілдің лексикалық (негізінен, терминдер) бірліктерін аудару және қалыптастыру бірінші мәселе болса, екіншіден, синтаксистік құбылыстар жете ескерілуі қажет. Мысалы, орыс тілі мен қазақ тілінің заңдылығы әртүрлі болғандықтан, сөйлем құрылысы, сөйлемдегі сөздердің орын тәртібі бір-біріне сай келе бермейтіні белгілі жайт. Осындай жайттарды ескермеудің салдарынан төмендегі мысалдан тілдік нормадан ауытқуды және қазақ тіліне аударылып отырған құрылымдардың түпнұсқа тілінің (бұл жерде орыс тілінің) ықпалына түсуін байқауға болады. Түрлі құжаттарда, мәселен, бұйрық пен өкім соңында төмендегідей сөздер жазылады:

ВНЕСЕНО: _____ *Учебно-методическое управление*

СОГЛАСОВАНО: _____ *Проректор по учебно-методической работе*

Мұндай құрылымдар орыс тілінің синтаксистік жүйесінің әсерінен қазақ тіліне қате аударылып жүр:

ЕНГІЗІЛДІ: _____ *Оқу-әдістемелік басқарма*

КЕЛІСІЛДІ: _____ *Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректор*

Бұл құрылымдағы сөздердің орын тәртібі орыс тілінің заңдылығына емес, қазақ тілінің заңдылығына сүйене отырып, былайша берілуге тиіс:

Оқу-әдістемелік басқарма _____ *ЕНГІЗДІ*

Оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен _____ *КЕЛІСІЛДІ*

[10, 115].

Қазіргі іс жүргізудегі аударма материалдарды: а) салалық құжаттар тіліндегі оралымдардың аудармасы; ә) салалық кәсіби сөздердің аудармасы; б) жекелеген жаңа сөздердің аудармасы (қазіргі тіл білімінде терминдердің бір түрі ретінде пайда болып, жасалып, өзге

тілдерден алынып жатқан ұғымдарды неонимдер деп атайды — Е.Ә.); в) салалық терминдердің аудармасы және т.б. деп топтастырып көрсетуге болады [11, 124]. Көріп отырғанымыздай, ісқағаздары аудармасында да тілдің әртүрлі деңгейлері қамтылып, мұндай аударма мәтіндер (әрине сәтті шыққан жағдайда) ұлттық тілдік қордың бір көзі ретінде қалыптасып келеді.

Аударманың арқасында қазақ тілінің ісқағаздар стилі әртүрлі тілдік бірліктермен толығып отырғаны оң нәтиже болса, екінші қырынан, жоғарыдағы мысалдардан аңғарғанымыздай, қазақ тілінің сөйлем құрылымдарын шұбалаңқы өзге ойлау жүйесіне салып жатқан тұстар, қазақ тілінің табиғатына жат қолданыстар да аз емес. Біздіңше, бұл да аудармашылардың шеберлігінің төмендігіне немесе тәжірибесіздігіне, қабілетсіздігіне орай болып жатқан жайттар. Ісқағаздарының аудармасында орыс тіліндегі сөйлемдегі бірде-бір сөзді қалдырмай аударуға тырысу үдерісі бар. Бұл сөзбе-сөз аударуға, құрылымды өзгертпей аударуға деген ұмтылыстан туындап отыр. Бұл кемшілікті түзетуге жетелейтін тәсіл мазмұнды жіті ұғынып, оны беруде қазақ тілінің құрылымын дұрыс пайдалану деп санаймыз.

Ресми қарым-қатынаста дұрыс сөйлеп, дұрыс жаза білу үшін ресми стильдік элементтерді бейтарап стильдік элементтерден ажырата білу, қазақ тіліндегі сөйлем құрылысының заңдылығын сақтау, орфографиялық, орфоэпиялық, синтаксистік норманы білу, қазақ тілінің табиғи қалпын сақтау қажет деген талаптар қойылады [10, 116]. Өкінішке қарай, бұл талаптарды әліге дейін толыққанды орындай алмай жатқан жағдайларымыз кездеседі. Мысалы, мекемелер мен кәсіпорындарда бірінші басшының лауазымына немесе басшылық құрам өкілдерінің лауазымдарына айрықша мән беру үшін *Басқарма Төрағасы*, *Басқарма Төрағасының Бірінші орынбасары* және т.б. атауларды орыс тіліндегі *Председатель Управления*, *Первый заместитель Председателя Управления* деген қолданыстардың аударма-көшірмесі (!) ретінде жазу дағдыға айналып барады. Бұл — орфографиялық заңдылыққа сыймайтын қателік. Өйткені белгілі бір атауды білдіретін сөз тіркестерінің, дұрысында күрделі атаулардың бірінші сөзі ғана бас әріппен жазылуға тиіс.

Қазіргі қазақ тілінде қысқарған сөздерді бірізге түсіру (қысқарған сөздердің сөздігін жасау) мәселесі де өткір тұр. Мысалы, мекемелерде құжаттар тілінде сөздерді, атауларды қысқартып қолдануға деген «құштарлық» (орыс тіліндегі мәтінде қысқарған сөз қолданылған жағдайда) байқалады. Осы орайда, кейбір сөздердің қысқартылуы түсініксіз болып қала берсе, кейбір қысқартулар бірдей нұсқада болып шығады. Мысалы: ҚҚБ — *құқықтық қамтамасыз ету басқармасы*, ҚҚБ — *құжаттық қамтамасыз ету бөлімі* және т.б. [11, 126].

Сонымен қатар қазіргі ісқағаздарын аудару үдерісінде жалпы аудармаға қойылатын *түсініктілік, қарапайым стильмен беру, сөйлемнің жатықтығы мен сөздердің, сөйлемдердің арасындағы байланыстың сақталуы* сияқты талаптардың ескерілмей жатқандығын

айта кеткеніміз жөн. Ісқағаздарын аудару кезінде қолданылатын жекелеген сөзді, грамматикалық тұлғаларды ресми стильге оңтайландыра қолдану үшін *орын алмастыру, ауыстыру, қосу, түсіріп кету* сияқты трансформациялық процестердің қай-қайсысын да орнымен, мүмкіндігінше пайдалануға болады деп санаймыз.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында» жасалған «Энциклопедияларды, ғылыми-публицистикалық, іскерлік, көркем және басқа да әдебиеттерді түпнұсқа тілінен қазақ тіліне аудару ісін ұйымдастыру және көп таралыммен шығару мемлекеттік тілдің қазіргі қолданбалы ғылым тілі ретіндегі рөлін барынша күшейтуге мүмкіндік береді» [8] деген тұжырым да аударма ісінің қоғамның барлық саласындағы маңызды рөлін аңғартады. Сондықтан қазақ ісқағаздарын аудару арқылы қалыптастыру тіл саясатын жүргізудің, ісқағаздарын қазақ тілінде жүргізудің алғашқы кезеңіндегі құбылыс болып қалып, ісқағаздарын бірден қазақ тілінде жазып, қазақ тілінде жүргізетін кез жеткен тәрізді.

Сонымен ісқағаздар пәнінің қарастыратын мәселелерін төмендегіше қысқаша топтастырамыз:

- ресми ісқағаздарының стильдік ерекшеліктері;
- ресми ісқағаздарының коммуникативтік мақсатқа сәйкес ішкі тармақтарының ерекшеліктері;
- ресми ісқағаздарының тілдік және құрылымдық белгілері;
- ресми ісқағаздарының ресімделуі (орфографиялық, орфоэпиялық, синтаксистік норманың сақталуы және құжаттардың құқықтық нормаға сай дұрыс ресімделуі);
- құжат айналымын мемлекеттік тілде жүргізудің практикалық мәселелері.

Әлемдік лингвистика мен қазақ тілтанымындағы ресми-іскери стильге қатысты ғылыми зерттеу еңбектерінен алынған басты қағидаларды салыстыру, қорыту және тілдік фактілерге семантикалық, стильдік талдау жасау барысында төмендегідей тұжырымдарға келіп отырмыз:

- ресми-іскери стиль – құқықтық, саяси, өндірістік, әкімшілік, қоғамдық және халықаралық қарым-қатынастарда қолданылатын, қоғамда қалыптасқан тілдік ахуалға сәйкес қазіргі кезеңде ішкі тармақтарға ұлғайған және күрделенген, стильдік белгілері барынша айқындалған қазақ әдеби тілі функционалдық стильдерінің бірі;

- ресми-іскери стиль функционалдық-стильдік шоғырлану шеңберінде және коммуникативтік мақсатқа сәйкес мынадай ішкі тармақтарға бөлінеді: *азаматтық қатынастарға арналған құжаттар, ақпараттық-анықтамалық құжаттар, нормативтік-жарлықшы құжаттар, ұйымдық құжаттар*;

- ресми-іскери стильдің аталған ішкі тармақтарына тән белгілер:

а) *стильдік ортақ белгілер*: стандарттылық, дәлдік, ықшамдылық,

ресмилік; ә) *тілдік белгілер*: терминдік жүйенің қолданылуы, клише бірліктердің болуы, ойды дәнекерлеуші бірліктердің стандарт бірліктер ретінде орнығуы; номенклатуралық атаулардың толық және қысқарған тұлғаларының сипатты болуы; б) *құрылымдық белгілер*: міндетті нысандардың белгілі бір тәртіппен орналасуы;

- ресми ісқағаздарын бір тілден екінші тілге аударуда тұрпат межесі мен мазмұн межесін ескеру, салалық кәсіби сөздерді аудару, жекелеген жаңа сөздерді аудару (неонимдер), салалық терминдерді аудару мәселелері қарастырылып, орын алмастыру, ауыстыру, қосу, түсіріп кету және т.б. сияқты трансформациялық процестер тиімді қолданылады.

Әдебиеттер

1. Қазақ әдеби тілінің стилистикасы. — Алматы, 1974.
2. Салагаев В., Шалабай Б. Ісқағаздарын жүргізу. Составление деловых бумаг. Учебное пособие. — Алматы: Раритет; Республиканский издательский кабинет казахской академии образования им. И.Алтынсарина, 2000. — 208 с.
3. Асқаров Н.Ә., Нәлібаев Ж.Б., Белғара Б.Б.. Ісқағаздарын жүргізу негіздері: [оқу-қолданбалы құрал]. — Алматы, 2007. — 256 б.
4. Дүйсембекова Л. Қазақ тілі: ісқағаздарын жүргізу. Оқу құралы (Екінші басылым). — Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты» ЖШС, 2011. — 400 б.
5. Оспанова Б. Ісқағаздары. Әдістемелік оқу құралы. — Түркістан: «Ғасыр-Ш» баспасы, 2005. — 356 б.
6. «Ана тілі» газеті, 2003 жылғы 4 желтоқсан.
7. Тілдерді қолдану мен дамытудың 2001-2010 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. Қазақстан Республикасы Президентінің 2001 жылғы 7 ақпандағы №550 Жарлығымен бекітілген // Терминологиялық жинақ — Терминологический сборник. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2002. — 76-95-бб.
8. Қазақстан Республикасы Президентінің 2011 жылғы 29 маусымдағы №110 Жарлығымен бекітілген «Қазақстан Республикасында тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы».
9. Әшірова Б. Қазіргі қазақ ресми ісқағаздары туралы // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). — Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. — 94-100-бб.
10. Дүйсембекова Л. Ресми ісқағаздарын аудару мәселелері // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). — Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. — 111-118-бб.
11. Әбдірәсілов Е. Ісқағаздарын аудару тәжірибесінен // Аударматану (ғылыми-практикалық көмекші құрал). — Алматы: «Тіл» оқу-әдістемелік орталығы, 2008. — 121-126-бб.



Ербол ӘБДІРӘСІЛОВ
ҚР Парламенті Сенаты Аппараты
Редакциялық-баспа бөлімі
меңгерушісінің орынбасары,
филология ғылымдарының
кандидаты

Жаңа ұғымдарды қалыптастырудың кейбір мәселелері

Терминдердің қалыптасуы және соған сәйкес терминология саласының даму бағыт-бағдары қай кезеңде болмасын әртүрлі қоғамдағы қалыптасқан жағдайлармен байланысты болғандығы және сол үрдіс кезеңдер еншісінде өз жалғасын тауып келе жатқандығы терминология тарихы үшін де, қазіргі терминологияның даму ерекшелігі үшін де құпия емес. Жылдар бойы терминдердің қолданысы мен бірізділігіне байланысты өзекті мәселелердің күн тәртібінен түспей отыруының да себептері осы факторлармен және термин шығармашылығын үйлестірудегі бірқатар талаптарды сақтамай отыруымызбен байланысты екендігі жасырын жағдай емес.

Соңғы кездері жап-жақсы қалыптасып үлгірген терминдерді сынау, жұрт үйрене бастаған сәтте сөздің этимологиясын «шарттылық» қағидатын елеместен қазбалау, сөйтіп терминдердің қолданысына балта шабу немесе керісінше, негізсіз аударылған терминдер жасау, жұртшылықты былай қойғанда, мамандардың өзі түсінбейтін аударма сөздердің көбеюі, термин шығармашылығында алдымен қолданысқа

енгізіп, ұсынып, қалыптастырып алып барып сөздікке, нормативтік еңбектерге енгізу талабының сақталмауы, сөздік атаулыға авторлық аудармаларды (эксперименттерді) енгізу, аударма барысында ұқсас ұғымдардың да болатындығын ескермей, мәнмәтіндік қолданыс ерекшелігін есепке алмастан аудару, селт еткен жаңа ұғымның барлығын термин деп қарау сияқты т.б. толып жатқан мәселелер жинақталып отыр.

Тілдің қолданысы — тілдік сананы қалыптастырушы негіз десек, қазіргі терминология мен қоғамда қалыптасып жатқан жаңа сөздердің (Сіздер мен біздер оларды да терминге жатқыза салатын болғанбыз. Жұртшылық үшін тосын сөздің де, аударманың да бәрі — термин сөз. — Е.Ә.) қолданылуына, қолданбай ескі кірме нұсқасын ала салуға да әсер етуші тілді қолданушылардың ұлт тілінде ойлау әлеуеті, тілдік санасы.

Расында терминдердің сынға түсуінде объективті де, субъективті де себептердің бар екендігін жоққа шығара алмаймыз. Бірақ қалай болғанда да, жаңа сөзді іске жаратуымызды қолдауға да, оған кері әсер етуге де байланысты құбылыстар тілдік жағдайымен және тілдік санамен байланысты. Мұны терминологияға әсер етуші сол тілді қолданушылардың тілдік санасымен байланысты түсіндіруге болады. Оны тілдік ойлау деп те атауға болады. Бұл ұлт тіліндегі терминдердің қалыптасуына ықпал етуші психолінгвистикалық факторлар деп те түсіндіруге болады.

Ұлт терминологиясы ұлт тілімен тығыз байланысты тілдік бірлік түрлері. Ұлт тілінің дамуы, оның қоғамдағы қолданыс жағдайы ұлт терминологиясына тікелей әсер етеді. Өйткені екеуі де тілдік санамен тығыз байланысты.

Осы жағынан келгенде, қазақ тілін қолданушылардың терминдерді қабылдау жағдайына арнайы тоқталып өткен жөн. Олай деп тұжырымдауымыздың себебі, қазіргі қазақ тілін білмейтін ұлт өкілдерінің санасы өзге қазақтілділердің санасына ықпал етпей отырған жоқ. Екіншіден, өзге ұлт өкілдерінің Қазақстанда мемлекеттік тілді білмей отыруы да осы мазмұндас сипатта терминологияның қалыптасуына ықпал етеді.

Нақтырақ түсіндірсек, халық қай тілде ойласа, сол тілде жасалған терминдерді қабылдауға бейім болып келеді. Мысалы, жылдар бойы орыс тілінің ұлтымыздың өкілдеріне әсер етіп келуі нәтижесінде, қазіргі кезде олар орыс тілінде сөйлеп, орыс тілінде білім алып, қарым-қатынас жасап, тіпті сол тілде ұрпақ тәрбиелеуді дұрыс көреді. Тіпті, орыс тілінде сөйлейтін қазақтардың тәрбиелеген ұрпақтары да орыс тілінде сөйлеп, орыс тілінде сөйлейтіндіктен, олардан туған қазіргі жас қазақтардың өзінің де мемлекеттік қазақ тіліне бет бұрып, сол тілде ойлауы қиынға соғып отырған жағдайы бар. Өйткені тілдік сана күрделі психологиялық, логикалық түсінік. Оны бірден өзгерту тілшілер үшін де, қоғам үшін де, тіпті өзгерткім келеді, үйренгім келеді

деген жеке тұлғаның өзі үшін де күрделі құбылыс. Айта-айта жауыр болған мәселе десек те, қазіргі терминдердің қалыптасуына кедергі келтіріп отырған психолінгвистикалық фактордың бірі болып қалып отыр.

Бұл да мемлекеттік тілдің қолданысын кеңейтуге, сол арқылы ұлт тілінде жасалған терминдердің қалыптасуына кері әсерін тигізіп отырған жағдайлардың бірі. Тілдік жағдай тіл арқылы онымен байланысты лексикалық бірліктердің дамуына да өз ықпалын тигізген және тигізіп отыр. Өйткені, олар да тілдік санаға, тілді қолданушылардың ойлау тіліне тәуелді. Солардың маңыздыларының бірі — терминдер. Тілді қолданушылардың тілдік санасының өзгеруі терминологияның өзгеруіне немесе керісінше, терминдер құрамының арнайы кірме терминдер қатарымен өзгеруі термин туралы тілдік сананың, термин туралы түсініктің өзгеруіне ықпал етпей қойған жоқ. Бұл қазіргі термин туралы түсінікті күрделендіріп отырған жағдайы бар. Мұндай тілдік бірліктердің қатарына терминнен, жалпы тіліміздегі сөздерден басқа да тілдік бірліктерді мысал ретінде келтіруге болады. Мысалы, мекемелердің атаулары, кафе, мейрамханалар мен дүкендердің, тауарлар мен заттардың, компаниялардың атаулары т.б. осы тәріздес ұғым атауларын жатқызуға болады. Біздіңше, бұл атаулардың елімізде басым бағытта қай тілде аталып, жарнамаларының қай тілде жасалып жүргені арнайы дәлелді қажет етпейтін де болуы тиісті.

Соған қарамастан, ойымыз дәйекті болу үшін бір-екі мысал келтіре кету де артық болмайды. Мысалы, БОШ (BOSH). Атау батыстық арнайы технологиялар мен техникалық жабдықтарды шығарумен айналысатын, сол негізде өз тауарларын Қазақстан жұртшылығына ұсынатын фирма атауы болып саналады. Бұл сияқты белгілі болып кеткен атауларды брендтік атаулар деп те атайды. Оған мысалдарды көптеп келтіре беруге де болар, бастысы, оларды біздің тілдің қолданушылары өзгертіп те пайдаланғысы келмейді. Тіпті, оны ағылшын тілінде қалай жазылса, солай жазу қалыптасып кеткен. Қазақстанда орналасқан дүкендерінің маңдайшаларында осылай жазу кеңінен қалыптасып кеткен. Талданып отырған мәселе қазақ тілінің қолданысына байланысты сыналмай жүрген мәселе де емес. Осы сияқты атаулар, әрине, термин сөздерге жатпайды. Бірақ, табиғаты мен тілдегі қолданыс ерекшелігі терминдерге ұқсас болып келетін лексикалық бірліктердің қатарына жатады. Бастысы мұндай тілдік бірліктерді келтірудегі мақсат — олардың тілдік санамен тығыз байланыстылығында.

Тілдік сананың өзгерісіне дәлел бола алатын тілдік бірліктердің негізгілерінің бірі — жоғарыда айтып өткеніміздей, терминдердің нақты өздері болып саналады. Тілдік сана терминдік сананы да өзгертуге үлкен үлес қосқан. Яғни тілдегі өзгерістер, ойлаудағы өзгерістер ғылыми ойлауға да өз ықпалын тигізбей қойған жоқ. Ғылым салалары бойынша жазылған монографиялар мен ғылыми еңбектердің,

оқулықтар мен оқу құралдарының көпшілігінде қолданылған және қазір де қолданылып жүрген терминдер кірме терминдер болып келеді. Бұл да терминдік сананың қай ұлт тілінде сөйлеуге бейімділігін байқатады. Тіпті, осы монографиялар мен оқулықтардағы, жалпы ғылыми еңбектердегі сөйлем жүйесінің өзі де ұлт тілінде кей жағдайда түсінікті бола бермейді. Бұл қазақ тілінде жазылған еңбектердегі ғылыми ойлаудың қазаққа түсінікті емес екендігін аңғартады. Мысалы, осыған қазақ тіл білімінде жазылған еңбектердің көпшілігінде *единица, форма, сөз формасы, дыбыс формасы, семантика, параллель, ассонанс, прогрессивтік ассимиляция, регрессивтік ассимиляция, сингармонизм, инлаут, унлаут* т.б. сияқты терминдер қолданылып келді. Олардың бірқатары қазіргі еңбектерде аударылып қолданылса, бірқатары әлі де аударылмаған, өзге тілде қалыптаспаған нұсқасында қолданылып келеді. Кейбір ғылыми еңбектерде аударылған терминдердің қазақ тіліндегі нұсқалары бар болса да бұрынғы өзге тілдегі нұсқалары қолданылуда. Бұл да қазақ ғалымдары мен олардың санасындағы ғылыми ойлау жүйесінің толығымен қазақ тіліне, қазақ тілді ойлауға көшпей отырғандығының, сөйлемдерінің қазақ тілінде емес, орыс тілінде сөйлеуінің көрінісі. Былайша айтқанда, түрі қазақша жазылған ғылыми еңбектер болғанымен, мазмұны орыс тіліндегі еңбектер болып саналады. Әрине, ғылыми тұрғыдан, барлық еңбек атаулыны бұлай бағалауға да болмас, бірақ осы құбылыстың, осы ғылыми тілдік сананың қоғамдағы бар құбылыс, бар үрдіс екендігін жоққа шығара алмасымыз анық.

Түрі қазақша, яғни қалыбы қазақша, мазмұны орысша дегеннің нағыз көрініс табатын жері, тілдік қолданысы — құжаттар болып табылады. Құжаттар жағдайындағы аударма мәселесі де жеке талданар. Дегенмен, тілдік бірліктерді, терминдік бірліктерді қамтитын маңызды тілдік материалдар ретінде тілдік сананың, тілге түсінікті мазмұнның қолданылмай жатқан, өзгеріске түсіп жатқан тілдік ортасы осы құжаттар, олардың тілі болып табылады. Құжат тілін аудармаға айналдыру арқылы тілдік сананы, ойлау санасын да аудармаға айналдырудамыз. Сөйтеміз де келіңкіремейтін сияқты, үйлеспейтін сияқты деген сылтаулармен өзге тілдің бірлігін, терминін қолданамыз. Мысалы, осы уақыт аралығында *мұражай, мұрағат* болып қалыптасып үлгерген терминдерімізді «дәл берілмей жатыр» деген сылтаулар негізінде *музей, архив* нұсқасында қайта бекітіп алдық. Қаншалықты орынды?!

Осы тұста сөзсіз оның себептерін іздеудің реті өз-өзінен ойға келері, талдау нысанына айналары заңды.

Тілде, терминтану ілімінде белгілі терминолог-ғалымдардың өзі көрсетіп жүргеніндей, термин тілдік, ғылыми ойлау логикасы, соның негізінде пайда болған ғылыми атау тұжырымы (концепт) мен тілдік бірліктің (лингвистиканың) арасынан туындап, қалыптасады екен. Тұжырым — сөзсіз ғылыми ойлау тілінің жемісі. Осы тұрғыдан

келгенде, тіл арқылы көрініс табатын кез келген ойлау формасы да, ғылыми ойлау формасы да қай тілде ойланса, сол тілде тұжырым жасауға бейім болып тұрады.

Қазіргі аударма тіліне бет бұрған, онымен кәсіби тұрғыдан айналысып отырған мамандардың өзі осы терминдерді, аударылған сөздерді қазақ тілінде қалыптастырудың, оны қабылдаудың тілдік санамен байланысты екендігін ескере бермейді. Өйткені олардың өзі сол аударып отырған, қазақша нұсқада жасаған терминдерінің өзіне күмәнмен қарайды. Ал аудармашылардың тілдік санасындағы құбылыс осындай жағдайда болғанда, оны қолданушылардың тілдік санасындағы терминді қабылдауға деген жағдайының қандай деңгейде екендігін бағамдауға болады. Бұл шын мәнінде, аударма саласында да, термин жасау, қалыптастыру ісінде де қазіргі кезде кеңінен жүзеге асып отырған, қазақтілділердің, мамандардың, аудармашылардың өзі байқай бермейтін құбылыс. Қазақшаланған аударманың өзін тілдік санасы қазақша ойлай алмайтын басшыларды түзеумен әуре болып, түсінуге ұмтылып, бірақ түсіне алмай, соңында бастапқы кірме нұсқасын қалдыруды бұйырып жататын жағдай Қазақстандағы кез келген мекемеде, компанияда, тілді, терминдерді қолданушы жеке адамдар арасындағы қарым-қатынаста күнделікті болып жатқан шындық. Тіпті, терминдердің қолданысына байланысты даулар мен пікірталастардың, әртүрлі көзқарас тұрғысынан туындаған субъективті пікірлердің көп болып жататыны да сондықтан. Бұл шындық — ұлт тілінде термин қалыптастыру ісінде кері әсер етуші тілдік құбылыс болып саналады.

Бұдан шығатын қорытынды — қазақ тілінде атау, сөз, термин жасауға орыстілділердің тілдік санасымен бірге қазақ тілін білетін, түсінетін тілді қолданушылардың өзінің тілдік санасының таза болмауы кері әсерін тигізіп отыр. Терминдерді аудару ісі мүмкіндігінше жүргізілуде екендігі баршамызға белгілі. Бірақ таза тілдік сананың болмауы сол аударылған термин алмауда. Мұнда қазақ тілінде сөйлейтін, жазатын, тіпті қазақ тілінің қазіргі кез келген маманының тілдік санасы таза қазақ ұлтының санасы деп айта алмаймыз. Әрине, сана да қоғамға байланысты өзгеріп, дамып отыратын шығар. Мүмкін, сондықтан қазіргі қазақтардың барлығының санасын, ойлау жүйесін XIX ғасырдағы, тіпті одан беріректегі қазақтардың санасымен салыстыруға болмайтын шығар. Бірақ өркениетті елдердің тілдеріне көз жүгіртсек, термин қабылдау, жасау, қалыптастыру ісіне мән берсек, тілдің, терминологияның дамуы ұлт тілінде, ұлттың ғылыми ойлауынан арылумен өлшенбейтіндігі анық. Сол тұрғыдан келгенде, қазақтардың тілдік санасындағы өзгерістер, ғылыми ойлау жүйесіндегі, терминдерді қабылдаудағы, қолданысындағы өзгерістер құптарлық жағдайда емес.

Егер тілдік, терминологиялық санамыздың өзгерісін ғылыми тұрғыдан, тілдік мысалдармен, нақты дәйектермен дәлелдеу қажет

болса, оған да мысалдар келтіре кетуге болады. Мысалы, кез келген қазақ тілін білетін жеке тұлғаның сөзіне, уже, сразу, может деген сияқты сөздерді қоспай сөйлей алмауы немесе терминологиялық тұрғыдан өзге тілдің терминдерін, кәсіби арнаулы сөздерін қолдануға бойлары үйреніп қалғандығының өзі дәлел бола алады. Айталық, жүргізушілер мен көлік жөндеушілер бөлшек атауларын өзге тілдегі нұсқасында атап үйренген.

Ал аудармашылардың немесе терминдерді қолданушылардың терминологиядағы шарттылықты ұмытып, кез келген терминнің қазақша аудармасынан оның ұғымды 100 пайыз беруін іздеп, кемшілігі бар, дұрыс аударылмаған термин деп шектен тыс бағалап жатуы осы құбылысқа, тілдік санадағы өзгерістерге дәлел бола алады. Қысқасы, әр сөздің этимологиясын қазбалап, бұрынғы кірме нұсқасына қайта алып келу — жаңа сөздер қолданысындағы тұрақсыздыққа алып келері анық.

Әрине, мәселенің екінші жағын да жоққа шығаруға болмас. Ол біреу білсе, біреу білмейтін аударма нұсқалардың көбеюі. Бұл, нақтырақ айтқанда, термин шығармашылығындағы жұмыс сатыларының атқарылмай, зерттелмей, мониторинг жүргізілмей қолданысқа енгізуімізбен байланысты. Көпшіліктің ұсынысына жіберіп алып, қолданушылардың пікірін зерттеп, осымен байланысты шығармашылық жұмыстарды жүзеге асырып барып қана, жасап отырған сөзімізді жұртшылыққа танытып барып қана оны термин ретінде қолдануға, жаңа сөздер ретінде пайдалануға ұсынған орынды жол болмақ.

Тілдік сананың термин қалыптастыру, тілдегі жаңа атаулар мен сөздерді қалыптастыру істерімен тығыз байланысты екендігіне көз жеткізу қиын емес. Дегенмен, оны түзетуге, қалпына келтіруге ұсыныс жасап, дәлел келтірудің өзі де қиын мәселе. Өйткені ол ең алдымен, ұзақ уақыттық үрдіс болып табылатындығы анық мәселе.

Қалай болғанда да, тілдік сана өзгерісі — қазіргі терминологияның ұлт тілінде қалыптасуына ықпал етуші маңызды психолингвистикалық факторлардың бірі болып табылатындығы анық.



Әбдуәли ҚАЙДАР
ҚР ҰҒА академигі, филология
ғылымдарының докторы, профессор

Қазақ тілі этимологиясынан этюдтер

Бүгінгі таңда еркін дамып, толыға да, молыға түскен қазақ тілінің сөз байлығын, оның сан алуан сыры мен сипатын жан-жақты зерттеу, табиғатына үңіле, өзіндік ерекшелігін анықтай беру — сол тілдің қадір-құрметін біле-білген жанкүйер қауымның зерделі де, зейінді сөз зергерлерінің, әсіресе, тамырын тап басып, табиғатын танытын тіл мамандарының алдында тұрған жауапты да ардақты міндеттердің бірі. Оның үстіне, халқымыздың бағзы заманнан бері көне тарихын арқалап, оның барша рухани-мәдени өмірінен сыр шертіп, ұрпақтан ұрпаққа, атадан балаға ауысып келе жатқан асыл мұра — ана тіліміздің тұла бойында әлі де талай сыр жатыр, біз үшін беймәлім жұмбақтар аз емес.

Ол қандай сыр, қандай жұмбақ? Бұл сұрақты қоюшылар: «Ана тіліміздің біз үшін қандай қыр-сыры болуы мүмкін? Ол біздерге анадай жақын, жан дүниемізден, бүкіл табиғи болмысымыздан бөліп алып, жеке-дара болмайтын біртұтас, етене нәрсе емес пе? Ол

ананың ақ сүтімен емізіктеп кіріп, тұла бойымызға түгел тараған, ой-санамызды түгел билеген асыл қасиет болса, сол арқылы біз дүние танысақ, оқысақ, білім алсақ, ойлануды, ойымызды басқа біреуге жеткізуді үйренсек, сезінсек, тебіренсек, сонда да бұл тілдің біз үшін беймәлім сыры, біз білмейтін құпиясы болғаны ма?» - деген дәлел айтуы ықтимал. Орынды сөз.

Солай бола тұрса да, ана тіліміздің сол тілде сөйлеуші қауымға, тіпті, оны жіті білетін ділмар-шешендерге де, сөз өнерін машық еткен зергерлерге де белгісіз жақтары аз емес. Жеке сөздің немесе сөз тіркесінің, мақал-мәтелдердің тіл қауымындағы қолданылатын, беретін лексикалық мағынасы, жалпы мазмұны жұрттың бәріне таныс болуы мүмкін. Бірақ осы ыңғайда қолданылған кейбір сөздерді жеке-дара алып қарайтын болсақ, олардың лексикалық, грамматикалық және басқа сөздерге қатысты мағынасын ажырату, тұлғалық жағынан түстеп тану, шығу төркінін анықтау, тілдік табиғатын ашып беру — кез келген адамның қолынан келе бермейтін дүние. Сөзіміз дәлелді болуы үшін мысал келтірейік. Мәселен, қазіргі қазақ тілінде күнделікті қолданылып жүрген мына тәрізді тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерді алайық: *жұрдай болу, түйедей жасты, міз бақпау, мысы құру, сағы сыну, ту сырт, қоқан-лоқы, оқасы жоқ, қан базар, зығырданы қайнау, құрақ ұшу, аза бойы қаза болу, сөзге қонақ бермеу, ұл болмасаң, бұл бол; басы бапандай, аяғы сапандай// басы — бапан, аяғы — сапан; бармасаң бадал, қара жерге қадал; жер астынан жік шықты, екі құлағы тік шықты; құмырсқаның да ауыры бар; оралыңның барында ойна да күл; байтал түгіл, бас қайғы; қонақ кәде; арыстанның аузында, түрікпеннің түбінде, сауран айналып келу; бәледен машайық қашыпты* т.б. Дәл осы тәрізді фактілерді жүздеп келтіруге болады.

Осы мысалдардағы курсив және үзік сызықпен терілген сөздерге назар аударайық. Оларды жеке-дара алып қарайтын болсақ, мағына жағынан да, тұлға жағынан да тіліміздегі басқа сөздермен байланыстыру, төркінін анықтау біз үшін оңайға түспейді. Өйткені бұл сөздердің мағынасы әртүрлі себептермен күңгірттелінген, сөздің өзі сақталса да, халықтың есінде, жадында оның бір замандағы айқын-анық лексикалық мағынасы ұмыт болған.

Осы тәрізді сөздерді мұндай «жағдайға» келтірген объективтік себептердің бірі — тұрақты тіркес шеңберімен шектелуіне байланысты, олардың тілдегі қолданылу жиілігінің азаюы. Сирек қолданылуының салдарынан бұл тәрізді сөздердің лексикалық мағыналары күңгірттенеді, бара-бара архаизм категориясына ауысып, этимологиялық объектіге айналады. Жеке лексикалық элементтердің кейінгі буындар үшін ұмыт бола бастауына екінші бір себеп — олардың тұлғалық, дыбыстық өзгерістерге душар болуы. Бұл жағдай көбінесе шеттен кірген кірме сөздерде байқалады. Тұлғалық, дыбыстық өзгерістер де мағыналық өзгерістер тәрізді,

белгілі морфологиялық және фонетикалық заңдылықтар негізінде пайда болып отырады.

Ана тіліміздің біздерге беймәлім сыры мен сипаты дегенде, біз оның, міне, осы жақтарын айтқымыз келеді. Мақаламыздың мақсаты да осы мәселеге байланысты.

Алайда, бұл мәселе жөніндегі пікірімізді айқындай түсу үшін, этимологиялық этюдтерге көшуден бұрын, тағы бір жағдайды айта кеткіміз келеді. Өз ана тілін жақсы түсінетін, ол тілде жақсы сөйлейтін, жазатын адамға: «Ана тілінде қанша сөз бар және өз басың сол сөздердің қаншасын білесің?» — деп сұрақ қойсақ, бұл сауалға берілетін жауап Қожекеңнің есегінің түгін аспандағы жұлдыздармен шамалағандай, әзіл-қалжыңның ар жақ-бер жағынан шыққан болар еді. Өйткені тілдік қордағы сөз байлығымызды дәл айтып беру қандай қиын болса, жеке бастың лексиконын анықтау да сондай қиын. Бұл тек ғылыми зерттеу арқылы ғана анықталатын мәселе және оны жобалап айтпаса, дәлме-дәл, нақтылы есептеп шығу да оңай емес. Лексиколог ғалымдардың анықтауы бойынша, ұлы Абай өзінің қолтумаларында 6 мыңдай жеке-дара сөз қолданылған екен. Әрине, бұл оның ретіне қарай қолданып, қағазға түсірген (не кейін түсірілген) сөздерінің ғана мөлшері. Сөз жоқ, Абай білген сөздің саны бұдан әлдеқайда көп. Дегенмен, Абай осы 6 мың сөздің өзімен-ақ кешегі қазақ даласының жағдайын, әлеуметтік өмірін жан-жақты жыр етіп, жетер жеріне жеткізіп суреттеп берген жоқ па еді? Олай болса, жеке бастың қажетіне орта есеппен 5-10 мың сөздің өзі де жетіп асады деп жүрген ғалымдардың пайымдауының да жаны бар сияқты.

Бұл мәселе туралы сөз қозғағанда, біздің айтайын деп отырғанымыз басқа: жеке адамның лексиконы, сөз қолдануы жалпы тіл байлығын толық қамтымайды және қамтуы да мүмкін емес. Қанша ділмар-шешен, сөз шебері болса да, ана тілінің өз арнасынан асып-төгіліп, толассыз толығып, ағыл-тегіл болып жатқан сөз байлығын түгел меңгердім, оны бес саусағымдай жіті білемін деп айта қоймас, айта қалса, ол әбестік болар еді. Өйткені жалпы тілдің лексикалық қоры жеке адамның лексиконынан әлдеқайда мол дүние. Оны алысқа бармай-ақ, бір томдық болып шыққан «Абай тілі сөздігі» мен он том болып шығатын (қазір екі томы баспадан шыққан) «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін» сырттай салыстыру арқылы да байқауға болады. Ол шамамен 50 мен 100 мыңның мөлшеріндегі сөз байлығын қамтуы ықтимал.

Сонда ана тілінде сөйлейтін әрбір азаматтың лексиконында көп дегенде жалпы сөздік қордың оннан бірі ғана белсенді түрде қолданыс табады екен. Қалғанын ол сөз жүйесіне, сөйлеу ыңғайына қарай түсінуі мүмкін. Жоғарыдағы біз келтірген мысалдар осы тәрізді сөздердің қатарына жатады. Оның үстіне ескеретін бір жағдай: тілдің соншама бай сөздік қорын ғасырлар бойы төкпей-шашпай жадында жаттап, есінде сақтап келе жатқан халықтың өзі оны әрдайым белгілі бір деңгейде, мөлшерде ұстауға тырысады.

Тілдегі сөз байлығының белгілі бір деңгейде тұруына, сөйтіп, оның қоғамдағы коммуникативтік қызмет атқару міндетін ақтауына екі түрлі себеп болады: бір жағынан ол жаңа пайда болған, сырттан енген ауыс-түйіс сөздер арқылы байып, толығып жатса, екінші жағынан қажетті өтеп барып, көнерген, ескірген сөздердің есебінен азайып отырады. Тілдің табиғатына тән осы бір толассыз қимыл-қозғалысты, өзгерісті организм клеткаларындағы болып тұратын «өлу-тірілу», жаңалану процесімен салыстыруға болатын тәрізді.

Бірақ тілдің лексикалық құрамындағы өзгерістердің өзіндік бір ерекшеліктері де жоқ емес. Көнерген, ескірген сөздердің бәрі бірдей біржола қолданыстан шығып қалмайды: олар бейне бір тіл тұлғасындағы ескінің елесі, көненің көзі іспетті өз нақыш-сәнімен, өз жарасымдылығымен көпке дейін сақталып қала береді. Бүгінгі буындардың біле бермейтін ана тіліміздің сыр-жұмбағы дегенде, біз оқырмандарды тілдік қордың осы жақтарына меңзейміз, оның осындай ерекшеліктеріне назар аударамыз.

Бұл тәрізді сөздердің төркіні мен сырын ашу үшін жобалап айттып, тұспалдап соғудан да, байыпты түрде жүргізілген ғылыми зерттеулердің, тарихи-салыстырма әдістің ең тиімді, нақтылы жақтарын пайдалана отырып жасалған этимологиялық талдаулардың маңызы зор деп білеміз. Айта кететін бір жағдай, аталмыш әдісті қолдану дегенді біз тек құр фактіге сүйену ғана деп білмейміз. Бұл жерде ең абзалы — әрбір тілдік фактінің астында жатқан семантикалық, фонетикалық, морфологиялық, стильдік, тарихи-этнографиялық т.б. социолингвистикалық заңдылықтарға сүйену.

Осы тұрғыдан қарастыра келіп, біз оқырмандар назарына қазақ тілі этимологиясынан бірнеше этюдтер ұсынбақшымыз. Олар, негізінен, фразеологизмдер құрамында кездесетін —дай/-дей формалас сөз тіркестері мен мақал-мәтелдерде ұшырайтын мағына жағынан күңгірттенген, дербестігін жоғалтқан кейбір сөздер негізінде жасалмақшы.

Фразеологизмдер құрамындағы мағынасы күңгірттенген сөздерден этимологиялық этюдтер. Мысалы: *Мысы құру* фразеологизмінің жалпы мағынасы елдің бәріне де түсінікті. Сонда *мысы* дегеніміз не? Бұл сөз осы тұрғанында тәуелдік форма түрінде келгендіктен, оның негізгі түбір тұлғасы мыс болмақшы. Бірақ бұл *мыстың «медь»* мағынасындағы *«мыспен»* еш қатысы жоқ. Қазақ тілінде *мыс* тек осы фраза құрамында ғана сақталып қалған да, оның бұрынғы лексикалық мағынасы ұмыт болған. Алайда бұл сөздің көне түркі, бірқатар қазіргі түркі тілдерінде де әртүрлі фонетикалық тұлғада (*біс~быс~пыс~мыс~міс*, т.б.) сақталып, о баста да, қазір де пышақ, қылыш, селебе тәрізді кесетін аспаптардың *өткір жүзін* білдіретіндігін тарихи-салыстырма әдіспен толық дәлелдеуге болады. Сонда тіліміздегі *мысы құру // мысы қайту* фразалары басқаша айтқанда, *«жүзі қайту, жүзі қайырылу, мұқалу»* деген нақтылы мағынаның

негізінде жасалып, идиоматикаға айналған. Ол «амалы таусылу», «беті қайту», «айла-шарғысы жетпеу», «амалсыздану» тәрізді мағыналарда қолданылғандықтан, о бастағы «жүз» мағынасынан мүлдем алыстап кеткен және ұмыт болған.

Біз сөз етіп отырған *мыс* сөзі, сонымен, түркі тілдерінің өзіне ғана тән төл түбірі. Оның арғы төркініне барсақ, тілімізде күнделікті қолданылып жүрген пышақ, пішу, пішен тәрізді сөздердің өздерімен тарихи түбірлес екенін көреміз. Басқаша айтқанда, *мыс* та, *піш* те бір түбірден өрбіген сан алуан этимологиялық варианттардың бір көріністері ғана. Дәл осы сөз, мысалы, қазіргі ұйғыр, тува т.б. тілдерде *бис* түрінде жеке-дара қолданылып жүр. Бұл түбір сөз түркі тілдерінде етіс және етістік мағынасында қатар айтыла беретін көне синкретикалық түбірлер қатарына жататыны өзінен-өзі көрініп тұр: *піш* бірде пышақтың жүзі, кесетін жағы да, бірде кесу, пішу қимылының өзін білдіріп тұр.

Ал этимологиялық анализді ары қарата тереңдете түссек, *піш/бис* түбірлерінің өзі Махмұт Қашқари заманында туынды түбір болып есептелген; көне ұйғыр жазу ескерткіштер тілінде *бі [bi]* «пышақтың жүзі, пышақ сияқты аспап» мағынасында қолданылған. Мәселен, *бі бісри* деген қос сөз «қол қаруы» (холодное оружие) деген мағынада жиі кездесетіндігі ғалымдарға мәлім. Егер бес ғасыр бұрын *бі* деген сөз пышақтың кесетін жүзін, пышақ тәрізді қаруды білдірсе, кейінгі дәуірлердегі *пыш~піс~быс~бис~мыс~міс* тәрізді тұлғалар *-с// -ш* форманты арқылы жасалған туынды түбір. Дәл осы дәуірде олар қимылды да, затты да білдіретін синкретикалық қасиетке ие болған. *Мыс* түбірінің тарихы, міне, осы.

Оқасы жоқ немесе *Еш оқасы жоқ*. Бұл фразеологизмнің жалпы мағынасы бәрімізге де түсінікті. Бірақ осындағы оқасы деген қандай сөз, қандай сөздермен қатысты? Ол жағы біздерге беймәлім. Оны тек туыстас тілдердің дәл осы тәрізді фразеологизмімен салыстыру арқылы ғана анықтауға болатын сияқты. Мысалы, қазіргі ұйғыр тілінде *heч вәқәси йоқ* тіркесі бар. Ол да «абыржуға, алаң болуға тұрарлық уақиға болған жоқ» деген мағынада қолданылады. Сонда бұл фразеологизмдер құрамындағы *оқа>оқа+сы* (қаз.) мен *вәқә>+си* (ұйғ.) екеуі бір сөз және ол, пайымдап қарасақ, араб тілінен ауысқан *vāq 'ā* сөзінің қазақ және ұйғыр тілдерінің фонетикалық жүйесіне сай өзгеріске душар болған екі түрлі варианты болып саналды. Басқаша айтқанда, бұл сөздің екінші буынындағы [айн] – жоғарыдағы тілдерде бірде [ғ] дыбысы түрінде қалыптасса, бірде мүлдем айтылмай, түсіп қалуына байланысты екі түрде қалыптасқанын көреміз: қазақ тілінде – *оқиға* және *оқа*, ұйғыр тілінде – *вәқия* және *вәқә*. Бұлардың екінші варианты ауысып, тіл дәстүріне байланысты жоғарыдағы фразеологизмдер құрамында ғана сақталғанын көреміз.

І ш а й деспеу немесе *і ш ә й десіп көрмеу*. Бұл фразеологизм құрамындағы *ішай // ішәй* сөзі жеке-дара қолданылмайтын тәрізді.

Бұл сөзді біз екі морфеманың, яғни парсы тілінен енген *леч* және *ай/ей* одағайының жымдаса бірігуінен пайда болған біріккен сөз деп білеміз. Сонда бұл фраза о баста: «*бір-біріне еш «ай» («айқайласу», «дауыс көтеру» мағынасындағы анайы естілетін одағай)*» десіп көрмеген түрінде айтылған да, кейін сөйлеу тілінің ыңғайына байланысты құрамындағы *еш + ай* қысаң *ішай/ішәй* вариантына ауысқан.

Ш ы қ бермес Ш ы ғ а й б а й. Тұрақты тіркеске айналған бұл күрделі (анықтауышты) жалқы есімнің құрамындағы *шық* пен *шығай* сөздерінің мағынасы біз үшін күңгірт, беймәлім тәрізді. Алдымен шық сөзін қарастырып көрейік. Бұл сөздің түркі-моңғол тілдерінде жиырмадан астам варианты бар да, олардың бәрі «сырость/сырой», «влага/влажный», «мокрота/мокрый», «неспелый», «зеленый» мағынасында қолданылады екен. Олар мыналар: *шық-шік-чық-чік-чиг-шы й-шій-чый-чій-зік-зық-зақ-зәк-зах-зай-зәй-сыз-сіз-саз-сөз-сұй-сүй-жый-жій-жу-жү-жып-жіп*, т.б. Бұл қатардағы түбірлердің бәрі де белгілі бір фонетикалық заңдылықтар, яғни [ш~ч~з~с~ж], сондай-ақ [й~к~қ~г~х~з~у~б~л] дыбыстарының өзара алмасуы негізінде пайда болып, түркі тілдерінің көпшілігінде не жеке, не туынды сөз құрамында сақталғандығын көреміз. Тек қазақ тілінің өзінде ғана сақталған *шық* — «салқын түнде шөп басына тұрып қалатын дымқыл, су тамшысы»; *сыз* — «ылғал, ызғар, дымқылды жер»; говорлардағы: *зай/зәй/зәк* — «дым, дымқыл, дымқылдық, сыз»; *ши* > *шикі* — «піспеген, дымқыл, суы бар» (өсімдік, нан, ет, т.б.); *жіб* > *жібіту, жіпсіп терлеу* (мұнда да беттің, дененің дымқылдануы); *сұй* > *сұйық* тәрізді сөздердің төркіндес екеніне этимологиялық тұрғыдан күмән тудырмау керек.

Сонда *шық бермес* тіркесі о бастағы «*дым берместің*» синонимі. Ал енді *шығай* сөзіне келсек, ол ерте замандарда қазіргі кедей, кембағал сөздерінің орнына қолданылған, түркі тілдеріне ортақ дербес сөз. Мысалы, «Күлтегін» ескерткішінде «кедей халықты бай қылдым» дегенді *с'Срај будунуј baj gilt'im* деп берген. Сол замандағы *шығай* ~ *чығай* сөзі, біздің пайымдауымызша, қазақ тілінде екі түрлі формада сақталған: біреуі — жалқы есім құрамындағы шығай > Шығайбай (дәл аударсақ, Кедейбай. *Шық бермес Шығайбай* — «дым татырмайтын кедей, жұтаған бай») болады да, екіншісі — *шыған*; ол қазақ тіліндегі *шығаннан шыққан кедей* деген фразеологизм құрамында ғана кездеседі. Сонда ол — «кедейден шыққан кедей», немесе «кедейдің кедейі» деген мағынаны білдіреді деген сөз. Ал *шығай* мен *шыған* төркіндес, бір сөздің екі түрлі этимологиялық варианты екенін «Көне түркі сөздігінен» анық көруге болады. Мұндағы айырмашылық — көне түркі тілдеріне тән сөз аяғындағы [й ~ н] дыбыстарының фонетикалық сәйкестігіне байланысты (мысалы: *қой* — *хон* варианттарын салыстыруға болады).

Зығырданы қайнау. «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» бұл фразеологизмді «ыза кернеу, ашулану» деп түсіндіреді және оның «зығыры қайнау» түрінде айтылатынын ескертеді. Біздің ойымызша,

кейінгі вариант алдыңғы варианттың қысқарған түрі тәрізді. Өйткені бұл тұрақты сөз тіркесінің этимологиясы тек *зығырдан* парсы тілінен енген *zähäрдан* > *zähär* + дан, яғни «зәһәр, у құйған ыдыс», ауыспа мағынада «өт жолы» («желчный пузырь»). *Zähäрданның зығырданға* айналуы — қазақ тілі дыбыс жүйесі тұрғысынан дәлелдеуге болатын құбылыс: *зәһәр сөзі [h]* дыбысының ерекшелігіне байланысты бірде *зәр* (*зәр қышады*), бірде *зығыр* (*h ~ ғ, ә ~ ы*) түріне ауыса береді. Сонда зығырданның қайнауы, яғни у салған ыдыстың қайнауы мен қатты ашуланудың, бойды ыза кернеудің арасында логикалық та, образдылық та байланыс, ұқсастық бар. Бұл процестің биологиялық тұрғыдан да дәлелді екені сөзсіз.

Оралыңның барында ойна да күл. Бұл фразеологизмдегі орал сөзі не? Біздің пікірімізше, ол *оралым келмеді* дегендегі *орал* сөзімен төркіндес. Ал, ол өз ретінде қазақ тілінде жеке-дара айтыла беретін *орай* сөзімен түбірлес. Қазіргі қырғыз тілінде *орал* — «удобный момент»; «подходящее обстоятельство». Басқаша айтқанда, [й ~ н] дыбыс алмасуы негізінде пайда болған бір сөздің бұлар екі варианты. *Орай* қазақ тілінде, *орол* қырғыз тілінде жеке сақталған. Ал *орал* вариантының қазақ тіліндегі белгілі бір фразеологизмдер құрамында ғана сақталып қалуы заңды нәрсе. Сонда: *Оралыңның барында ойна да күл* тіркесіндегі *орал* сөзі *ораймен* төркіндес.

Үл болмасаң, бұл бол. Осындағы *үлде*, *бұлде* бүгінгі таңда беймәлім сөздер және олар тек осы фразеологизмнің мағынасы — «бөлінбек түгіл, бүлін». *Үл* түбірі о баста «бүтіннің бөлшегі», «бөлік», «тиісті үлес» мағынасында кең түрде қолданылған. Түркі тілдерінің біразында бұл түбірден *үле-* / *үлі-* / *үлу* түрінде («раздавать, распределять»; «разделить на части» мағынасында) етістік формасы жасалады. Бұл қазақ тілі говорларынан да кездеседі. Сол сияқты *бұл* сөзі де кейбір түркі тілдерінде осы күнге дейін жеке-дара айтыла береді. Ол бірде есімдік, бірде етістік мағынасында айтыла беретін синкретикалық түбір. Мысалы: қазақ тіліндегі *бүлік*, *бүлдір*, *бүліну*, қырғыз тіліндегі *бул-* «раздирать, разбивать, рвать, вырвать», ұйғыр тіліндегі *була-* «отнимать, отбирать, насильно вырвать; ограбить» сөздерінің түбірлес екеніне таласуға болмайды.

Н і л д е й бұзылу. Осындағы *-дай/дей* формалы лексикалық единицаның түбірі *ніл* «көк», «көгілдір» (индиго), «көк бояу» (синька) мағынасында Орта Азия халықтары тілінде жиі кездеседі. Мыс., өзбек тілінде: *бу сенга буёқчининг нилими?* (бұл саған бояушының бояуы ма?), түрікмен тілінде: *нили азан* (жалған жолға түсу, азу) т.б. Зерттеушілердің пікіріне қарағанда, *ніл* сөзі — түркі тілдеріне будда дінін уағыздаушы жазба ескерткіштерді көне ұйғыр тіліне аударуға байланысты енген санскрит сөзі. Мысалы: *nilutpal* < санскр. *nilopaia* — «көкшіл түсті лилиясы»; *nilarusup* < санскр. *nilaruspa* — «көк түсті шешек ататын эвкалипт ағашы». Тәжік, өзбек тілдеріндегі *нилифар* (су лилиясы, лотос) сөзі жоғарыдағы санскр. формасымен байланысты.

Сонда нiлдей бұзылу «көк бояудай бұзылу» деген мағынаны аңғартады және оның *Нiл* өзенiмен тiкелей байланысы болмауы тиiс.

Жер астынан ж i к шықты, екi құлағы т i к шықты. Осы фразеологизм құрамында тұрып, мағынасы күңгірттенген *жiк* сөзiнiң тiлiмiздегi: *жiгi ашылу, жiк болу, жiгiн бiлдiрмеу* тәрiздi тiркестерде кездесетiн «аралық», «жапсар», «шекара» мағынасындағы *жiк* сөзiмен үш қайнаса сорпасы қосылмайды. Бұл қазақ, тағы басқа түркi тiлдерiнде қазiрде ұмыт болған, тек кейбiр фразеологизм, туынды түбiр құрамында ғана кездесетiн (мысалы: *жек көру, жексұрын*), көне түркi тiлiнде өте жиi қолданылған «жын», «шайтан» мағынасындағы *йек [jek] // джек [зек] // йiк [jik] // джiк [зiк]* сөзi. Мысалы, көне түркi ескерткiштерi тiлiнде: *jekkä onzüim* – «жын-шайтандар» «Көне түркi сөздiгiнде» бұл сөздiң түркi тiлдерiне ескi парсы тiлiнен ауысқандығы көрсетiледi.

Сөйтiп, жоғарыдағы *жек//жiк* сөздерi о баста «жын-шайтан» мағынасын бiлдiрсе, бiздiң сөз етiп отырған «*жер астынан жiк шықты, екi құлағы тiк шықты*» фразеологизмiмiз «жер астынан жын-шайтан шықты, шыққанда да екi құлағы тiкiрейе шықты» деген ұғымды бiлдiредi. Дәл осы сияқты: *жек көру* – «бiреудi жын бейнесiнде, жынындай көру»; *жексұрын* – «түрi жын-шайтан сияқты қорқынышты» мағынаны аңғартады.

Қорыта келгенде, бүгiнгi таңда бiзге беймәлiм, мағынасы күңгірттенген, қолданылуы шектелген сөздердiң бiрқатарын ғасырлар бойы қалыптасып, тұрақтанып, бiртұтас болып құрылған фразеологизмдер құрамынан iздегенiмiз абзал. Бiле-бiлсек, бұл тәрiздi сөздердiң мағынасының күңгірттенуiне де және сол сөздердiң құпия-сырын ашып беруге де себепшi болатын фразеологизмдердiң өздерi болмақшы. Ол үшiн тұспал, жолбар емес, пайымды да, жүйелi зерттеулер қажет.



Аслан ӘЛІМБАЕВ
Еуразия гуманитарлық институты
қазақ және орыс филологиясы
кафедрасының аға оқытушысы,
педагогика ғылымдарының
магистр

Фразеологизмдер құрамындағы "жүрек" соматизмінің концептісі

Тұрақты тіркестердің ең көп бөлігі *жүрек, көз, бет, ауыз, қол, аяқ* сияқты бірқыдыру соматизмдер төңірегіне топталып жүреді. Бұл сөздердің белгілі бір тізбек, тіркестерге түпқазық болу себебі халықтың ежелгі дәуірдегі ұғым-түсінігімен, салт-санасымен ұштасып жатыр. Фразеологизм ішінде бұл сөздер нақтылы соматизм мағынасында қолданылуы шарт емес. Мысалы, *бүйректен сирақ шығару* [жоқ жерден бір нәрсе ойлап табу], *бүйрегі бұру* дегендерде нақты дене мүшесінен гөрі әйтеуір «жақындау» деген ұғым бар.

Бұл сияқты дене мүшелерінің фразеологизмдер ішінде ұйытқы болу қасиеті өзге ұйытқы сөздерге типтес емес. Өйткені бұл *бүйрек, жүрек, арқа, көз* сөздері өзінің дене мүшелік қызметін көп жағдайда жойып алу сыры бөлегірек. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың ұғымдық символы ретінде қолданылатын тәрізді. Бұлардың дені

халықтың ескі наным, түсініктерінен туған. Бірақ, бертін келе бұл ұғым-түсінік дерексізденіп, екінші бір салаға ауысқан деуге болады. Айталық, *ит* сөзінің алыстыққа тікелей қатысы болмаса да, *ит арқасы қиянда* дегеннің алыстық ұғым баламасы болғаны сияқты, *көзі қаракты* дегенде *көз* сөзі де, ойлау көрсеткішіне айналған. Немесе *көзі тірі*, *көз көрген* дегендегі *көз* сөзі де жалпы адам ұғымына айналып кеткен. Демек, бұл сөздер біршама көру мағынасын сақтай отырып, өзге ұғымға да икемденіп, екі түрлі қасиетке ие болған. Өзге сөздерден гөрі *жүрек*, *көз* соматизмдерінің жұмсалу өрісі кеңірек.

Башқұрт фразеологиясының ірі маманы, ғалым-түркітанушы З.Ураксин соматизмдерден жасалған фразеологизмдерге талдау жасай келіп, негізінен барлық тілдердегі соматикалық фразеологизмдердің өзге фразеологизмдерге қарағанда сан жағынан бірінші орында тұратынын атап көрсетеді. Олар белгілі бір нәрсе, құбылыстардың символы ретінде қолданылатын тәрізді. Бұлардың дені халықтың ескі наным-түсініктерінен туған. Бірақ бертін келе бұл ұғым-түсінік дерексізденіп, екінші бір салаға ауысқан деуге болатынын айтады.

2007 жылы Арыс баспасынан жарыққа шыққан «Фразеологиялық сөздіктегі» *соматикалық фразеологизмдерді* концептілерге бөлу барысында «Жүрек» сөзінің ең жиі қолданылғаны байқалды.

«Жүрек» сөзі, «Батырлық, ерлік» концептісінде — 3 рет қолданыс тапқан:

1) *Жүрегінің түгі бар [шыққан]*. Ер, батыр, батыл кісі, ешнәрседен таймайтын, қаймықпай, бетіне айтатын адам. Сөзге шешен би болса да, жүрегінің түгі шыққан батыр болса да, төтеп беру керек (М.Әуезов). Түгі бар жүрегінде кере қарыс, Жасынан кеудесінде жанған намыс. Ер болды Амангелді айдыны асқан, Жігіттің бір сырттаны жас жолбарыс (О. Шипин).

2) *Жүрек жұтқан*. Ешнәрседен қорықпайтын батыл, ер-азамат. «Тап солай» десіп, шұлғи-шұлғи иланып еді. Осымен қатар, Құнанбайдың жүрек жұтқан ерлігі, айла-тәсілі өзінен-өзі атамай-ақ, әйгіленіп жатты (М.Әуезов).

3) *От жүрек*. Қайсар, қайтпас. Уайс сұлтан өзі секілді кілең от жүрек жігіттерді жинап алып, Моғолстанның шетінде, Қашқарияда біраз уақыт аламандық құрып жүрді де, Түркістанға келген (І. Есенберлин).

«Қорқыныш, үрей» концептісінде — 6 рет:

1) *Жүрегі су етті [суылдады] • жүрегін су еткізді*. Бойын қорқыныш биледі, үрейленді, зәресі ұшты, шошып кетті. Атынан домалай түсіп, құшағын аша жүгірген Кәкітай Әбішпен қатты құшақтасып, сүйісіп тұр. Бұған Әбіш ауру сияқты көрініп еді. Бауырмал жүрегі су етті (М.Әуезов). Орнынан тұра бере, «іске кірісем» дегені, «ұлыққа, оязға барып айтамын» дегені. Бұл Тәкежанның жүрегін су еткізді (М.Әуезов). Рахметтің жүрегі суылдап тұра алмады (С.Ерубәев).

2) *Жүрегі суып [мұздап] қоя [сала] берді*. 1. Қатты қорықты, үрейленді. Қуғыншылар отрядының бастығы дәл алқымда тұрғанын

көріп, қашқын не істерін білмей, жүрегі суып қоя берді («Соц.Қаз»). Әр жерде төрт-бестен оңаша отырған ылғи кебеже қарын, бұқа мойын, шұбар төстерді көргеннен-ақ, Мүсәпірдің жүрегі мұздап сала берді (Ә.Әбішев). 2. Ренжіді, көңілі қалды. «Қойшы, сол жесір қатынды» дегенде, жүрегім суып қоя берді (Ауызекі тіл).

3) *Жүрегі тас төбесіне шықты • жүрегі [зәресі] ұшты [шошыды] • зәресі кетті.* Қатты үрейленді, шошып кетті, қорықты. Менің жүрегім тас төбеме шықты, қалтырап кеттім (Б.Майлин). Оқ жыландай иреңдеп, Жайдың оғы тасталды. Жүрегі ұшып Күнайым, Ердің қасын бас салды (С.Мұқанов).

4) *Жүрегі шайлықты [шайылды].* Беті қайтты, қаймықты, шошыды, сескенді, запы болды. Сыртта тықыр естілген соң, жүрегі шайлығып қалған Балуан төргі бөлмеге кіріп, есігін қақты (С.Мұқанов). Енді бірінің үстіне бірі орнаған үйден екі тас қана қалды. Бірақ оған шығу өте қауіпті еді. Егер табан тайып кетсе, тірек болар ешқандай бұдыр жоқ. Осы араға келгенде Сейтеннің де жүрегі шайылды (М. Иманжанов).

5) *Жүрек қалмады.* Қатты қорықты, үрейленді. Шығатын зор қараға бір жан алмай, Жігіттер қоян болды, жүрек қалмай, Сібірдің цирктерін сілкіп шыққан, Осыны алып отыр ояз қолдай (І. Жансүгіров).

6) *Жүрегі [көңілі] дауаламады [қобалжыды].* Батылы бармады, қаймықты, тайсалды. Бір жапырағыңыз қалғанша керек. Осыған жүректерің дауалай ма? (Ғ.Мұстафин). Түу, қызық екенсің ғой, өзің? Жүрек қобалжымай, табан таймай, қасқайып тұрып, салысуға шыдастық. Би солай сілтеді (М. Әуезов).

«Уайым, қайғы» концептісінде - 6:

1) *Ет жүрегі езілді [елжіреді] • май ішкендей болды.* Уайымдады, іші күйді, қайғырды.

2) *Жүректі дерт алды.* Күйік шалды; қайғыланды, қапаланды. Боғаштың бойын өрт алды, Жүректің басын дерт алды (Ауызекі тіл).

3) *Жүрегі өрт [от] боп жанды.* Өзегі өртенді, қапа болды, қайғырды, уайымдады. Лашынның жаны күйініп, Жүрегі өрт боп жанады. Уайым қып тектесін, Көзінен жасы тамады (С.Сейфуллин). Жалғыз-ақ, өлейін деп өле алмай, өз жанын қия алмай, қайғылы, қапада, күндіз-түні қапада, жылау да еңіреу, бәрінен де көңілі қалып, жүрегі от боп жанып, қолынан келері жоқ болып жүрген сорлы Қамар халін көріп, жаны ашитын Омар ғана еді (С.Торайғыров).

4) *Жүрегіне дақ түсті [қалды] • жүрегіне дерт [жара] түсті.* Қайғы, өкініш ұялады, өксікті өкініш меңдеді. Жүрегіне дақ түсіп, Жасық пышақтай майырылды (Ауыз әдебиеті). Балам менің бұл дүниеден аттанған. Содан, қалқам, жүрегімде дақ қалған, бұл қайғының басқа түсер салмағын, Біледі тек бала асырап, баққан жан (Ғ.Қайырбеков). Кемпір-шал зар жылайды баласы үшін, Көзінің көңіл нұры, қарасы үшін, Еш дауа іздегенмен, таптырар ма, Жүрекке терең түскен жарасы үшін (М.Сералин).

5) *Жүрегі қарс айырылды*. Қайғыдан қатты күйінді, өзегі өртенді. Әлиза әлі ессіз, оқта-текте ғана тұрғысы келгендей, қос қолымен ауаны қармап, «а-аһ...» деп, жүрегі қарс айырыла күрсінеді (Ә.Нұрпейісов).

6) *Сұм жүрек*. Мұңға толы, шер жұтқан жүрек. Басы қатты сұм жүрегін Тоқтата алмай кетті де. Сорға біткен көкірегін Сендіре алмай өтті де (Абай).

«Қуану» концептісінде - 2 рет:

1) *Жүрегі жарылды • жүрегі жарыла жаздады*. Қатты қуанды, көңілденді. Әулиеге ат айтып, Қорасанға қой айтып, Қабыл болған тілегі, Жарылғандай жүрегі, Аналықтай бәйбіше Қабырғасы қайысқан (Қ.Бекхожин).

2) *Жүрегі лүп етті [ете түсті]*. 1. Бір нәрседен жай секем алды. «Адастым-ау!... Адасқаным ғой енді!» деген сезім Айшаны биледі. Сөйтіп келе жатқанда, оң жақтағы адырдың етегінен шоғырмақталған, топтанған бір қара көрінеді. Айшаның жүрегі лүп ете түсті (С.Сейфуллин). 2. Кенет келген қуаныш сезім туралы айтылады. Алмастың жүрегі лүп ете түсті де, ізінше дүрсілдеп, жиі соғып кетті... (З. Қабдолов).

Әлемнің тілдік бейнесінде эмоция мен сезімнің символы болып табылатын, әрі эмоция мен сезімнің бірлігі болып табылатын – *жүрек*.

Жүрек концепті тілдің әлемдік бейнесін құрайтын «тірек» компонент. Себебі әлемдегі адамзат танымына сүйенсек, жүрек – адам денесінің орталығы. Адам денесінің осы мүшесі оның өмір сүруінің негізгі күші, егер жүрек өзінің соғуын тоқтатса, онда адам да өзінің тіршілігін, яғни өмір сүруін тоқтатады. Сонымен қатар әлем тілдерінің барлығында жүрек концепті адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі ретінде қызмет атқарады. Жүрек адам бойындағы тек сезімді, эмоцияны ғана емес, адам танымындағы әртүрлі іс-әрекеттерді: күлу, қуану, ренжу, қорқу, сезу, сезіну, жылау, ойлану, бір нәрсеге өз еркімен шешім қабылдау, махаббаттың оянуын, ар-намыстық сезімдерді т.с.с. реттеп отырады. Жүрек адам өміріндегі физикалық және рухани дүниетанымының негізгі көзі болып табылады.

Жүрек – адам мен жануарлардың қан айналу жүйесінің орталық органы; қанды артерия жүйесіне айдайды және оның веналарға қайтып оралуын қамтамасыз етеді. Адамның жүрегі, негізінен, кеуде қуысының сол жағын ала орналасады, оның үштен екі бөлігі кеуде қуысының сол жағында, ал үштен бір бөлігі кеуде қуысының оң жағында орналасады.

Діни тұрғыдан алғанда – *жүрек* – иманның тұрағы, Алла Тағалаға сенім мекені. Ислам дінінде жүрек адамның өзегі, дәні болып саналады. Жүректі көптеген ақын-жазушылар өз шығармаларында қатыстырған. Соның бірі, жүректі діни тұрғыдан түсіндірген Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Ақынның шығармашылығы А.О. Кәріпжанованың «Фразеологиялық коннотацияның прагмастистикасы» атты кан-

дидаттық диссертациясында талданды. Автордың авторефератында ақын қолданған «жүрек көзі» тіркесі талданады: «Қылады шүкір, сабыр білген адам, Ашылып *жүрек көзі*, көрген адам деген тіркестегі «Жүрек» сөзі — адамзат денесінің орталығы, оның өмірлік күшінің негізі болатындығы жалпыға белгілі, егер жүрек өзінің соғуын тоқтатса, онда адам да өз тіршілігін тоқтатады. «Жүрек» концептісі адамның рухани өмірінің орталығы болып саналатын сезім мүшесі ретінде қабылданып жүр. Мәшһүр Жүсіптің бұл жерде «*жүрек*» деп отырғаны — адамның ішкі жан дүниесі. Осылайша ел-жұртын үнемі адамгершілікке, имандылыққа шақырады. Ақынның айтуынша, маңдайдағы екі көздің болуы жеткіліксіз. Адамда ең алдымен «жүрек көзі» болуы керек. «Жүрек көзі» болса ғана адамда сабырлылық болады, сонда ғана адамға имандылық ұялайды дегенді айтқысы келеді», - деп келтіреді зерттеуші [1, 16].

Адам жүрекпен жетіледі, бойындағы бар игі қасиет жүректен шығады. Жүрек қандай болса, адам да соның ыңғайымен қалыптасады. Хадисте «Алла адамның түр әлпеті мен мал-мүлкіне емес, оның жүрегіне қарайды» деп айтылған. Жүрек көкірек көзі заттың ішкі мәніне бойлай алады, тылсымды түсініп, ғайыпты сезінеді, шабыт алып қанағаттанады. Әлеммен тілдесетін жүрек шекара дегенді білмейді. Шығыс философиясының көрнекті өкілі Әбу Мұхаммед әл-Фазали (1059-1111) жүрекке «әрі дене мүшесі, әрі жартылай рухани мағына» деп анықтама берген. Жүрек адамның ең жоғарғы және ең төменгі болмысын біріктіреді. Жүрек адам денесінің барлық мүшелерімен байланысты рөлді және «мемлекет әміршісі» ретінде оларға билік жүргізеді. Ислам философы Әбу Бәкір Мұхаммед ибн әл-Араби (1165-1240) де жүректі «болмыстың бірлігі» туралы іліммен байланыстырады. Оның көзқарасы бойынша, адам жүрегіне біртұтас құдайлық сипат тән [2, 12].

Жүрек соматизмінің қызметі тек адам өмірінің эмоциялық ортасының бейнесімен ғана шектеліп қоймайды. Жүрек сөзімен байланысты жиналған материалдарды зерттеу негізіндегі мәліметтерде адам өмірінің барлық рухани орталығының практикалық көрінісі болып табылатынын дәлелдей түседі. Сондықтан «Батырлық, ерлік» концептісінде «батыл, қайсар кісі» туралы айтылады.

Түркі тілдерінің қай-қайсысында да дене мүшелерінің атауларымен жасалған фразеологизмдер аз емес. Оның ішінде қазақ тілінде де соматикалық фразеологизмдер көптеп кездеседі. Соматикалық фразеологизмдерді концептілерге бөлу нәтижесінде оларға ұйытқы болған соматизмдердің фразеологизм жасауға қатысу дәрежесі түрліше екендігін байқадық. Бір ғана жүрек сөзі көптеген фразеологизмдерге негіз болса, бірқатар дене мүшелерінде ондай белсенділік байқала қоймайды. Мұндай айырмашылық дене мүшелері қызметінің адам үшін белсенділігіне байланысты болса керек. «Конечно физиологически бесполезных частей тела нет, однако человечество в истории

своего развития разделяет их на первостепенные и второстепенные. Далее как показали наш анализ, названия наружных частей тела более активны в образовании, чем внутренних» [3, 43].

Соматикалық фразеологизмдер тілімізде алуан түрлі концептілер түзеді, яғни олар белгілі бір тілдік ортаның, этностың өкілі болып табылатын индивидтің өзіндік тұрмыс-тіршілігіне сәйкес дүниені танып, ол туралы білімді жинақтап, қорытып тіркеу құралы қызметін атқарады.

Қорыта айтқанда, соматикалық фразеологизмдер қазақ тілінде тек қана материалдық немесе рухани мәдениеттің нақты көріністерін ғана танытушы бірліктер емес, сонымен бірге ұлттық болмысты, дүниетанымды көрсететін таным бірліктері — концептілерді құраушы тілдік бірліктер. Яғни соматизмдер дүниені танудың құралы, сол танымды жинақтаушы таңба, сол жиналған ақпаратты реттеп, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізетін дайын білімнің кілті деуге болады.

Әдебиеттер

1. Кәріпжанова А. Фразеологиялық коннотацияның прагматистикасы // ф.ғ.к. ... дисс. — Алматы, 2010. — 26 б.
2. Султангубиева А. Тіл бейнедегі жүрек концептінің көрінісі (қазақ, орыс, ағылшын тілдері бойынша) // ф.ғ.д. ... дисс. — Алматы, 2009. — 24 б.
3. Нұрдәулетова Б. Когнитивтік лингвистика. — Алматы: Асыл кітап, 2010. — 344 б.



Сабыржан ШҮКІРҰЛЫ
ҚР еңбек сіңірген мәдениет
қызметкері, жазушы

Тіл тынысы – қыбыс

Тілші ғалымдар «қайта құру» кезеңінен басталып, Ел тәуелсіздігіне ие болғалы, тіпті қанаттана түскен сөз қолданысы еркіндігіне, ақын-жазушылар және басқа да сала мамандарының «күнәларын» жаба тоқып, негізінен журналшыларды кінәлап келеді. Мұны біз, журналшылар, мойындаймыз. Расында да солай.

Сіресіп қалған сөз сеңін біз бұздық, қасат қарды күредік, іркіліп қалған қызылсуға арна аршып, қоқыстың бәрін ағыздық. Жосылып тасқын жүріп өтті. Су тұнып келеді. Сабасына да түсе бастағандай. Салынды жағалауға шөгуде. Ал кәнекей, тілші мамандар, ғалым мырзалар мен ханымдар, енді бір саралап көріңіздерші, тіл әлемінде, қазақ тілі құбылысында осы он-он бес жыл дәрегейінде не болып, не қойғанын! Қазақ тілі ғылымына керектінің бәрі бар. Өзге тіл ғылымдарынан көшірмесіз, өз тіліміздің, ана тіліміздің сала-сала бойынша небір тәжірибелері жасалды, өмірге орнығып, нақты нәтиже де беруде.

Сонымен, түйіліп, түйіншектеліп қалған тіл бауларының бәрі шешілді. Әлбетте, бұл кебеженің ішінде керегі де бар, қажетсізі де бар. Енді осыны тілші ғалымдар талдап, түсіндіріп, заңдастырса, ережелерге түсірсе, тың тұжырымдарын жасаса, сөйтіп бірізділікке келтірсе болды емес пе? Өзі жаратылыста әубаста тіл, яғни сөйлеу

дағдысы ережелерге сүйеніп емес, табиғи танымға қарай орнығып, ереже, тұжырымдар адамзат тарихымен салыстырғанда, осы бертінде ғана, сол заманалар бойғы сөйлеу, жазу тәжірибелерін қорыта отырып жасалған ғой.

Міне, көресіздер ме, бізге ренжудің еш орыны жоқ. Әрине, біз мұны тілші ғалымдарға бір тәжірибе жасап берейікші деген саналы ниетпен, ойластырылған түрде жасаған жоқпыз. Бізді жағдай мәжбүр етті. Уақыттың жақсылы-жаманды дуылы, ұлттық бостандық, қалайда белең алған демократия ой еркіндігін оятты. Еркін ойды айту үшін сөз де еркіндеуі керек болды. Бұрынғы тұсаулы, шілдерлеулі, өрелеулі, арқандаулы сөздер босатылды. Өйткені, саясат толқынында қылт еткенді алдымен көріп, сарынды жұрттан бұрын естіп, көпке жедел жариялап, отқа да, суға да түсіп жүрген журналшылардың күйдім-жандымда тіл мүмкіндігін барынша пайдалануларына тура келді. Журналшының «ер қаруы бес қаруының» бастысы тіл болса, майдан қызған шақта енді қайтпек? Керегінше сілтеді. Қалай болғанда да біз, журналшылар, талмаусырап жатқан ұлт тіліне дем салып, оған тәуелсіздік шапағының нұрын түсірдік. Тіл жанданды, ол түлеу үстінде. Алайда, әлі жүйеленген жоқ. Сөз қолданыстағы, сөйлем құраудағы, емледегі, тыныс белгілеріндегі қайшылықтар ызы-қиқу, орфография у да шу. Бүгінгі қазақ тілінің орфографиялық, тұтастай лингвистикалық кереғарлықтары көп деген сөзге сыймайды, өрескел десек болады. Әрбір газет-журнал, тұтастай ақпарат тарату редакцияларының, баспалардың, әрбір қалам ұстаған жанның, тіпті қазақ тілін пайдаланатын әр адамның өз жазу, сөйлеу «тілі» бар ма дерсің! Қызды-қыздымен кейбір әріптестеріміздің, тіпті «Азаттық» радиосының «тіліне» де еліктеп кететіні байқалады.

Біздің осындай істерімізге қапа болған тілші ғалымдар қатты өкпелі. Жариялаған мақалаларында, әртүрлі орталардағы сөздерінде, пікір алысуларда: — Біз ережелерді өзгертіп, оқулықтарды жаңартып болғанымызша, тек бұрынғы қағидаларды ғана басшылыққа алып жазыңдар, — дегенді айтады. Ал, ол жаңа ережелерді олар «латын әліпбиіне көшіп» болғаннан кейін барып қана жасамақ ойда көрінеді. Бұл деген «қашпаған қашардың уызына қарату» ғой. Мына қайнаған өмірде сайраған тіл бұған енді көнер ме, сандыққа қайта шөгер ме?! Ескі күйреп, жаңа түлеп жатқанда қайта қанаттанған қазақ сөзін енді тежеудің, қайыра тосқауылдап, бетін қайырудың жөні жоқ. Дұрысы — бабын тапқан.

Біз өз тіліміздің дыбыстық тұрғыда түркі текті басқа әулеттерімізден басқашалау, айқын, анық естілетініне көңіл аударуымыз керек. «Бізге анау әріп артық, мынау таңбаның керегі жоқ» деген сөз орынсыз, бұл тек саясатқа сайғандық қана. 42 таңбалы осы әліпбиіміздің шыңдалғандығы сонша, мұнымен қай ел, қай жұрттың дыбысталуы күрделі қандай сөзі болсын, бұлжытпай бейнелеуге болады. Осы жазудың бастауындағы сонау Ыбырай Алтынсариннен бермен

қарай осы әліпбидің қалыптасу жолына, әрбір дыбыстың қосылу тарихына, таңбалардың жетілдірілуіне зер салсаңыз, біздің ата, әке буын лингвистерімізге бас иесіз. Бұлар әлемдік тіл ғылымының барша заңдылығын игерген, һәм бүкіл түркі тілдері тармақтарының үнін, славян, һәм араб жазулары мен тіл қағидаларын зерделей отырып, ұлт әріптерінің дыбыстарын анықтап, жазылу емле-ережелерін жасаған тұңғыш ұстаз-лингвист Ахмет Байтұрсынұлының сараптауынан өтіп, кейінгі толқын жетілдірген ақаусыз дыбыстар. Кез келген басқа тілде сөйлей алатын қазақтың сол тілді бұзбай, яғни акцентсіз сөйлеуі, болса болмаса да, орыс тілін орыстың өзінен де өткізіп жіберуі – осы дыбыс байлығының, тіл төселгендігінің нәтижесі.

Иә, Ахаң ұлт тәуелсіздігін қандай арман етсе, ұлт тілінің азаттығын да солай тілек қылды. Сол шақтың өзінде ұлт тіліне көлеңкесін түсіріп үлгірген орыс тілінен қатты қауіптенді. «Шошқа деп жазып, ит деп оқып не керек» деп латынды да қолдамады. Бұның екеуін де тегі бір таңба санап, ұлттың тарихи қалыптасқан үрдісі мен сол шақтағы азаттық тілеген рухына сәйкес келетін араб қарпіне негіздеген қазақы таңбалар жасады. «Ахметтің төтеншесі» атанған бұл жазу – дәйекші қызметі арқылы аз таңбамен қазақ дыбысын түгел беруді қарастырған. Ахаң қазақ тілінде «43 түрлі дыбыс» болуы мүмкіндігін мегзейді. Дыбысқа Ахаң қатты ден қойған. Осыған жазылған еңбектерінен тысқары бір мысал, «І»-ге қатысты мынадай әңгіме бар. Ахаңның жоғары оқу орнында сабақ беріп жүрген, ал белгілі тілші-ғалым Ісмет Кеңесбаевтың оқып жүрген кезі екен. Ахаңның сынға түспеген шағы бар ма, сондай бір беталыстың салқыны болып тұрған тұс болса керек. Ахаң сабағы басталар алдында Ісмет студенттердің алдына шығып, – Ахмет қате айтады, қазақта «І» дыбысынан басталатын сөз жоқ, – деп сынап жатқан үстіне кіріп келіп, – «Ісмет шырағым, кәнекей, алдыңдағы тақтаға ісік деген сөзді жазшы», – депті. Тақтаға қолын соза беріп, Ісмет қалт тоқтапты. Сол күннен бастап ол өз есімін бұрынғыдай Смет демей, Ісмет деп жазатын болыпты.

Ол кезді айтасыз-ау, осы күні бүгін де Олжас Сүлейменов «қазақ тілінде мұндай дыбыс жоқ» десе («Каз.правда» №54, 1996 г.), оған үндес сол газетте Самиголла Омарұлы «Қазақта «ы» деген әріп жоқ деп» (02.03.1996 г.) «Ы»-ны ыңқ еткізіп екі теуіп, әріп қатарынан ытқытып жібере жаздады. Ал, сол кездегі «Казахстанская правда» газеті болса, осыны кәдімгідей басшылыққа алып, ережедей ұстана бастады («Ана тілі». №27. 1996 ж.). Ал ы-сыз сөйлеп, жазып көріңізші, қандай қойыртпақ шығар екен?!

Бізге қазақ тілінің дыбысталуы, қазақ тіл ғылымы алыптарының құлақ бұралуын дұрыс қоюлары арқасында, бапты жетті. Қазақ тілі – шіңкілдемей, мыңқылдамай, тыңқылдамай, бұратылмай, құмықпай ашық айтылатын тіл болып қалыптасты. Тілдің қалыбы – дыбыс. Бұл, яғни қазақ тілінің дыбыстары әріптермен дөп таңбалаған. Қазақ тілі –

дыбысы толық бейнелеген, тынысы кең тіл. Жазу әріптері табиғи сөйлеу үрдісіне жақсы жымдаса отырып, тіліміздің ашық, анық дыбысталуын орнықтырған. Егер бұл жүйе бұзылар болса, қазақ жазбаша біртүрлі жазып, ауызша басқаша сөйлейтін болады. Сөзді белден бұрап, бунап жазып, бұлдырата, былдырлай айтуға айналады. Қазақта «в» дыбысы жоқ деп, оны басқа дыбыстарға алмастырып жазып жүргендер бар. Мәселен, Европаны – Еуропа, вагон – багөн, автор – аутор дегендей. Ал бұлайша да, басқаша да еш өзгертуге болмайтын қаншама химия, биология, физика, математика т.б. ғылымдар салаларының терминдері, географиялық, әкімшілік-аймақтық атаулар, тарихи тұлғалар есімдері бар. Мысалға, ватт, ваттметр, ватт-сағат, вольт, вольтметр, вольтампер, вольфрам, ваннадий, висмут, вирус, Вюрм мұздануы дегендей, қалайда соқпай тұра алмайтын, жүздеген, мыңдаған сөздер бар. Әріпті де өзіміз білетін 5-6 сөзбен шектеп бағаламай, мемлекеттік деңгейдегі тұтастықта, ұлттың дүние жұртымен қарым-қатынасы, ғылым мен техниканы игеру және пайдалану ересінде қарастырған абзал.

Тіпті, кейбіреулер компьютер бағдарламасына келмейді деп біздің қандығара тоғыз әрпіміз – ә, ғ, қ, ң, ө, ү, ұ, һ, і-лерді «емдеу» керек деп те соққандар (мысалы, «Новое поколение» №14. 1997 ж.) 42 таңбалы әліпбиден арабтан, орыстан келген әріптерді алып тастап, 26 таңбаға дейін түсіру керек дегендер де көп болды. Қытайдың несан иероглифін хаттаған компьютер қазақтың 42 таңбасын түсіре алмайды деген не сөз? Не болса соны далбасалап, жұртқа күлкі болатынымыз осындайдан-ау. Біз тәуелсіз ел, дербес мәртебелі мемлекет болып, оның мемлекеттік тілі қазақ тілі болғандықтан, халықаралық қарым-қатынастағы барлық ресми құжаттар, қандай болсын бізбен қатынасқа келіп, хаттамаласқан елдің тілі мен қазақ тілінде ғана жасалады. Мәселен, Америка Құрама Штаттары мен Қазақстан Республикасы арасында тек қана ағылшын-қазақ тілдерінде, Ресей-Қазақстан арасындағы міндетті түрде орыс-қазақ тілдерінде дегендей. Бұл – этикет, тәуелсіздік нысаны, тарихи қалыптасқан қағида. Оны тек өзіңіз қорсынған, өз тілінен жерінген, әлдебір елге жалпақтағандар ғана бұзады. Міне, осы тұрғыдан келе отырып, біздің мемлекетіміз дүние жұрттарына қайсысымен қай салада, қандай деңгейде келісім жасап, хаттамаласатын болса да, өз ана тілімізде сол сөздерді толық бейнелей алуымыз қажет. Сондықтан да біз тіліміздің бай дыбысын жоғалтпауымыз, кемітпеуіміз керек. Барыңды бұтарлап тастап, өз тіліңнің қандай әуезді үнін мыңқылдатып қойғандағы табарың не, бәтір-ау? Тіл тағдырын технократтық тұрғыдан да саясатқа салынушылықпен де, дүрмекке ерген желбуаз қиялдарымен де шешуге болмайды. Өйтсек, қазақ тілі мен мәдениетін құрдымға сіңіріп, Қазақстанды екінші Америка жасамақ ниеттегі батыстың ыңғайына қарай бал ашатын Нора тәрізді көріпкелдердің («Ковчег» №2. 1999) жетегінде кеткеніміз. Өз үнімізге өзіміз құм құйып, тілімізді тұншықтырып алмайық.



Әлімхан ЖҮНИСБЕК
Ахмет Байтұрсынұлы атындағы
Тіл білімі институтының
бас ғылыми қызметкері,
филология ғылымдарының докторы,
профессор

Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – жазу реформасы

*Дұрыс әліпбидің емле-ережесі ешқашан
бұрыс болмайды.*

*Бұрыс әліпбидің емле-ережесі ешқашан
дұрыс болмайды.*

Елімізде латын әліпбиі үлкен қоғамы пікірталас тудырып барып, қазіргі кезде ештеп сабасына түскен тәрізді. Ендігі әңгіме «өтеміз бе, өтпейміз бе» дегеннен арылып, «қалай өтеміз» дегеннің төңірегіне топтасып отыр. Басы ашық мәселені талқылап арпалыса бермей, негізгі іске көше бастағанымыз құптарлық жай. Әңгімені латын әліпбиіне бағыштай бермей, қазақ жазуының кешенді реформасына бұрсақ, бәрімізге ортақ оң нәтижеге жеткен болар едік.

Әрине, қазақ жазуын латын әліпбиіне ауыстырудың жақтаушылары да жеткілікті, қарсыластары да аз емес. Жақтаушылар мен қарсы болушылардың өз дәлел-дәйектемелері бар.

Жақтаушылар латын әліпбиін әлеми ақпарат кеңістігіне шығатын бірден бір төте жол және ғылым мен техника саласындағы жоғары технологияны игерудің ең тиімді амалы деп санайды. Сонымен қатар орыс жазуы мен оның емле-ережесінің (орыс тілінің емес) қазақ тіліне тигізіп отырған зардабын көрсетіп, жаңа әліпбиді қазақ тілінің ұлттық нақышын сақтап, оны әрі қарай дамытудың амалы, яғни лингвомәдени ұстаным ретінде ұсынады. Сондықтан да әліпби мәселесін кең қамтып, кешенді жазу реформасын (әліпби, таңба (әріп), емле-ереже) жүргізуді қалайды. Жазу реформасын белгілі бір тілге қарсылық емес, күшпен таңылған (тоталитарлық, өктем) емле-ережелерден арылып, қазақ тілінің төл айтылым құрылымына лайық жазу қағидаларын қалыптастырып алуды көздейді.

Қарсылар кирилл негізіндегі жазба мұрағаттардың қамын ойлап, оның үстіне көпшіліктің сауатсыз болып қалу мүмкіндігін алға тартады. Қол жаттығып, көз үйреніп қалған орыс жазуының дағдысынан арылғысы келмейді. Саяси ахуалдың ушығып кетуінен де қауіптенеді.

Қалай болғанда да, бүгінгі таңда латын әліпбиінің ондаған жобасы жарияланды, тағы сондай жобалар әркімнің қолында жүр. Жобаны жеке автор немесе ұжым болып ұсынып жатыр. Жоба авторларының мамандығы (мұғалімдер, оқытушылар, техника мен жаратылыстану ғылымдарының өкілдері, тіл мамандары, журналистер, информатик т.б.) мен әлеуметтік мәртебесі (зейнеткерлерден бастап академиктерге дейін) түрлі-түрлі. Арнайы патент немесе куәліктермен жабдықталып қойылған жобалар да жоқ емес. Алайда, жоба ұсынушылардың басым бөлігі әліпби ауыстыруды бір таңбаны (кирилшені) екінші таңбамен (латыншамен) алмастыру ғана деп түсініп отыр. Сондықтан жоба авторларының ең алдымен әліпби құрастырудың тарихи дәстүрі мен жазу теориясынан тиянақты ғылыми білімі болу керек.

Өкінішке орай, тағы қайталай түсуге тура келеді, жоба авторларының барлығы дерлік әліпби ауыстыруды бір таңбаны екінші таңбамен алмастыру ғана деп түсінеді. Бұл – әліпбиді ауыстырудың бас қатырмайтын ең оңай тұсы. Тіптен қазақ тілінде қанша дыбыс және қандай дыбыстар бар екенін білмей жатып, жоба ұсынып жатқандар бар. Қазіргі әліпбиіміздегі 42 таңбаны қайтсем компьютер түйметақтасының 26 түймешесіне сыйғызамын деп әлек болып жатқандар тағы бар. Сондықтан да ұсынылған жобаларда ешқандай тілдік дәйектеме жоқ. Себебі әліпби ауыстыру бір таңбаны екінші таңбамен алмастыру ғана емес. Ең бастысы, әліпби ауыстыру деген соқыр (механикалық) көшірме емес.

Дұрысында жазу реформасы қазақ жазуының үш құрамды бөлігі әліпби (алфавит), таңба (әріп) және емле-ережені (орфография) өзара байланыстыра шешіп беруге тиіс.

Ең алдымен қазақ тілінің төл дыбыс құрамы дұрыс анықталып, төл дыбыстар өз алдына, қазақ тіліндегі кірме дыбыстар мен әріптер өз алдына топтастырылу керек. Бірінші кезекте төл дыбыстардың

әріп таңбалары анықталады, сөйтіп қазақ тілінің төл әліпбиі түзіледі. Әліпби төл дыбыстар құрамын түгел қамтып, үйлесімді түзілетін (тізбектелетін) болу керек.

Жаңа қазақ әліпбиін тіліміздің төл дыбыс құрамын анықтаудан бастаудың себебі бар. Өйткені қазіргі 42 таңбалы әліпбиімізді «қазақ әліпбиі» деп атаудың еш реті жоқ. Өйткені ол «қазақ әліпбиі» емес, «қазақ-орыс әліпбиі», тіптен ақиқатын айтып «орыс-қазақ әліпбиі» десе де болады дегенді бұрын да айтқан едік. Өйткені әліпбиіміз бір тілдің емес, әлдеқашан қос тілдің әліпбиі болып орнығып алды. Ешбір мемлекет, ешбір ғылыми жұртшылық әріп санының (құрамының) көптігін айтып мақтанбайды. Әріп саны көп болды деген сөз — ол тілдің әліпбиінде бір кемшілік бар деген сөз. Әріп саны неғұрлым кем болса, ол соғұрлым жетілген әліпби болып саналады.

Егер әліпбиге байланысты бүгінгі науқанды жазу реформасына айналдыра алсақ, онда қазіргі қазақ жазуының емле-ережесінің көптеген жаңсақ тұстарынан арылар едік. Себебі кезінде араб дәстүрімен, кейіннен орыс жазуының ықпалымен енген бір топ кірме әріптер мен емле-ережелер қазақ тілінің ішкі айтылым заңдылықтарына кереғар келіп жатыр. Соның нәтижесінде жазумен тілі шыққан кейінгі жас ұрпақтың, тіптен, жас ұрпақ қана емес, ересектердің де тілі бұзылып барады. Мысалы, мектептен бастап «мынау — и» деп орыс тіліндегідей жіңішке айтқызып үйретіп, сонан соң жартыкеш емлеге сүйеніп, қазақ сөзін **ми** деп жазып қоямыз. Сөйтіп қазақтың **ый, ій** деген дыбыс тіркесін орыстың **и** деген дауысты таңбасына байлап беріп, **ми** деп жазып, кейінгі ұрпақты **мый** деп айтқыза алмай әлек болып келеміз. Осыдан кейін баланың қазақтың **мый** деген сөзін **ми** деп жіңішке айтпасқа амалы жоқ. Бүгінгі күндері солай айта да бастаған тәрізді. Жас ұрпақ тілінен мұндай мысалдарды көптеп табуға болады. Тіл мамандары орыс жазуының мұндай тіл бұзар әсерін көрмей отырған жоқ. Қазақ жазуына жасалар болашақ реформаны (тек қана әліпби ауыстыру емес) тіл бұзар емле-ережелерден құтылудың бір амалы деп түсініп отыр. Сондықтан орыс тілінің ықпалы дегенде, орыс тілінің өзін емес, оның төркіні бөлек емле-ережесінің туыстығы бөлек қазақ тіліне орынсыз тықпаланғандығын айтамыз. Табиғаты бөлек орыс әліпбиін орыс тілінің емле-ережесімен қоса алғандықтан, қазақ сөзінің айтылым үлгісі сол жазу келген тілдің қанжығасында кеткені рас. Бұл — дәлелдеп, тарих көрсетіп отырған жай. Ол дәлелді алыстан іздемей-ақ, орыс жазуының үлгісімен қалыптасқан қазіргі ұрпақ тіліне көңіл бөліп көрейікші.

Әліпби ауыстырудың үш деңгейі бар: бірінші — әліпби деңгейі, екінші — таңба (әріп) деңгейі, үшінші — емле-ереже деңгейі. Егер біз әліпби құрамын өзгертетін болсақ, онда оның ар жағындағы таңба (әріп) және емле-ережелеріне де өзгеріс ендіруіміз керек. Таңбаға өзгеріс ендіретін болсақ, онда оның емле-ережеге әсері қандай

болмақ, алдымен соны ойлап алуымыз керек. Бұл — тіл мамандары мен әдіскерлердің шешетін мәселесі. Әрине, әліпби мәселесіне әртүрлі мамандардың қатысы болады.

Сондықтан әркім өз орнын біліп араласса дейміз. Мысалы: тіл мамандары тілдің әліпби құрамын анықтап, емле-ережесін құрастырады; математиктер әрбір әріп пен таңбаның кездесім жиілігін есептеп шығады; информатиктер компьютер түйме тақтасына оңтайлы орналастырудың амалын қарастырады; сызбашылар әріп сұлбасының қолтанымға икемді үлгісін іздейді; әдіскерлер оның сауат ашу дағдысын бағалайды; көз дәрігерлері көзтанымға әсерін байыптайды; психологтар бала жүйкесіне шақ келу жағын пысықтайды т.с.с. Көріп отырсыз, бәріне жұмыс табылады. Тек, тағы да қайталап айтамыз, әркім өз орнын білу керек.

Мәселенің ең қиын тұсы — «айтулы қырық екімен» байланып қалған көпшілік санасын оятып, «өзіміздікі деген — мынау, өзгенікі деген — анау» деп түсіндіріп алу. Біздің ойымызды дұрыс түсінген жөн. Өйткені басқаларды былай қойғанда, қазақ тілі пәнінің мектеп мұғалімдері мен жоғары оқу орындары оқытушыларының өздері төл дыбыстардың басын ажыратып ала алмай жүр. Әрине, бұл олардың кінәсі емес. Мектептен бастап, жоғары оқу орнын бітіргенше, бір ұрпақтың жарты өміріне жуық, «қазақ тілінде 42 дыбыс (әріп) бар» деп тоқпақтай берсе, кімде болса сеніп қалады. Сеніп қалған соң бұрыстың өзі дұрыс көрініп, дұрыстың өзі бұрыс көрініп жатады. Біз бәріміз қазір осы күйді бастан кешіп отырмыз. Өз ағайындарымыздың өзінен қазақтың бар дыбысын жоқ деп, жоқ дыбысын бар дейтін уәжді әлі көп еститін боламыз. Құлақ үйренген орыс тілінің дыбыстарынан, көз үйренген орыс тілінің әріптерінен арылтып алу оңай болмайды. Сонымен, бірінші кезекте, мамандар анықтап берген қазақ тілінің төл дыбыс құрамын танып-біліп, қазақ сөзінің дыбыс тұрқына көз үйретіп, оны бәріміз түгел мойындауымыз керек. Турасын айтқанда, қайта сауаттануымыз қажет. Ол үшін қазақ жазуының бүгінгі «бейнесіне» көз жүгіртіп өтейік. Сонымен,

Морфем талданым:

- **оқы** етістігінің көсемше түрі **оқи** болса, сонда көсемшенің көрсеткіші дауысты **и** дыбысы болғаны ма? Онда көсемшенің бір «көрсеткіші **дауыссыз й [y]**» деген ереже қайда қалады?

- **оқы** етістігінің тұйық рай түрі **оқу** болса, сонда тұйық райдың көрсеткіші дауысты **у** дыбысы болғаны ма? Онда тұйық райдың «көрсеткіші **дауыссыз у [w]**» деген ереже қайда қалады?

Ең сорақысы, осы жердегі «дауысты **ы** дауысты **у**-мен алмасады» деп түсіндіретін ереженің барын қайтерсің! Ал **оқы** етістігі дауысты **ұ**-ға (жарайды, тіптен, көз елес ы дауыстысы бола қойсын) аяқталып тұрғаны, оған келіп дауыссыз **у [w]** тіркесіп, тұйық рай **оқуу [oquw]** жасалатыны қаперімізге кірмей-ақ қойды.

Қазақтың **уу** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **у** дауыстысының,

қазақтың **ый (-ій)** дыбыс тіркесінің естілімі орыстың **ы (-и)** дауысты-сының естілімімен жалған ұқсас екеніне сеніп қалғанбыз.

Буын талданым:

- **миы** сөзінің буын құрамы **ми-ы** болып, алғашқы буын дауысты **и** дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұрма? Онда қазақ сөзінің ішінде «**буын дауысты дыбыстан басталмайды**» (А.Байтұрсынұлы) деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне сөз соңында «дауысты буын тұрған деген не?» деп, аң-таң боламыз.

- **суы** сөзінің буын құрамы **су-ы** болып, алғашқы буын дауысты **у** дыбысына аяқталып, келесі буын дауысты **ы** дыбысынан басталып тұрма? Ендеше қазақ сөзінің ішінде «**буын дауысты дыбыстан басталмайды**» деген ережені тағы еске сала кетеміз. Оның үстіне «сөз соңында дауысты буын неге тұр?» деп, тағы аң-таң боламыз.

Тасымал талданым:

- **жиын** сөзі **жи-ын** болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұрады ма? Онда «**қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды**» деген ережені қайда қоямыз? Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын тұрған деген не?» деп, әрі-сәрі боламыз.

- **суық** сөзі **су-ық** болып тасымалданып, тасымал жігі екі дауыстының арасынан өтіп тұрады ма? Ендеше «**қазақ сөзінің ішінде екі дауысты қатар тұрмайды**» деген ережені тағы қайталаймыз. Оның үстіне «сөз соңында тұйық буын неге тұр?» деп, әрі-сәрінің үстіне дел-сал боламыз.

Көріп отырғанмыздай, аттаған сайын сұрақ белгісі алдымыздан шығып отыр. Бұл – бүгінгі қазақ жазуының, жұмсартып айтқанда, күмәнді тұстары көп деген сөз.

Қызық үшін, аюы сөзін тасымалдауға тура келіп қалды дейік: **а-юы** деп тасымалдай алмаймыз, өйткені «алғашқы жолда жалғыз дауыстыны қалдыруға болмайды» деген ережеміз бар; **аю-ы** деп тасымалдай алмаймыз, өйткені «келесі жолға жеке дауыстыны шығаруға болмайды» деген ережеміз тағы бар. Шешімі жоқтың шешімін әркім өзі тауып көрсін.

Ендеше «қазақ жазуына реформа керек пе, жоқ па?» деген сұрақтың жауабы біреу-ақ – керек! Сонда жоғарыдағы «жұмбақ» опонай шешіледі: **а-yu-wu**.

Ең жақсы жазу деп ереже-ескертпелері мейлінше аз жазуды айтады. Ондай жазу үлгісі тілдің төл дыбыстары мен төл таңбалар (әріптер) үйлесімін тапқанда ғана құрастырылады. Ендеше әліпби құрамы дұрыс анықталып, оның таңбалары қазақы реттелсе, емле-ережені жөнге салудың төте жолы ашылады. Сонан соң, сауат ашуды тек сауатты жазу деп түсінбеген жөн, сауат ашу сауатты қазақы сөйлеудің де (сөздерді дұрыс дыбыстаудың) амалы болып табылады. Ал сауатты сөйлеу үшін емле-ереже дұрыс болу керек.

Кез келген жазуды кез келген тілге жамап-жасқап пайдалана беруге болады. Алайда, мақсат «әйтеуір жазу» болмау керек. Жазу

ең алдымен тілдің ішкі заңдылығына икемделу керек. Сонан соң жазу тілдің дыбыс жүйесіне нұқсан келтірмейтін, керісінше, оның әдеби үлгісінің қорғанышы болу керек. Осы екі мақсатты орындау үшін жазудың емле-ережесі көшірінді болмау керек. Таңбада (әріпте) тұрған ешнәрсе жоқ.

Компьютерді қазақ тіліне икемдеудің оңай да жалған-жасанды жолы көп, ал ауыр да ақиқат жолы біреу-ақ. Оңай болатын себебі — одан-бұдан өгей дыбыс жинап, таңба талғамай қиып-құрап, жамау-жасқау әліпбиді әркім-ақ түзе береді. Қиыны — бір ғасыр бойы баса-көктеп, қордаланып қалған көп дыбыстың ішінен төл дыбысты танып-біліп, жиып-теріп, өлшеп-пішіп, қазақ тіліне лайықты төл әліпби жасау. Соның нәтижесінде қазақ тілінің төл дыбыстарына сай төл әріптер қалыптасады. Қазіргі тіліміздегі басы артық 40-50 жаңсақ емле-ережелер өзінен өзі жойылып, басы артық және жүйесі бөлек кірме әріптердің тіл бұзар машақатынан құтыламыз.

Жоба ұсынуға кіріспес бұрын, алдымен қазақ тілінің төл дыбыс құрамы ғылыми тұрғыдан анықталып, төл дыбыстар өз алдына, қазақ тіліндегі кірме дыбыстар мен әріптер өз алдына топтастырылу керек. Бірінші кезекте төл дыбыстардың әріп таңбалары анықталып, қазақ тілінің төл «Әліпбиі» түзіледі. «Әліпби» төл дыбыстар құрамын түгел қамтып, олар үйлесімді орналастырылуға тиіс.

Қазақ тілінің төл дыбыс құрамы:

а,	ә,	б,	Ғ(-ғ),	д,	е,	ж,	з,	й,	қ(-к),
л,	м,	н,	ң,	о,	ө,	п,	р,	с,	т,
у(w),	ұ,	ү,	ш,	ы,	і				

Мұндағы **у** таңбасының дыбыс мәнін латын әліпбиінің құрамындағы **w** әрпімен белгілеп беріп отырмыз. Өйткені қазақ тілінде *ерін-ріндік, жуысыңқы, үнді* дауыссыз бар. Ол дауыссыз халықаралық дәстүрде осы таңбамен белгіленеді. Ондай дыбыс ағылшын тілінде де бар. Ағылшын тілінде сауатты өсіп келе жатқан жас ұрпақ оны тез аңғарып, жеңіл қабылдайды. Ал орыс тілінде ондай дауыссыз дыбыс жоқ. Олардың **Көкшетау** дегенді **Кокчетав** деп өз тіліндегі *тіс-еріндік, жуысыңқы, ұяң в* дауыссызымен алмастыратындығы сондықтан. Қазақ тіліндегі дауыссыз **у[w]** мен орыс тіліндегі дауысты **у** дыбыстарын естілім ұқсастығына қарап өзара шатастырып жүргеніміз сондықтан.

Қазақтың төл сөздерінің жазылымындағы кірме әріптер түгел шығарылып тасталады. Олар: **Ии Уу Яя Юю Щщ Хх Нн**.

Өкінішке орай, қазіргі кезде орыс тілінің емле-ережесі арқылы қазақ тілінің төл сөздерінің жазылымына еніп кеткен **и, у, я, ю** таңбаларының (дыбыстарының емес) әрқайсысын өз алдына дербес дауысты дыбыс деп қабылдау дәстүрі санамызға сіңіп қалған. Көпшілік, тіптен тіл мамандары мен қазақ тілі пәнінің мұғалімдері мен

оқытушылары, осыған әбден ден қойып, психологиялық тұрғыдан мойындап алған. Олай етпеске амалы да жоқ, өйткені, жоғарыда айтқандай, мектептен бастап, жоғары оқу орнын бітіргенше оларды дауысты дыбыс деп санасына құя берсе, кімде болса сеніп қалады. Оның үстіне оқу бағдарламалары мен оқулықтар түгелдей осы ережені құптап отыр. Қазақ тілі дыбыстарының құрамына зорлықпен енгізіліп отырған «дауысты таңбалардың» жөнін табу үшін – олар «дауыстыдан кейін дауыссыз болады, дауыссыздан кейін дауысты болады» деген (Қожанасырдың тапқырлығы тәрізді) – әлеми жұртқа күлкі болатын ереже ойлап таптық.

Оның зардабын әлі көріп келе жатырмыз. Кейбір тіл мамандарының өзі өздері ұсынып отырған әліпби жобаларында осы жалған қағиданы ұстанып отыр. Мысалы, орыс жазуының ережесімен жазып келген **ми, ти** т.б. сөздерді латын негізінде де **ti, mi** деп жазып, **ми, ти** деп оқуды ұсынып отыр. Сонда осы тәрізді сөздер қазіргі орыстақы емлеміз бойынша да **ми, ти**, жаңа латыншада да **[mi], [ti]** болып қайталанғалы тұр. Жоба авторлары осы жолмен жазу желісін үнемдеуге болады, яғни екі таңбаның орнына бір таңба ғана жазамыз деген дәйектемені алға тартады. Бұл арнайы статистикалық зерттеудің нәтижесі емес, көз жоба ғана.

Жоба авторларының дәйектемесіне көз жеткізу үшін «Абай жолы» романы, Әнұран т.б. мәтіндерге есеп-қисап жүргізіп көрдік. Сондағы үнем 0,5-0,7 % ғана болып шықты. Сонда түкке тұрғысыз үнем үшін, егемендіктің арқасында ғана құтылғалы отырған, тілбұзар емле-ережелерді тағы несіне қайталаймыз деген ой туады. Оның үстіне өздері ұрынған шым-шытырықтан шығу үшін үш рет қайталанатын таңбалар ұсынады. Мысалы, **ы [i], і [i], й [i]** немесе **ұ [u], ү [ü], у [u]** деп, үстеме белгілердің санын көбейтіп жібереді. Мұндай шешім әдістемелік тұрғыдан өте тиімсіз. Өйткені ұқсас таңбалардың саны екіден (жұп болу керек) аспау керек, таңбалар үстіне үстеме белгілерді орынсыз қоя беруге тағы болмайды. Себебі сауат ашуды қиындатып жібереді. Ал, жазу реформасының басты мақсаты орыс тілінің тіл бұзар ережелерінен арылып, қазақтың **мый** деген сөзінің айтылуына лайық **мый [mɯ]** деп жазып жуан айтқызу, **тий** деген сөзін айтылуына лайық **тий [tiy]** деп жазып жіңішке айтқызу үшін жасалып отырғанын ескерсек, әріптестеріміздің бұл әрекетіне қалай «жол болсын» демекпіз?!

Кез келген жазу тілдің ішкі өзіне тән құрылымы мен табиғи айтылымына нұқсан келтірмеу керек. Керісінше, тілдің әдеби айтылымының қорғанышы болу керек. Ол үшін:

1. Жазу сөздің дыбыс құрамын дәл бейнелегенде ғана дұрыс жазу болады. Ендеше қазақ жазуы қазақ сөзінің үндесім әуезін дұрыс көрсетіп отыруы керек, басқаша айтқанда, жуан айтылатын сөздің таңбасы мен жіңішке айтылатын сөздің таңбасының арасында көрнекі айырма болсын.

2. Жазу қазақ сөзінің буын құрамын бұзбау керек. Мысалы, **ми-ы, су-ы** болмау керек, **мы-йы [mɪ-yɪ], сұ-уы [su-wu]** болу керек.

3. Жазу қазақ сөзінің тасымал ережесіне сай болу керек. Сонда **ми-ы, су-ы** болып тасымалданбау керек, **мы-йы [mɪ-yɪ], сұ-уы [su-wu]** болып тасымалдану керек.

4. Жазу қазақ тілінің морфем (түбір мен қосымшалар) желісін үзбеу керек. Мысалы, қазақ тілінің «егер түбір дауыссызға бітсе, қосымша дауыстыдан басталады» деген іргелі заңдылығы бар. Сонда талас тудырмайтын **мың = мың + ы [mɪŋ + ɪ]** қалай болса, күмәнді боп жүрген **ми-ы** сөзінің латын баламасы **miy = [miy + ɪ]** да дәл солай тіл жүйесін бұзбайды. Арандатып жүрген **и, у** әріптерінің дыбыс мәні **ый/ій [ɪy/iy], ұу/уу [uw/üw]**, яғни соңғы сыңарының дауыссыз **[y], [w]** дыбыстары екенінің бұлтартпас дәлелі осы болып табылады.

Төмендегі «әліпби» үлгісінің (қазақ тілінің төл дыбыс құрамын дұрыс қамтыған, сөздің айтылым әуезін сақтаған, буын құрамын дұрыс көрсететін, тасымал ережесіне лайық, морфемалар ережесін үзбейтін) емле-ереже саны ықшам болғандықтан «Ұлттық әліпби» деп атап отырмыз (1-кесте).

1-кесте. Қазақ латын ұлттық әліпбиі

№№	кирил.	латын.	аты	№№	кирил.	латын.	аты
1	а	a	<i>a</i>	14	ң	ŋ	<i>ың</i>
2	ә	ə	<i>ə</i>	15	о	o	<i>o</i>
3	б	b	<i>бы</i>	16	ө	ö	<i>ө</i>
4	ғ(-г)	ǵ (-g)	<i>ғы(-gi)</i>	17	п	p	<i>пы</i>
5	д	d	<i>ды</i>	18	р	r	<i>ыр</i>
6	е	e	<i>e</i>	19	с	s	<i>сы</i>
7	ж	j	<i>жы</i>	20	т	t	<i>ты</i>
8	з	z	<i>зы</i>	21	у	w	<i>уу</i>
9	й	y	<i>ый</i>	22	ұ	u	<i>ұ</i>
10	қ(-к)	q(-k)	<i>қы(-ki)</i>	23	ү	ü	<i>ү</i>
11	л	l	<i>ыл</i>	24	ш	ʃ	<i>шы</i>
12	м	m	<i>мы</i>	25	ы	ɪ	<i>ы</i>
13	н	n	<i>ны</i>	26	і	i	<i>i</i>

Алайда бұл жоба үшін арнайы компьютер бағдарламасы керек болады. Сонымен қатар ерін үндестігін жазуда ескеру-ескермеу мәселесі де кейінге қалдырылып отыр.

Ұлттық латын әліпбиінің мәтін үлгісі.

Üş kündik joldıñ bügingi, soñğı künine bala şakirt barın saldı. Qorıqtan kün şıǵa atqa mineyik dep asıqqan-dı. Bunı qaladan alıp qaytqalı barǵan aǵayını Baytastı da tañ atar-atpasta özi oyatıp turǵızıp edi. Kün uzın attan da tüspey, özge jürginşilerden oq boyı alda otırǵan. Key-keyde özine tanıs Köküyirim men Buwratiygen, Taqırbulaq sıyaqtı qonıs-qudıqtardıñ tus-tusına kelgende bala oqşaw şıǵıp, astındaǵı jaraw qula bestisin aǵızıp-aǵızıp ta aladı...

-Mına balanıñ awılǵa asıǵuwın-ay!

Егер латын үлгісіне сүйенетін болсақ, онда қазақ тілінің әліпби құрамы 28 таңбаға барып тіреледі, өйткені қазақ тілінің үндесім дауыстыларын жеке-жеке белгілеу қажет болады. Ол үшін кейбір дауысты таңбалардың үстіне қосалқы белгі қондыруға тура келеді. Бұл жағдайда қажет таңбаның бәрін қазіргі компьютер түйметақтасынан таба алмаймыз, сондықтан арнайы компьютер бағдарламасын іздеуге тура келеді. Оның үлгілері өзімізге жақын **түрік** немесе **неміс, француз, испан** т.б. тілдерінің жазуында бар. Бірақ бір ескеретін жай бар. Еуропа тілдерінде бір дауыстының сөз құрамында екі не одан көп кездесуі – өте сирек құбылыс. Ал біздің тіліміз – жалғамалы (агглютинатив) және үндесім (сингармонизм) тіл. Бір дауысты бір сөздің құрамында бірнеше рет кездесе береді. Бір сөздің ішінде қосалқы (диакритик) таңбалы дауысты-дауыссыз бірнеше рет қайталанып жатса, жазу дағдысын былай қойғанда, көзтанымға ауыр болады.

Ал, Ахаң үлгісіне оралатын болсақ, онда, біріншіден, компьютер түйметақтасындағы таңбалардың құрамынан шықпайтын боламыз, екіншіден, олардың бірнешеуі артылып та қалады. Ахаң үлгісінің сыйымталдығы мен ықшамдылығы осылай жасауға мүмкіндік береді. Осы жерде Байтұрсынұлының тағылымына тоқтай кетейік. Біздің жерден жеті қоян тапқандай болып «апостроф» деп әріптің бір шекесін шертіп сәндеп, «диакритика» деп әріпті төбесіне сызықша қойып шендеп, **ә** әріпнің белінен тартып **ө** жасап белдеулеп, **а** мен **е**-ні қосақтап **ө** деп егіздеп жүргеніміздің бәрі Ахаңнан қалған үлгінің көрінісі. Ендеше, қазіргі жоба авторлары қабылдап отырған жуан-жіңішкелік белгілер (әртүрлі нұсқасына қарамай) – сол А.Байтұрсынұлы ұсынған **дәйекші**. Арабы таңбалар негізінде туындаған дәйекші дауыстылардың жуан-жіңішке таңбасына таңылып, кирилшеге көшті. Енді, міне, кирилшеден «апостроф, қос нүкте, сызықша, қосақ әріп болып», мың құбылып, латынша жобаларда да жүр. Қалай құбылса да бәрінің мазмұны, яғни емле қызметі – сол бір дәйекші.

Ендеше Ахаң ұсынған үрдіс бойынша әліпби жобасының екінші үлгісін ұсынуға болады (бұл бағытта информатика мамандары әртүрлі ұсыныстар жасап жатыр). Бұл жобаның артықшылығы ретінде оған арнайы компьютер бағдарламасының қажет болмайтындығын, яғни қазіргі латын әліпбиі негізіндегі компьютер түйметақтасындағы

таңбалар жетіп жатыр. Сондықтан Ахаң үрдісіндегі үлгіні «Интернет әліпби» деп атап отырмыз (2-кесте).

2-кесте. Қазақ интернет (техникалық) әліпбиі

№№	кирил.	латын.	аты	№№	кирил.	латын.	аты
1	а//ә	a//(ə)	<i>a//ə</i>	13	н	n	<i>ны</i>
2	б	b	<i>бы</i>	14	ң	n'	<i>ың</i>
3	г//ғ	g(ğ)	<i>гі//ғы</i>	15	о//ө	o//(ö)	<i>o//ə</i>
4	д	d	<i>ды</i>	16	п	p	<i>пы</i>
5	е	e	<i>e</i>	17	р	r	<i>ыр</i>
6	ж	j	<i>жы</i>	18	с	s	<i>сы</i>
7	з	z	<i>зы</i>	19	т	t	<i>ты</i>
8	й	y	<i>ый</i>	20	у	w	<i>уу</i>
9	қ	q	<i>қы</i>	21	ұ//ү	u//(ü)	<i>ұ//ү</i>
10	к	k	<i>кі</i>	22	ш	š	<i>шы</i>
11	л	l	<i>ыл</i>	23	ы//і	i//(ı)	<i>ы//і</i>
12	м	m	<i>мы</i>	24	дәйекші (')		

Интернет латын әліпбиінің мәтін үлгісі.

‘Uş kundik joldiñ ‘bugingi, son’gı kunine bala ‘şakirt barin saldi. Qorıqtan kun şıga atqa ‘mineyik dep asıqqan-di. Buni qaladan alıp qaytqalı bargan aggayini Baytasti da tan’ atar-atpasta ‘ozi oyatıp turgızıp edi. Kun uzın attan da ‘tuspey, ‘ozge ‘jurgınşilerden oq boyı alda otırgan. Key-keyde ‘ozine tanis Kokuyirim men Buwratiygen, Taqırbulaq sıyaqti qonis-qudıqtardin’ tus-tusına kelgende bala oqşaw şıgıp, astındagı jaraw qula bestisin agızıp-agızıp ta aladı...

-Mına balanin’ awılga asıguwin-ay!

Бұл екі жобаны бәсеке-бәйгеге қосып отырған жоқпыз. Негізгі жоба ретінде «Ұлттық жоба» қалады. Ал «Интернет жобаны» кейбір техникалық мұқтаждықтарға лайық ішінара (факультатив) іске асып қалуы мүмкін.

Қорыта келгенде, егер латынға қазақтың төл дыбыстарын баптап өте алсақ, қазіргі жазуымыздағы тіл бұзар басы артық таңбалар мен емле-ережелер жол-жөнекей өзінен-өзі түсіп қалады. Оның үстіне емле-ереже жаттандылықтан арылады. Жазу реформасы дегеніміз — осы. Ал кірме сөздерді қалай жазамыз деген мәселеге бұл жерде тоқталмаймыз, ол — өз алдына мәселе. Бірінші кезектегі шешілетін мәселе — қазақтың төл сөздерін өз айтылымына лайық жазып алу.



Зәуреш ЕРНАЗАРОВА
КИМЭП Университетінің профессоры,
филология ғылымдарының докторы

Қазақ тілін оқытудың когнитивті бағыты

(етістіктің өткен шақ категориясы негізінде)

Қазақ тілі мұғалімінің педагогикалық мақсаты мен оқушының тілді үйрену мақсаты бір-бірімен дәлме-дәл келмеуі мүмкін. Өйткені оқушының тілді үйрену үдерісі өзінің жеке таным әлемінде іске асады. Оқушының санасында тіл туралы жүйелі білім таным үдерісінің заңды нәтижесі ретінде қалыптасуы керек. Ал қазіргі қалыптасқан оқу үдерісінде нақты жағдайда мұғалім ақпаратты дайын түрінде оқушыға ұсынады. Оқушы берілген ақпаратты дербес өзіндік ойлау деңгейлерінен өткізбей дайын күйінде қабылдайды. Білім ұзақ уақытқа сақталып, белсенді құралға айналуы үшін ақпарат баланың танымында ойлау процестері негізінде табиғи түрде қалыптасып, жүйеленуі керек. Алайда, қазақ тілін үйретуде қазақ тілі оқулықтарын дайындауда, оқу бағдарламаларын құрастыруда оқытудың психологиялық негіздері толық ескіріле бермейді. Сондықтан болуы керек қазақ тілі пәні бойынша қалыптасқан тілдік білім тіл үйренушінің белсенді құралына айнамай отыр. Белсенді құрал деген сөзді тек тілдің қарым-қатынас құралы ретінде қызмет етуін түсінбеу керек. Дайын модельдерді жаттау арқылы да шектеулі сөйлеу жағдаяттарында қарым- қатынасқа түсуге болады. Бірақ, ол тіл үйренушіде жүйелі, іргелі, ойлау процесінен өтіп, құрылым ретінде қалыптасқан ақпарат, білім қоры негізінде қалыптаспайды. Қысқа уақытқа жадыда сақталған дайын, ойсыз қолданылатын формалар ретінде қолданысқа түседі. Білім алушыда тілдік білім қалыптасуы үшін оның таным белсенділігін арттырып, дайын ақпаратты қабылдаушы ғана емес, ойланушы, сараптаушы

тұлғаға айналдыру керек. Сондықтан оқыту әдістемесіндегі когнитивті бағытты жаңа инновациялық үдеріс деп қабылдамай, табиғи таным процесінің орын алуына мүмкіндік беру деп қабылдау керек. Оқыту тәжірибесі тілді үйретудің адам миында ментальды құрылымдар табиғи түрде құрылғанда, белгілі бір нәтиженің болатынын көрсетіп отыр. Ал егер миға дайын құрылымдарды ғана ұсынатын болсақ, оның тежеуіш реакциясы басым болатынын көрсетіп отыр. Алайда, практикада мұғалімдер бұндай әдістерді қолдануды қолдамайды. Олардың ойынша, сатылы жұмыс түрлерін орындап отыруға уақыт керек. Ал баланың өзіне зерттеу жұмысын жүргізіп отыруға сабақ уақыты жете бермейді. Сабақ уақыты дағды мен іскерлік түрлерін қалыптастыруға жұмсалуды керек. Шындығында, егер бала алғашқы сабақтарда- ақ тіл туралы өз түсінігін, концепциясын құратын болса, әрине, оған көп уақыт керек. Алайда келесі деңгейлерде жаңа материалдарды меңгерту, тіл туралы жаңа мәліметті ұсыну көп уақыт алмайды. Өйткені жаңа мәліметтер қалыптасқан білім негіздеріне сүйенеді де, баланың оны түсінуі, қабылдауы қиындық туғызбайды. Сондықтан тіл туралы білімді ақпарат ретінде ұсынбай, баланың дербес ізденісі мен ойлауының нәтижесі ретінде қалыптасуына мүмкіндік беретін оқыту әдістемесін құру керек.

Когнитивті ұстаным оқыту әдістемесіне енгенде, адамның әлемді тану механизмін басышылыққа алады. Яғни адам сыртқы дүниеден ақпаратты қалай алады, қалай оны қорытады? Қалай білім ретінде жинақтайды? Бұның бәрі - адам миында жүзеге асатын процестер. Адамның ақпаратты қабылдауы, өңдеуі, сақтауы - өз заңдылығы бар процесс. Адамның сыртқы дүниені қабылдау модельдерін шартты түрде қалпына келтіру негізінде тілді оқыту әдістемесін де модель түрінде жүйелеуге болады. Когниция немесе таным процесі қабылдау, көңіл аудару, жадыда сақтау, әрекет, шешім қабылдау, елестету сияқты компоненттерден тұрады. Қазақ тілі грамматикасын ұсынуда осы таным процестерінің өту механизмін басшылыққа алу керек.

Қабылдау танымның күрделі үдерісі болып табылады. Адам алынған ақпаратты өз миының ішкі құрылымдарынан сүзгіден өткізеді. Қабылдау адамның вербальды коммуникативті қызметін іске асыруда маңызды рөл алады. Бұл қызмет перцептивті моторлы деңгей арқылы іске асады. Бұл деңгейде белгіні өңдеу, кодтан өткізу іске асады. Акустикалық кодтан нервтік кодқа ауысады. Және керісінше, нервтік кодтан акустикалық кодқа ауысады. А.А.Леонтьев қабылдау процесі деп адам санасында заттың сыртқы белгілерінің берілуін атайды. Сыртқы белгілерді қабылдау негізінде адам санасында заттың бейнесі қалыптасады. Қабылдау - бірнеше операциялардан тұратын күрделі үдеріс. Қабылдау адам санасында затқа тән белгілердің жай ғана бейнеленуі емес. Адам танымындағы категоризация, концептуализация үдерістерінің де жүзеге асуы болып табылады.

Қабылдау когнитивті процестердің бастапқы сатысы болып табылады. Келесі кезекте ақпараттың, заттың дұрыс қабылдануы адамның тітіркендіргішті адам санасында қалыптасқан кодтар жүйесімен дұрыс сәйкестендірумен байланысты. Сондықтан үйрету дегеніміз заттардың ерекше белгілерін көрсету арқылы ақпаратты ұлғайту емес, кодтау тәсілдерін меңгеруге негізделуі керек. Қабылдау білім қорын салыстыра отырып, ұқсата, отырып, орналастыру немесе категориязациялау болып табылады. Енді осы айтылған ғылыми ұстанымдар негізінде етістіктің шақ түрлерін қарастырып көрелік.

Қазақ тілі грамматикасын оқытуда, грамматикалық категорияларды түсіндіруде мұғалімдер алдында көптеген қиындықтарға кездеседі. Ең бірінші қиындық септік жалғауларының екі түрлі септелу тәртібі орыс тілді оқушының өз ана тілі бойынша қалыптасқан когнитивті моделімен толық сәйкестенбейді. Өйткені орыс тілінде септелу бір ғана нұсқада жай септеу түрінде жүреді. Ал қазақ тілінде жақ түріне қарай тәуелдік жалғауы, сонан соң септік жалғауы жалғанады. Оқушыға осы айырмашылықты құрылымдық тұрғыда үйрету көп нәтиже бере бермейді. Өйткені берілетін ақпарат оқушының санасында, жадыда қалыптасқан метатілдік ақпаратқа (метатілдік ақпарат деп адам санасында жадыда қалыптасқан білім қорын айтамыз) қайшы келеді. Және тәуелді септеу туралы бұрыннан қалыптасқан ақпараттың болмауы жаңа ақпаратты салыстыру арқылы жадыда сақтауға мүмкіндік бермейді, жаңа ақпарат жадыда жаңа байланыстар орнатуды қажет етеді.

Келесі бір мәселе - өткен шақ түрлері. Жедел өткен шақ пен бұрынғы өткен шақтың қатысым барысындағы қолданысында үлкен айырмашылық көрінбейді. Сондықтан оқушылар жедел өткен шақтың - ды/ді формаларының орнына көп жағдайда есімшенің - ған /ген формасын жиі қолданады. Әрине, тіл иелері бұндай құрылымдарды естігенде, бір сәйкессіздікті, қайшылықты сезеді. Өйткені метатілдік білімде қалыптасқан ақпарат пен естілген ақпарат сәйкестенбей жатады. Метатілдік қордағы когнициялық кеңістік сөйлемнің дұрыс құрылмай жатқанын хабарлайды. Ал екінші тіл ретінде қолданып тұрған адам бұл қайшылықты сезбейді. Өйткені оның жадында бұндай ақпарат когнитивті модель түрінде сақталмаған. Мысалы, Мен кеше келдім - Мен кеше келгенмін деген екі сөйлемнің қолдануында семантикалық айырмашылық бар. Бұл сөйлем мазмұнындағы прагматикалық компонентпен байланысты. Сөйлеу жағдаятымен байланысты пресуппозициялары екі сөйлемде екі түрлі. Бұны тіл иесі толық түсінбегенімен, екі сөйлемді екі түрлі жағдайда қолдану керек. Неге оқушылар қазақ тілінде өткен шақтың бірнеше түрлері барын біле тұра, есімшенің өткен шақ жұрнақтарын жиі қолданады? Неге есімшенің жұрнақтары жылдам қолданысқа түседі? Өйткені, орыс тілінде шақтың үш түрі барын білетін оларға өткен шақтың өзін бірнеше түрге бөліп қабылдау оларға қиындыққа түседі. Өйткені аталан грамматикалық

категориялардың негізінде жатқан когнитивті құрылымдар қолданыспен бекітілген. Бұл мұғалімнен кейінгі қайталау арқылы қолдану емес, өмірде, күнделікті тірлікте әртүрлі сезімдік әсермен, жағдаймен байланысты қолданылып бекіген ақпарат. Сондықтан өткен шақ түрлерін оқушыда қалыптасқан когнитивті құрылымдардың негізінде белгілі бір тәртіппен, жүйемен ұсыну грамматикалық категорияны қабылдауды қиындықтардың алдын алып, оқушының жаңа ақпаратты дұрыс қабылдауына, қолдануына мүмкіндік береді. Бұны әдістеме ғылымында когнитивті бағыт деп атайды.

Оқулықтар мен бағдарламалар грамматикалық категорияларды түсіндіргенде, функционалды семантикалық принципті басшылыққа алдық деп мәлімдегенімен, тілдік форманың қолданысын толық ашып бере алмай жатады. Оның түрлі себептері бар. Ең бірінші орыс тілінде сөйлейтін балада етістіктің шақ түрлері туралы осы шақ, өткен шақ, келер шақ деген ұғым бар. Ал өткен шақтың жедел өткен шақ, ауыспалы өткен шақ, бұрынғы өткен шақ, неғайбіл өткен шақ деген түрлері туралы ақпарат жоқ. Сондықтан өзі білетін үш шақтың қазақ тілінде сегіз түрге бөлінуін қабылау қиын. Ал, шындығында солай ма? Қазақ тілінде де үш шақтың түрі бар. Олар осы шақ, өткен шақ, келер шақ.

Ал олардың әрқайсысының іштей жіктелуін түрленуі деп қарастыру керек.

	ауыспалы	нақтылық	болжау
осы шақ	<i>ауыспалы осы шақ</i>	<i>нақ осы шақ</i>	
өткен шақ	<i>ауыспалы өткен шақ</i>	<i>жедел өткен шақ</i>	<i>неғайбіл өткен шақ</i>
келер шақ	<i>ауыспалы келер шақ</i>	<i>мақсатты келер шақ</i>	<i>болжалды келер шақ</i>

Орыс тілінде шақ түрлері

шақ	неопределенный вид	определенный вид		
		1	2	3
Настоящее	Я хожу учусь	Я иду учу		
прошедшее	Я ходил учился	Я шел учил	Я сходил	
будущее	Я буду ходить учиться	Я буду идти учиться	Я схожу	

Қазақ тілінде шақ түрлері қандай принцип негізінде жіктеледі? Шақ түрін анықтауға контекстің қатысы ауыспалы шақ түрлерін қалыптастырады. Яғни бір форманың әрі осы шақты, әрі келер шақты білдіруі тек контекст арқылы ажыратылады. Сонда бір форманың

бірнеше қызмет атқаруы қазақ тілінде шақ категориясын жасауда лексикалық бірліктердің жетекші қызметке ие екендігін көрсетеді. Өйткені шақ формалары сөйлемше аяқталған сипат беріп, оның жақ жағынан берілуін қамтамасыз ететін сияқты.

Келесі жіктелім болжалды және нақтылық түрлері етістіктің семантикасымен емес, сөйлеушінің әрекетке қатысты беретін бағасымен байланысты. Біреу үшін бір әрекет нақты болса, біреу үшін оның орындалуы күдік туғызуы мүмкін. Бұл жерде сөйлеуші адамның танымы мен сөйлеу жағдаятының қатысы айқын көрінеді. Яғни әрекет нақты сөйлеу жағдаятында бар прсуппозицияларға сай іске асуы немесе аспауы мүмкін. Ал әрекеттің нақтылануы тағы да сөйлеу жағдаятымен байланысты. Егер әрекеттің орын алған /алмағанын нақтылау керек болса, өткен шақтық мағына нақтылау мағынасына қабаттасып жеткізетін есімше формасы арқылы немесе болжау, күдік мағынасын үстемелеп жеткізетін көсемшенің формасымен беріледі. Бірақ бәрі өткен шақ мағынасын жеткізеді. Сондықтан оқушыға түсіндіруде туатын қиындық шақ категориясын түсіндіруде когнитивті бағытты ұстанбауында, шақ түрлерінің сөйлеу жағдаяты, оның шарттары, сөйлеуші адамның когнитивті кеңістігі тұрғысынан түсіндірілмеуімен байланысты.

Етістіктің шақ категориясы - адамның өмірде жинақтаған тәжірибесін жеткізетін категория. Ол тек әрекеттің болу уақытын емес, сонымен қатар сөйлеушінің өмірде жинақтаған тәжірибесін жеткізуге көмектесетін категория. Түсінікті болу үшін мынадай жағдайды алып қаралық. Есікті біреу қақты. Бала барып есікті ашты. Егер отбасының мүшесі болса, айталық іссапарға кеткен әкесі, немесе мектептен келген бауырлары бала « әкем келді, ағам келді, атам келді» деп жауап береді. Субъект келіп тұр, ал хабарлағанда «келді» деп жедел өткен шақта айтамыз. Енді есікті көршінің баласы қағып тұр деп есептейік. Онда бала көрші апа келіп тұр, немесе Саша келіп тұр» деп жауап береді. Сонда бірдей әрекетті жеткізуде неге екі түрлі шақ түрі қолданылады? Оны когнитивті ұстаным ғана түсіндіре алады. Әкесі іссапарға кеткен балаға әкесін көруі «келді» етістігі арқылы берілген. Ол әкесін көріп тұрғанын «келді» етістігі арқылы беріп тұр. Мен әкемді көріп тұрмын деген мақсаты «әкем келді» сөйлемі арқылы жетті. Ал көрші бала келгенде, оның келуі күтілген жоқ, көрші отбасы мүшесі емес, оның келуі бір мәселесімен байланысты. Ол үйге келу үшін келген жоқ. Сондықтан келіп тұр» деп нақ осы шақты қолдану келген адамның бір нәрсені айту, сұрау үшін келгені анық. «Келу» екінші негізгі мақсат әрекеттің тек басталуы ғана сияқты. Сондықтан «келіп тұр» деген етістік әрекеттің әрі қарай жалғасатынын жеткізетіні белгі сияқты. Ал енді мына жағдай: Анасы: Кім келді? Баласы: Сәуле ғой келген. Бұнда есімшенің өткен шақ жұрнағы қолданылған. Әрекет бір уақытта болып тұр. Бұрынғы өткен шақта тұр деп айтуға болмайды. Бір сөйлеу жағдаятында бір адамның бірнеше шақ түрін өзгертіп қолдануы тағы да когнитивті бағыт ғана түсіндіре алады. Өйткені бұнда шақ түрлерін анықтайтын лексикалық

бірліктер жоқ. Бұнда адамның жинақтаған тәжірибесі, танымда қалыптасқан білім жиынтығы ғана шақ категориясының бір жағдайды бірнеше формада жеткізуін анықтап тұр. Сәуле баланың апасы, ол күнде сабақтан келеді. Бұл әрекет үнемі қайталанады. Сөйлеу жағдаятында басқа адам да келу керек. Сәуле олар күткен адам емес. Келген адамды нақтылау, хабарлау үшін есімшенің өткен шағы қолданылған. Сонда етістік шақтарының қолданылуын қазақ тілін үйрету барысында қалай түсіндіруге болады? Тіл үйренуші адам тілдің құрылым туралы жүйелі білімді керек етеді. Және ол білім барлық жағдайға жауап беру керек. Бұл жерде қандай критерийлер ұсынуға болады?

Бірінші тәжірибе. Әрекеттің қайталанбалы, тұрақты сипаты.


Екіншіден, ақпараттың жанама немесе себеп-салдарлық байланыстың болуы, бір әрекет екінші әрекетті туғызады. Сөйлеген уақытта біз өзіміз білетін, бақылып жүрген, не біреуден естіген ақпараттарды жеткіземіз.

Мысалы, *Ол ойнайды, ол күні бойы ойнап жүр. Ол үнемі далада ойнап жүреді. Ол ойнап жатыр. Ол ойнады. Ол күні бойы далада ойнаған.*

Сөйлемдерде берілген әрекеттің сипатына қарайық. Сөйлеуші әрекетті қалай жеткізіп тұр? Көруші адам ретінде (ойнайды, ойнап, ойнады), бақылаушы ретінде (ойнап жүр, ойнап жатыр, ойнаған).

Келесіде сөйлеуші адамның айтылған ақпаратқа қатысы тұрғысынан етістік тұлғасын қолданудың механизмін талдап көрелік.

Сызбаның негізінде мына сөйлемдерге талдау жасайық:



Мен университетке метромен барамын. Оның жанында метро станциясы орналасқан.

Бірінші сөйлемде сөйлеуші субъект қатысушы адам. Ол әрекетті орындайды. Ал екінші сөйлемде ол бақылаушы. Сондықтан екі сөйлем бір жағдаятты, бір орынмен байланысты болса да, екі түрлі формамен беріліп

түр. Әрине, оқушы қатысушы мен бақылаушының қызметін ажырата қоюы қиындау шығар. Бірақ сөйлем түрлері де , жағдаятта шексіз емес, олар қайталанады, ұқсайды. Сондықтан сөйлеу жағдаятын типтендіру, категоризациялауға болады. Ал категоризация жүйені қалыптастырады.

Әдебиеттер

1. Леонтьев А. А. Эвристический принцип в восприятии, порождении и усвоении речи//Вопросы психологии. 1974. - №5.

2. Карасик В.И., Языковой круг: личность, концепты, дискурс. Волгоград: Перемена, 2002. — 357 с.

3. Зимняя И.А., Педагогическая психология. — М.: Издательство МОДЭК, 2010. — 448 с.

4. Падучева Е.В. Семантические исследования. Семантика времени и вида в русском языке. М., 1996

5. Ы. Маманов. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Алматы, Арыс, 2007

6. Е.В. Петрухина. Когнитивные модели времени в русской грамматике.

3. Основные направления в методике преподавания иностранных языков в XIX-XX веке / под. ред. Рахманова И.В. — М.: Педагогика, 1972.



Гүлбағиза МҰСАЕВА
өл-Фараби атындағы ҚазҰУ доценті,
филология ғылымдарының кандидаты

Қазақ тілін оқыту ұстанымдары

Мақалада тілді шет тілі ретінде оқытудың әдістемелік негіздері қарастырылады. Автор оқытудың мазмұны мен ғылыми-теориялық зерттеулерге негізделген әдіс-тәсілдері тіл үйретудің негізгі ұстанымдарын айғақтайтынын айтып, қазақ тілін шет тілі ретінде оқытудың негізгі ұстанымдары мен ерекшеліктерін сипаттайды.

Оқытудың негізгі мақсаты — тіл меңгерушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру болғандықтан, бұған қолжеткізу үшін лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени, дискурстық құзыреттері тыс қалмайтыны айтылады.

Тілді шет тілі ретінде оқыту үш маңызды элементтен құралады. Бұлар: оқу материалы, оқытушы және оқыту әдісі. Оқу материалын оқытудың мақсаты мен міндеттеріне сай сұрыптау, оны тіл меңгерушіге електен өткізілген әдіс-тәсілдермен ұсыну тіл оқытуда шешуші фактор болып табылады. Оқытушы әдіскерлердің тіл меңгертудегі ғылыми зерттеу нәтижелері теорияның практикадағы көрінісі болмақ.

Әдіскер зерттеушілер бұл мәселені шешуі үшін көптеген мақсаттар мен міндеттерді саралап нақтылауы тиіс.

Қазақ тілін шет тілі ретінде үйренетін оқушы кең көлемдегі құзыреттіліктерді меңгеруі тиіс. Осы орайда тіл оқытудың негізгі ұстанымдарын ажыратып, нақтылау — мақаламыздың мақсаты. Олар: тілдік білімнің сұрыпталу ұстанымдары, оқытудың ғылыми-әдістемелік ұстанымдары [1]. Шет тілі ретіндегі сабақтың әрқайсысында тілді одан әрі тереңдете меңгеруді қамтамасыз ететін тілдік білімнің негізі қалануы тиіс. Олай болса, оқытудың негізгі идеясын тілдік материалдың мазмұнымен оны ұсынудың әдіс-тәсілдерін анықтайды. Мазмұн мен ғылыми зерттеуге негізделген әдістеменің бірлесе жұмыс істеуі, олардың бірін-бірі толықтырып отыруы оқытуға қойылатын негізгі талаптардың бірі [2;3;4].

Тілді оқытудың негізгі мақсаты — тіл үйренушінің коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру.

1. Тілді оқытудың ғылыми ұстанымы — негізгі мақсатқа қолжеткізу үшін арнайы ғылыми-теориялық зерттеудің нәтижесіне құрылған тіл меңгертудің әр деңгейіне қажетті грамматикалық білім мен сөйлеу материалдарын сұрыптау және оны жүйелі түрде ұсыну.

2. Оқытудың жүйелілік ұстанымы. Оқыту мазмұны негізгі тілдік қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыс, әлеуметтік-мәдени салалары бойынша материалдардың тақырыптық топтастырылу әдісімен құрылуы тиіс. Ұсынылатын тілдік материал әр сабақта қарапайымнан күрделіге ұстанымы бойынша жүйелі кезеңдерден құрала отырып, берілетін материалдың спиральды дамуын қамтамасыз ете алуы тиіс. Оқыту жүйесінің мұндай ұстанымы бірізділікке қолжеткізеді.

3. Түрлі әдістемелік тәсілдерді қолдану ұстанымы.

Біріншіден, *коммуникативтік құзыреттілік* тәсіл. Екінші тілдің немесе шет тілінің қарым-қатынастық, яғни функционалдық қызметін оқыту. Оқыту сөйлеу әрекетінің төрт түрі: тыңдалым, оқылым, жазылым, айтылымды (диалогтық және монологтық) меңгерте отырып, коммуникативтік құзыреттіліктің бірнеше түріне дағдыландыру мен оны қалыптастыруға бағыттауы тиіс. Коммуникативтік құзыреттілік өз аясында:

- ✓ *лингвистикалық* (грамматикалық білім және сөздік қор);
- ✓ *әлеуметтік лингвистикалық* (тілдік қарым-қатынасқа түсу үшін мақсат пен жағдаятқа сай тілдік формаларды таңдай білу);
- ✓ *дискурстық* (коммуникативтік айтылымдарды түсіну және соған сай тілдік құралдарды таңдап қолдана білу);
- ✓ *стратегиялық* (вербалды, вербалды емес құралдарды қолдана білу);
- ✓ *әлеуметтік-мәдени* (осы тілде сөйлейтін халықтың әдет-ғұрпын, мәдениетін білу) сияқты негізгі түрлерін қамтиды.

Екіншіден, *жеке тұлғаға бағытталған тәсіл* — жеке тұлғалардың әлеуметтік-мәдени, эмоционалдық ерекшеліктерін ескере отырып, жекелік жұмыстармен қамтамасыз ету. Бұл жұмыстар тілді меңгерту үдерісінде берілген жаттығулар жүйесінің алуан түрлілігімен

анықталады. Жаңа тілде қарым-қатынас практикасы үшін берілген тапсырмалардың саны мен түрінің көптігі, тапсырмаларды орындаудағы коммуникативтік талаптың нақты қойылуы, сөйлеу жағдаяттарына орай лексика грамматикалық құрылымдардың таңдап алынуы мен оның реті жеке тұлғаның тілді тосқауылсыз меңгеруіне жағдай жасай алады [5].

Үшіншіден, *құрылымдық тәсіл*. Оқытуда грамматикалық білімді неғұрлым азайта отырып, сөйлеу құрылымдарын көбейту. Берілген құрылымдар: модельдер, сөйлеу үлгілері, сөйлем типтері сияқты дайын формалдық құрылымдармен жұмыс істеу. Коммуникативтік мақсатты көздеген қажетті тілдік материал қарапайымнан басталып, біртіндеп күрделене түсуі тиіс.

4. Кешенділік ұстанымы. Тілді меңгеруде сөйлеу тілінің бүкіл аспектісі тыңдалым, оқылым, жазылым, сөйлесім бір-бірімен байланыста қамтыла отырып, әрқайсысын қалыптастыруға бағытталған толыққанды жұмыс түрі жүргізілуі тиіс. Әр әрекеттің өзіне тән ерекшеліктерін сақтай отырып, кешенді жұмысқа құрылған оқыту өз көздеген мақсатына қолжеткізеді.

Тәжірибеде расталғандай, бұл аспектілердің ішінде тыңдалымның салмақ-үлесі басымырақ болып отыр. *Тыңдап түсіну* естіген шет тілдік хабарды *естіп, түсініп, қабылдауды* білдіреді. Тыңдап түсінудің механизмі күрделі үдеріс.

Оқытудың мақсатына жету үшін студент шет тілін түсініп ауызекі сөйлеу актісіне қатыса алуы тиіс. Алайда тәжірибеде тіл үйренушілер ауызекі сөйлесуде ауызша хабарды түсініп қабылдауда үлкен қиындықтарға кездеседі. Оның себебі бұл сөйлеу әрекеттерінің ішіндегі сөйлесушіге байланысты құбылыс емес. Тыңдаушы сөйлеушінің сөйлеу үдерісін бақылай алмайды. Хабардың мазмұнын, тілдік құралдарды сөйлеуші өзі таңдайды, сондықтан тыңдаушы берілген мәліметті сол күйінде қабылдауға мәжбүр болады. Тыңдаушы бұл әрекетте ештеңені өз мүмкіндігіне орай өзгертіп хабарды қабылдауын оңайлата алмайды. Сондықтан тыңдап түсіну күрделі психикалық әрекет болғандықтан, әдетте тез қажытып, тыңдаушының назарын бәсеңдетеді.

Түсініп тыңдау сөйлеу әрекетінің бір түрі ретінде болғанымен де, тіл үйренуде ең маңызды рөл атқарады. Себебі тыңдап, естіп, түсініп, қабылдамаған жағдайда, сөйлеу де, жазу да, оқу да болмайды. Хабарды қабылдамаған жағдайда оған ауызша жауап қайтара алмайды, дыбыстар легін ғана естіп, сөздің мағынасын түсініп қабылдамаған жағдайда жаза да алмайды, тіпті оқу әрекетінде тіл үйренуші іштей оқып отырса да, өзінің ішкі дауысын естіп түсінбесе, дұрыс оқыған нәрсенің мазмұнын түсіне де алмайды. Сондықтан тыңдап түсіну басқа сөйлеу әрекеттерімен тығыз байланысты болғандықтан, әсіресе, коммуникативтік бағыттағы шет тілін үйренуде маңызды рөл атқарады.

Сондықтан да, біздің ойымызша, тілді жаңа бастап үйренушілерге тыңдалым үшін ұсынылатын тілдік материал арнайы құрылғыға жазылып, таза және анық дыбысталған болуы тиіс. Алғашқы сабақтан бастап тіл үйренуші әрбір дыбысты, сөзді, сөздің жалғау жұрнақтарын, содан келе, сөз тіркестері мен сөйлемдерді анық естіп түсіне алса ғана, өз мақсатына қолжеткізбек. Тіл оқытудың А2 деңгейлеріне таяу келгенде ғана, тыңдалым аутентикалық материалдар болса, оқушы игеріп алып кете алатыны тәжірибеде көрініп отыр.

Яғни тіл үйренудің бұл деңгейінде түсініп тыңдауға үйретуде аутентикалық аудитивтік материалдарда түрлі дыбыстар: көлік дыбысы, түрлі дауыстар, телефон шылдыры, музыка т.б. шулардың болғаны дұрыс деп табады. Бұл тіл үйренушілерге меңгеру үшін берілген жағдайлардың ерекшеліктерін түсініп, түрлі шу арасында естілген сөзді ұғу дағдыларын қалыптастыра алады.

Алғашқы кезеңде *оқылым мен жазылым* дағдысын тіл меңгеруші сабақтың өн бойында берілген түрлі жаттығулардың көмегімен қалыптастыра алады. Оқыту мазмұнының күрделене дамуына қарай, оқылым мен жазылымды қалыптастыру жолдары да ерекшелене бастауы тиіс. Қарапайым бір сөйлемнен бастап құрылған мәтін түрлері үлкен әңгіме, баяндама, реферат т.б. түрінде көрінуі тиіс.

Күнделікті сабақта жүргізілетін оқылым, жазылым түрлерімен қатар, материалдың мазмұнына, даму қарқынына негізделген өз бетімен оқу мәтіндері, түрлі жобалық тапсырмалар арқылы берілген жазылым тапсырмалары да болуы тиіс. Оқытудағы мұндай жұмыс түрлері тіл үйренушінің лингвистикалық, әлеуметтік-лингвистикалық, әлеуметтік-мәдени құзыреттіліктерін дамытуға ықпал етеді.

Сөйлесім мен тыңдалым — егіз әрекет. Тыңдалым қалыптаспаған жағдайда сөйлесім қалыптаса алмайды. Тыңдалым дұрыс жолға қойылған болса, сөйлесімді жетілдіру үшін тіл үйренушілерге жаңа сабақты бекіткеннен кейін, өз ойын еркін айтқызуға бағытталған жағдаяттық тапсырмалар беріліп отырғаны дұрыс. Сөйлесім — бұл оқытушының осы сабағында жүргізілген бүкіл әдіс-тәсілдерінің жемісін көрсетеді. Сөйлесімге қолжеткізу үшін оқытудың әр сабағының жаттығу жүйесі қарапайымнан күрделіге ұстанымы бойынша құрылуы тиіс. Жаттығудың түрлері төмендегідей ретте болғаны дұрыс.

1. *Сөйлеу дағдыларын қалыптастыруға арналған жаттығулар:*

- имитативтік — (қайталап айту) шартты — коммуникативтік бағытта;
- орнына қою — тілдік дағдыны қалыптастыру мен автоматтандыру үшін;
- трансформациялық — сөйлемдерді өзгертіп қайта құруға арналған; сөйлемдерді толықтыру, кеңейту, қосу; ұқсас сөйлем құрау, дайын фразаларды әр жағдайға байланысты сөйлемге қосу т.б.

2. Сөйлеу дағдыларын жетілдіру жаттығулары:

- шартты сөйлеу — оқу материалы негізінде;
- сөйлеу — шынайы қарым-қатынас үлгісі;
- респонсивті — сұрақ-жауап, репликалық және шартты сөйлесу жаттығулары;

- ситуативтік — бір жағдаятты сипаттау;
- рөлдік ойындар — әлеуметтік — тұрмыстық, кәсіби.


3. Сөйлеу біліктілігін дамыту жаттығулары, яғни репродуктивтік жаттығулар:

- мазмұнын айту;
- сипаттау — көрген фильм, сурет т.б. бойынша әңгімелеу;
- драмалау — мәтінді рөлге бөліп айту;
- дискутивтік — бір мәселені талқылау;
- ауызша әңгімелеу — берілген тақырып бойынша;
- инициативтік — сұхбат алу.

Тілді меңгеру мақсатында оқыту — жан-жақты дайындықты қажет ететін күрделі үдеріс екен. Мақаламызда оқытудың негізгі мазмұндық және құрылымдық параметрлерін көрсете алатын негізгі ұстанымдар мен бірқатар дидактикалық және әдістемелік ерекшеліктер ұсынылды. Бұл параметрлерге оқытудың бүкіл компоненттерінің өзара сабақтастығы, олардың оқу үдерісінің талаптарына сай болуы, қойылған мақсаттың және нысананың нақтылығы және оқыту әдісі жатады [7].

Әдебиеттер

1. Гез Н.И. и др. Методика обучения иностранным языкам в средней школе / Н.И. Гез, М.В. Ляховицкий. - М.: Просвещение 1982.
2. Демьяненко М.Я. Основы общей методики обучения иностранным языкам / М.Я. Демьяненко, К.А. Лазаренко и др. - Киев, Высшая школа, 1976.
3. Колесникова И.Л. Англо-русский терминологический справочник по методике преподавания иностранных языков: справочное пособие. - М.: Дрофа, 2008.
4. Пассов Е.И. Основы коммуникативной методики. - М.: Просвещение, 1989.
5. Сметанина М.Н. Английский язык. Базовый курс: учебное пособие для студентов-заочников 1-2 курсов неязыковых факультетов педагогических вузов. — Челябинск: Изд-во Челяб. гос. пед. ун-та, 2010.
6. Г. Мұсаева. Қазақ тіліндегі жай сөйлемдерді меңгеру динамикасы. Алматы, «Қазақ университеті», 2013.
7. Беспалько В.П. Теория учебника: дидактический аспект. М., 1988.



Міржақып ДУЛАТОВ
Алаш қайраткері

Абай

Үстіміздегі жылы хакім Абайдың туғанына 170 жыл толуы аталып өтуде. Алаш қайраткері Міржақып Дулатов ұлы ақынның өмірден өткеніне он жыл толуына арнап, «қолда барда алтынның қадіріне жетпейтін» қамсыздығымызға ашына отырып, «Қазақ» газетінде мазмұнды мақала жариялаған болатын. Біз оқырманға ой салатын, тебіреніске толы осы мақаланы көпшілік назарына ұсынуды жөн көрдік.

Бүгін атақты қазақ ақыны марқұм Абай Құнанбаевтың опатына дәл он жыл толды. Егер Абай қазақтан өзге оразды жұрттардың бірінің ақыны болса сегіздегі баласынан сексендегі шалына шейін түгел атына қанық, сөзімен таныс болар еді, елі туғанына сүйініп, өлгеніне тегіс күйінер еді. Опатына 10, 25, 50, 100 жыл толған сайын бүгін жұрт ескеріп, матбұғаты қайнап, есімін мәңгіге шейін қалдыруға өшпес белгілер орнатып, құрметіне неше түрлі ізгі жайлар ашар еді.

Не шара!.. Біздің жұрт әлі күнге шейін мәдениет басқышының ең төменіне аяқ баса алмай тұр. Қазақ әдебиетінің атасы хакімінде тарихта

аты алтынмен жазыларлық Абай Шыңғыс тауында туып, Шыңғыс тауында 60 жылдық өмірін өткізіп, сол Шыңғыс тауында өлді. Туғанын, жасағанын, өлгенін өз елі тобықтыдан басқа қазақтың көп жері білмей де қалды. Осы заманда осы үш ауыз сөздің басын құрай білетіндердің жазулары тасқа басылып, халыққа тарап, сынға түсіп тұрғанда, Абай сөзі өзі өлгеннен кейін бес жыл өткенде басылды. Абай кітабы басылғаннан соң да елге көп тарай алмады, былтырдан бері ғана «Қазақта» Абайдың кім екендігі жайынан жазылған соң қазақтың әр жерінен сұраушылар бола бастады. Абай сөзі өзінің тірі күнінде басылмау себебін, өлген соң да балалары неге тез бастырмағанын анық білмейміз. 1904 жылы июнь айының басында Омскіге барғанымда Абай өлеңдерінің жазбасын алғаш Ахмет Байтұрсыновтан көрдім. Сонда Байтұрсынов айтты: «Естуімше Абай өзі өлеңінің басылып шығуын тілемейді һәм бастыруға ешкімге рұқсат бермейді екен, күз Қарқаралы қаласына барамын, содан әдейі бұрылып Абайға сәлем беремін, танысамын һәм өлеңдерін бастыру жайынан сөйлесемін» деп. Ахметке Абайды көруге нәсіп болмады. Абай өмірі күзге жетпей, сол июньның 23-інде опат болды.

1905 жылы «Семипалатинский листок» газетасында һәм онан кейін Семейдегі Географическое обществоның шығарған бір кітабында Әлихан Бөкейханов Абайдың тәржімә халін жазды һәм кешікпей кітабы да басылатынын білдіріп еді. Бірақ тез шықпады, 1909 жылы Абайдың балалары һәм өлілерінің ризалығы һәм Әлиханның ыждаһатымен Абай кітабы Петербургта Бураганский баспаханасында басылып шықты. Бұл күнгі қолымыздағы кітап сол бірінші баспасы.

Бүгін Абай секілді атымен қазақ халқы мақтаныш етерлік ақынымызды арамыздан жоғалтқанымызға 10 жыл толуын еске түсіріп, халқымыздың мұндай адамының қадірін білмеуін айтып қана өтеміз. Тәржімә халі өткен жылы «Қазақтың» 39, 41 һәм 43 нөмірлерінде, бұрын өз кітабында һәм Географическое общество кітабында жазылғандықтан, бұ жолы жазбаймыз.

Абай сынды ақынның қадірін білмеу қазақ халқының зор кемшілігін көрсетуге толық жарайды. Себебі қазақ басқа жұртпен үзеңгі қағысып, тең халық болып жасай алмауы тарихы, әдебиеті жоқтықтан. Тарихы, әдебиеті жоқ халықтың дүниеде өмір сүруі, ұлттығын сақтап ілгері басуы қиын. Әдебиеті, тарихы жоқ халықтар басқаларға сіңісіп, жұтылып жоқ болады. Қай жұрттың болса да жаны әдебиет, жансыз тән жасымақ емес. Қайдан өрбігенін, қайда өскенін, ата-балалары кім болғанын, не істегенін білмеген жұртқа бұл талас-тартыс тар заманда арнаулы орын жоқ. Сондықтан Абайдың аты жоғалуы, мұнан кейін

де шығатын Абайлар сондай ескерусіз ұмытылу ықтималы қазақтың жоғалуы, қазақ атты халықтың ұмытылуымен бірдей.

Соның үшін жиырмасыншы ғасырдың таңында халқымыздың ұйқыдан азырақ бас көтеруі, жас әдебиетіміздің өсуі, белгісіз кісілеріміздің тірлігінде һәм өлген соңында мәңгі ұмытылмастай болуы біздің бірінші ескеретін борышымыз. Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш Абай сөзі: Абай аты боларға керек. Абайға шейін қазақта қолға алып оқырлық, шын мағынасында қазақ әдебиеті дерлік бір нәрсе болған жоқ еді. Абайдың бізге қымбаттығы да сол. Бәлкі мұнан кейін Абайдан үздік артық ақындар, жазушылар шығар, бірақ ең жоғарғы, ардақты орын Абайдікі, қазақ халқына сәуле беріп, алғашқы атқан жарық жұлдыз — Абай.

Орыста бірнеше жазушы Ломоносов, бір балықшының баласы еді. Онан кейін сан жүйріктер шығып жатыр, сонда да орыс әдебиетінің тарихында бірнеше орын, бас бәйге Ломоносовқа арнаулы. Неше жүз жылдан бері Ломоносовтың атын орыс халқы көңілінде һәм тілінде сақтап келеді. Мұнан соң мың жылдар өтсе де оған көрсетілген қадір-құрметтері артпаса, кему жоқ. Біз де Абайға сол көзбен қарауға керек. Абайдың есімін, сөзін өте құрметтеп ұмытпастай басына белгі орнатып, құрметіне ізгі жайлар ашарға керек.

Бір-екі ай мұнан бұрын Семей қаласында білімді, жүрегінде жалыны бар бірнеше азаматтар Абай құрметіне құрметхана ашады деп естіп қуанып едік, сол хабардың жандануына тілектеспіз. Бұл туралы өрнекті басшылықты әуелі Семей халқынан күтеміз. Өткен 26 январьда Семей қаласында Географическое общество, ондағы оқыған қазақ жастарының жәрдемімен, Абай құрметіне әдебиет кешін жасағандығы. Семей халқынан күткен үмітімізді күшейтуге зор дәлел болса керек. Ол кеш бірінші қазақ ақынының құрметіне жасалған бірінші қазақ әйелі (Нәзифа ханым Құлжанов жамағатының) майданға түсіп берген өрнегі еді.

Біз бүгін ардақты ақынымыз марқұм Абайдың рухына дұға қылып, қараңғы заманда шырақ жаққан басшымыздың есімі, құрметі, терең мағыналы асыл сөз атадан — балаға, немереден шөбереге үзілмей сақталуын тілейміз. Зәредей шүбә етпейміз, Абайдың өлген күнінен қанша алыстасақ, рухани сонша жақындармыз. Үнемі бұл күйде тұрмас, халық ағарар, өнер-білімге қанар, сол күндерде Абай құрметі күннен-күнге артылар, «Бірінші ақынымыз» деп қабірін халқы жиі-жиі зиярат етер, халық пен Абай арасы күшті махаббатпен жалғасар. Ол күндерді біз көрмеспіз, бірақ біздің рухымыз сезер, қуанар...



Рәбиға СЫЗДЫҚОВА
ҚР ҰҒА академигі,
филология ғылымдарының
докторы, профессор

Қазақ хандығы кезіндегі қазақ тілі

Биылғы жылдың басты оқиғасы – Қазақ хандығының 550 жылдық мерекесі байтақ елімізде кеңінен атап өтілуде. Осыған орай, көрнекті ғалым, ҚР ҰҒА академигі Рәбиға Сыздықованың сол тарихи кезеңдегі тіліміздің сипаты жайында жазылған ғылыми еңбегін ұсынып отырмыз.

Қазақ хандығы тарих сахнасына шыққанда, оған қызмет еткен тіл — қазақ тілі болды, өйткені бұл тіл — осы хандықты құраған қаңлы, қыпшақ, алшын, арғын, найман, керей, жалайыр, тағы басқа да ру-тайпалар сөйлейтін тіл болды. Қазақ тілі аталған ру-тайпаларды бір-бірімен табыстыратын ұйытқы хандықты құраған күштердің бірі болған дейміз. Сонымен қатар бұл тіл қатынас құралы ғана емес, хандықтағы жұртшылықтың (адамдардың) мәдени-рухани талабын

өтейтін толыққанды әдеби тіл болған. Тіл бұл сипатқа хандық құрылған кезден бұрындары ие бола бастаған. Өйткені тіл және оның өзі немесе қарапайым тіл, әдеби тіл, ауызша тіл, жазба тіл деген түрлері бір сәтте, бір жылда пайда болмайтыны мәлім.

Әдеби тілдің бағасын беретін шарттардың бірі оның сөздік қазынасы барынша бай, грамматикалық, әсіресе, морфологиялық тұлғатәсілдері жүйеленіп, нормаланған, фонетикалық құрамы да өзге түркі тілдерінен, оның ішінде ең жақын туыстас батыс қыпшақ тобындағы тілдерден ажыратылып, өзгешелеу болып қалыптасқан болуы керек. Екіншіден, әдеби тіл сол тілде сөйлейтін жұртты (адамдарды) біріктіріп, бөлініп кетуден сақтайтын күш болуы шарт. Үшіншіден, бұл тіл аймақтарға, өлкелерге қарай азды-көпті бөлініп тұратын лексикалық, грамматикалық, фонетикалық ерекшеліктері жоқ, яғни диалектілерге бөлінбеген тұтас, барлық қолданушыға бірдей түсінікті монолит тіл болуы шарт. Төртіншіден, ең негізгісі әдеби тіл сөйлеу тілі қатынас құралы болу сипатынан өзгеше, өте көркем, әсем, әсерлі тіл болуы шарт. Ал соңғы шарт, негізінен өлең сөзде (поэзияда) қолданыс табады. Көптеген халықтың әдеби тілдері сияқты, қазақ тілінің де әдебилік мәртебесін беретін өлеңсөз (поэзия) болды. XV-XVIII ғасырлардан бастап аты белгілі ақын-жыраулардың, билердің өлең-жырларына, толғауларына қарап соңғы айтылған белгілерді көрсете аламыз. Мысалы, сөз етіп отырған дәуірдегі Қазтуған, Асанқайғы, Доспамбет, Шалкиіз, Жиёмбет, Марқасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар жырау, Көтеш ақын, Шал ақындардың өлең-толғауларында сөз болатын қару-жарақ, киім-кешек, жер-су т.б. атаулары жалаң өзі аталмай, көркем анықтауыштармен (эпитеттермен) келеді. Мысалы, жай *найза* емес, *толғамалы ақ найза*, жалаң *қылыш* емес, *алдаспан ақ ауыр қылыш*, сондай-ақ жақпен атылатын оқтар да әсерлі көріктеуіш сөздермен келеді: *он екі тұтам оқ, ала білек оқ, күшіген жүнді оқ, шай жібек оқ* деп беріледі. Бір қарағанда, бұл тіркестер оқтың қандай екенін айыратын жай анықтауыштары сияқты көрінеді, бірақ олар — жай сындар ғана емес, сипаттама әсерлі сындар екендігі даусыз. *Сүңгі* сөзі жай атала салмайды, *төрт қырлаған көк сүңгі* деп келтіріледі. Киім-кешектен жай ғана *тон* (ерттеректе тон жалпы киім дегенді білдірген) *алқаракіс тон* (бұл жердегі тон қазіргі түсінігіміздегі қысқы киім емес) болып келеді. Тек қана зат есімдер емес, етістіктердің де ең әсерлі варианттары келтіріледі. Мұндай сөздер поэтизмдер, қазақшаласақ өлең сөзі немесе тек өлеңдегі қолданыстар болады. Мысалы, етістіктерден батырлардың қаһарланып жауға шапқанын *буырқанды, бұрсанды, мұздай темір құрсанды* деп келтіреді. Мұндағы *буырқанды, бұрсанды* — *қаһарына мінді* дегеннің ауыспалы мағынасында айтылған варианты. *Мұздай темір құрсанды* (қару-жарақты байлады) деп жырланады.

Осы сипаттамаларды дәлелдеу үшін Доспамбет жыраудың тұтас бір толғауын келтірсек: Толғамалы ала балта қолға алып, Топ бастадым — өкінбен, Тобыршығы биік жай салып, Дұшпан аттым — өкінбен.

Тоғынды сарты нар жегіп, Көш түзедім — өкінбен. Туған айдай нұрланып, Дулыға кидім — өкінбен. Зерлі орындық үстінде, Ал шымылдық ішінде, Тұлымшағын төгілтіп, Ару сұйдім — өкінбен.

Бұл толғаудың алғашқы төрт жолында жармен көшетін бай болғанын, одан кейінгі жолдарда жас сұлуды сүйген жігіт болғанын айтып тұр. Бұл толғау жолдарының барлығында да әсерлі эпитеттер келтірілген: *толғамалы ала балта* — бұл сабы сусып кетпес үшін қайыспен оралған, соғыста қолданылатын үлкен балта. Үлкен жақ (жай, садақ). *Дулыға кидім* — батыр болдым, соңғы жолдарда сұлу сүйіп қызық өмір сүргенін барлығын әсірелеп, мағыналарын ауыстырып (метафоралармен) берген.

XV-XVIII ғасырлардағы өлең-толғауларда және осы жыраулардың аузынан шыққан деп танылатын бірқатар батырлар жырларында бұл күнде қалың оқырманға түсініксіз жеке сөздер мен сөз тіркестері кездеседі. Олар тек сол ғасырларда пайда болған сөздер емес, негізінен әріден келе жатқан, XV ғасырдан бұрын толғап өткен ақын-жыраулардан келген көрікті сөздер. Ал бейтаныс қолданыстар, көбінесе әсерлі, көрікті болып келеді. Аталған жыраулардың бірінде *Қоғалы көлдер, қом сулар* деген жолдар бар. Мұндағы *қом*, *судеген* сөздердің екеуі де көне: *қом* — толқын, *су* — өзен. Сол сияқты *толғамалы найза, толғамалы балта* дегендер де — өте көнеден келе жатқан эпитеттер. Сол сияқты *толағай* сөзі өлең сөздерде «жалаңаш бас» дегенді білдіретін өте көне сөз. Сірә, моңғол тілінен ауысқан болуы керек. Бұл сөздің ежелден келе жатқан бейнелі сөз екенін XIX ғасырда Дулат ақынның *Тау толағай көрінер тасы кетсе* деген өлең жолынан табамыз. Бұл сияқты көне сөздер, алдымен көркем, бейнелі, әсерлі қолданыстар болады. Екіншіден, XV-XVIII ғасырлардың ақын-жыраулары поэзиясы — алдыңғы дәуірлердің, XV ғасырдан бұрын өткен дәуірлердің жалғасы. Хандық дәуірдегі қазақ тілінің поэтикалық көркемдік сипаты тек көрсетілген мысалдардан ғана емес, өлең жолдарының (қатар тұрған сөздердің, тіркестердің) біркелкі дыбыстан басталғандығы да әдебиеттік сипатты білдіреді. XV ғасырда Асанқайғының:

Елбең, елбең жүгірген, **Е**белек отқа семірген. **Е**кі семіз қолға алып, **Е**рлер жортар күн көрген. **Е**діл деген қиянға, **Е**ңкейіп келдің тар жерге... деген шағын толғауының әрбір жолы (тармағы) **е** деген дауысты дыбыстан басталып тұр. Сол сияқты Қазтуғанның (XVI ғ.): **Б**илер өтті — би соңы, **Б**и ұлының кенжесі, **Б**уыршынның бұта шайнар азуы, **Б**идайықтың көл жайқаған жалғызы, — деген толғауының әрбір тармағы дауыссыз **б** дыбысынан басталып тұр. Бұларды ғылымда ассонанс және аллитерация деп атаймыз.

Аталған кезеңдегі әдеби тілдің үлгілері авторлы, авторсыз өлең-жырлардың поэтикалық құрылысының тағы бір амал-тәсілі арқылы ерекшеленеді. Ол ерекшеліктер біртұтастықта: бір тармақта, бір шумақта, бір толғауда қайталама әдісінің қолданылуында көрінеді. Қайталамалар өлең-жырдың тармақ соңында да келеді. Мысалы,

Қазтуғанда: Атамыз біздің бұл Сүйініш, Күйеу болып барған жұрт. Анамыз біздің Бозтуған, Келін болып түскен жұрт.

Қайталама тәсіліне жеке сөздер де, тіпті ыңғайлас сөйлемдер де ілігеді. Көрсетілген кезеңдегі жыраулар тілінің көзге түсетін бір сипатты белгісі — айтпақ ойын бейнелеп беруі. Ол үшін тура лексикалық мағынасы бар жеке сөздің орнына оның көркем эквиваленті — бейнелі фразеологизмдер келтіріледі. Мысалы, Бұқар жыраудың *Бірінші тілек тілеңіз* деп басталатын толғауы — тұнып тұрған астарлы сөз тіркестері. Мұнда жырау *өлмеуі* деген сөздің орнына *үшкілсіз көйлек кимеу* (*Үшінші тілек тілеңіз үшкілсіз көйлек кимеске*) деп, *ауыру* деудің орнына *тәрде төсек тартып жату* деп, *біреуге тұтқын болу* дегенді *біреуге тегіннен тегін олжа болу* деп, *жау келді* дегеннің орнына *желкідеген ту келді* деп айшықтап, әсерлеп береді. Бұларда кездесетін *анасы аңырап қалу* (баласынан айырылу), *сөзге түспеу* (сөзді ұқпау, түсінбеу) деген метафоралар да, *найзаны жауға тіреу* (жаумен айқасу), *өкпемен қабыну*, *өтімен жарылу* (мықтап ренжу), *топқа кірер ұл* (бедерді ұл), *қазақтың қамал-қорғаны* (тірегі, ханы) деген осы қатардан.

Бұлардың ішінде Бұқар толғауларында кездесетін *қиядан қиқу төгіліп, аспаңда жұлдыз аралап, ай нұрын ұстап міну* сияқты бейнелі тіркестердің жасалу үлгісі мүлде ерекше. Мағыналары жағынан бір-бірімен қиыспайтын (тіркесе алмайтын), сырт қарағанда, алогизм болып көрінетін фразеологизмдер көркем тілде, оның ішінде өлең тілінде өте әсерлі болып танылады.

Ауызша дамыған әдеби тілдегі шығармалардың сөздік байлығы оларда қолданылған стильдік амал-тәсілдерге тікелей қатысты. Дидактикалық толғауларда кейде ондағы ой түйінін, яғни жыраудың айтпағын дәлелдеу үшін қарама-қарсы полюстерді салыстыру тәсілін пайдаланды: *жақсы — жаман, дос — дұшпан, жібек — жүн, сұлтан — құл* т.б. Бұл амал осы кезеңдегі әдеби тілдің фразеологиялық қорын және қарсы мәндес есім сөздер мен етістіктер қазынасын байытып, олардың қолданыстарын тұрақтандырады.

Ал жыраулар поэзиясында *дұшпан, заман, несібе, дүние, дос* сияқты араб пен парсы сөздерін қолданудан бас тартпайды, өйткені мұндай сөздер қазақ халқын құраған ру-тайпалардың тіл тәжірибесінде алғашқы орта ғасырлардың өзінде-ақ орын алып келген болатын. Бірақ қазақтың ауызша дамыған әдеби тілі ортаазиялық жазба түркі әдеби тіл дәстүріне жүгінбей дамыды.

Аталған кезеңдердегі жыраулардың бізге жеткен мұрасының тілінен бүгінде қазақ әдеби тілінде әбден қалыптасқан поэтизмдерді: әдемі, әсерлі, бейнелі фразеологизмдерді табамыз. Сонымен қатар, бірқатар көне сөздер мен Ноғай хандығында қатар өмір сүрген халықтардың тілдеріне, әсіресе ноғай тіліне тән сөздер мен бірді-екілі морфологиялық тұлғаны кездестіреміз. Мысалы, «басшы» мағынасындағы *аға* сөзі (*қол бастаған аға бар; Ер Доспамбет аға*); «жақсы», «мықты» мағынасындағы *ару* (*ару ат, ару батыр*); «мықты, көп»

мағынасындағы *ауыр* (*ауыр жұрт*, *Ноғайлының ауыр жұрты* — *Ноғайлының көп жұрты*); *ауыр байлық* (молбайлық), *жүмле* — «барлық, бүкіл» деген мағынада: *жазы* — «ашық дала, жазық дала» сөздері бұл күнде көрсетілген мағыналарда емес, өзге мағыналарда қолданылады. Ал Шалкиіз, Доспамбет, Ер Шобан, Жиёмбет жыраулардың толғауларында ноғай тіліне тән сөздер де орын алған: «шалбар» мағынасында *сақсыр*; «бұлақ көзі» мағынасындағы *шешме*; «ата тек» мәніндегі *сой*; «барлық, бүкіл» мағынасындағы *жүмле* сөздері — ноғай тілінде бүгінде де осы мағынада жұмсалатын сөздер. Сірә, бірқатар XV-XVI ғасырлар жыраулары екі тілде қазақ, ноғай тайпалары қолданып жүрген тілдерінде кейде бірдей толғай бергенге де ұқсайды. Шалкиіз бір толғауында: «Мен қазақ шығып барамын», — дейді. Ал қазақ *шығу* деген түркес «қазақ болу» дегенді білдіреді, *шығу* сөзі көне түркі тілінде «болу» деген мағынаны да берген. Бұл жыраулардың тіліндегі *соңыратын* — «кейін, соң», *асмар ету* — «тапсыру, қалдыру», *шал* — «ақ» (*шал сақалың жылаттың, шал қоян — ақ қоян*), *тебір* (?) (*тебір жаман жұрттың теңі емес-ті*), *көксу* — «көкке көтерілу» (*Ана Еділден көксіген (көкке көтерілген)*), *О дағы бір тарланға жолығар*, мұндағы *тарлан* — «қыран құс»), *ең* — «адамның жүзі, беті» (*Еңінде семсерақ тісті*), *қом* — «толқын» (*қоғалы көлдер, қом сулар* — толқынды өзендер), *су* — «өзен» (*Еділ-Жайық екі су*); *жарақшы* — «емші» (*Жара аузына қан қатты, Жарақшылар жоқ па екен; кежі* — «күзет») (*Кежідегі адамға түн ұйқысын таптырмас*) т.с.с. дегенді білдіреді. Қазтуған бір толғауында: *Сөйткен менің Еділім, Сен салмадың, мен салдым*, — дейді. Мұндағы *салу* етістігі «қалдырып кету, қалдыру, тастау» деген мағынаны білдіреді. Бүгінгі қазақ тілінде бұл етістік сөз тіркестері *дүние салу* («қайтыс болу» — бұл дүниені қалдырып кету), *құлын салу* («құлын тастау») т.б. тіркестерінде сақталған. Бұл көрсетілген тұлғалардың көбі — өте көнеден, бабалар тілінен қалған реликтілер. Олар XV-XVII ғасырлардағы әдеби тіл үлгілерінде аса көп емес. Олардың көбі — контекске қарай оңай түсінуге болатын тұлғалар, ал бірен-сараңын қазіргі қазақ тілінде сақталған өлең-жырларда, мақал-мәтелдерде, сөз тіркестерінде, қос сөздердің сыңарларында сақталған көнеліктердің этимологиясына, мағыналарына арналған зерттеулер және бүгінгі түсіндірме сөздіктерде «көне» деп көрсетілген тұстарынан тауып оқып, түсінуге болады.

Мұндай мағынасы күңгірттеу, бірден тап басып тани алмайтын жеке сөздер мен сөз тіркестері бұл күнде ең бір сүйіп оқитын, ұлттық әдеби қазынамыз — «Батырлар жырлары» мен «Ғашықтық жырларымызда» да бар. Бірақ оларды жатсынып не түсініксіз деп оқымай жатқан ешкім жоқ. Көне сөз (архаизм), ескі сөз (историзм) дегендер тіл-тілдің дамуының соңғы бірер жылының ішінде де пайда болып жатады.

Сөз болып отырған соңғы кезең XVIII ғасырдағы қазақ сөз зергерлері бұрынғы поэтикалық амал-тәсілдер мен тілдің көріктеу құралдарын пайдалана отырып, жалпы толғаулар сарынынан күнделікті өмірдің өзін сөз ететін өлең-жырларды дүниеге келтіре бастады. Бұған кезеңнің

уәкілдері — Тәтіқара, Көтеш, Шал ақындардың туындыларында жыраулық дәстүрден гөрі ақындықтың сипаты басымдау келіп отырғандығы дәлел. Олардың ішінде Шал ақынның өлеңдерін атауға болады. Оның шығармаларында бір тақырыпты нақты сөз ету күштірек болып келеді. Сондықтан алдыңғы аталған жыраулардағы бейнелі тіркестерден гөрі, тура мағынасындағы сөздер көбірек қолданылады.

Сөйтіп, XV-XVII ғасырларда жыраулар мектебі мейлінше дамыған, соған лайық жыр-толғау жанрының бел алған тұсы болды. Бұл кезең поэтикалық белгілері күшті «шешендік сөздер» дегеннің де қазақ мәдени әлемінің бір дүниесі болған. Ал XVIII ғасырда жыраулар дәстүрі әрі қарай жалғаса түсіп, жаңа белгілерге ие бола бастайды. Ол белгілер қазақ поэзиясындағы ақын, ақындық мектепке тән амал-тәсілдерге көшу процесін көрсетті. Сондықтан халық арасында XVIII ғасырда, кейде тіпті XIX ғасырдың орта тұсында жасаған кейбір сөз иелерін «ақын» деп те, «жырау» деп те атап кеткені байқалады. Бұл — өлең-жыр дүниесіндегі жалғастық пен жаңалықтың айырым-шегін тануға қатысты екендігі белгілі.

Сонымен, хандық дәуірдегі қазақтың әдеби тілін танытатын сөз өнері де даму процесінде бір орында қалмай, бірте-бірте өзгерістерге түсетін тарихи-динамикалық құбылыс болғандықтан, оның даму барысындағы кезеңдердің де ара-жігі болатыны заңды. Бірақ бұл жіктер бірден, тұтқиылдан басталмай, жыраулықтың көптеген белгілері ақындар шығармаларында әлі де сақталып, орын алғандығын тілдік-стильдік талдаулар танытады. Айталық, Махамбет ақын өз өлең, толғауларын 7-8 буынды аралас, шұбыртпалы ұйқас суретімен жырлағаны белгілі. Сондай-ақ Махамбеттен 2-3 ғасыр бұрын өткен Доспамбет, Шалкиіз, Қазтуғандардың толғауларында кездесетін бейнелі сөздерді (*Қоғалы көлдер, қом сулар, айналайын Ақжайық, ат салмай өтер күн қайда* дегендер сияқты), батырлар жырларындағы: *балдырғаны білектей, баттауығы жүректей* («Едіге» жыры) деген сияқты қолданыстар Махамбет ақынды жыраулар қатарына жақындатады. Керісінше, бірқатар жыраулар әлеуметтік тақырыптарды сөз еткен тұстарда ақындарша сөйлеп кетеді. Қазақ хандығы дәуіріндегі авторлы, авторсыз өлең, толғау, жырларда қазақ әдеби тілінің біршама тұрақталған жүйелі эстетикалық (көркемдік) қоймасы болған.

Сөз етіп отырған ғасырлардағы өлең, толғаулардың негізгі тақырыбының бірі — жаугершілік болды. Қазақ хандығы дәуірі осы хандықты, жерін, суын сақтап қалу үшін күрескен жаугершілік кезең болғаны белгілі. Шоқан Уәлиханов: «XVII-XVIII ғасырларда азаматы аттан түспеген қан жосыған жылдар болды», — дейді. Осы жылдарда ұрыс-соғысқа қатысты жеке сөздер мен сөз тіркестері жиірек қолданылып, сөздік қор молыға түсті. Бұлар қару-жарақ, киім-кешек, құрал-жабдық, соғыс тәсілдері, соғысқа қатысатын жандарды, әскери тәртіп жүйелерді атайтын терминдік мәнге жақындайтын сөздер мен сөз тіркестері болып келеді. Қару-жарақтар мен киім-кешек,

құрал-жабдық атаулары жоғарыда көрсетілді. Ал осы жаугершілікке қатысты қимыл-әрекеттерді атайтын және олардың орындалу амалдарын білдіретін сөздер бұл кезеңде кейбірі пайда болып, кейбірі жиі қолданылды. Мысалы, әскер қатарына келу — *ту астында тұру*, соғысқа аттану — *тұлпар мініп ту ұстау*, тұтқынға түсу — *пенде болу*. *Жетім, жесір* сөздерінің осы күнгі мағыналары айқын: жесір «ері өлген әйел» дегенді, жетім «әкесі не шешесі, не екеуі де жоқ бала» дегенді білдіреді. Ал ертеректегі қазақ тілінде бұл сөздердің беретін мағынасы өзгеше болған. Шоқанның көрсетуінше: «Қазақтар құлдарды екіге бөлген: соғыста қолға түскен құлды (тұтқынды) *олжаласқан құл* немесе *жесір* (ерекшелеген — біз. Р.С.) деп, ал сатып алған немесе өзге жолмен (соғыста емес) келген құлды *жетім* деп атаған». Шоқанның осы сөзін қазақ жырлары мен көне әдеби нұсқалары дәлелдейді. Мысалы, Қобыланды жырында: *Екі пенде әкелдім, Берсем сені күйеуге, Бас жетімің еткендей* (яғни жасауыңа бергендей) — дейді әкесі қызына. Мұндағы *екі пенде* деп отырғаны — ұйқыда қолға түскен Қобыланды мен Қараман. Бұл тәрізді мысалдарды хандық дәуірдегі өлең жырлардан едәуір көптеп келтіруге болады.

XV-XVIII ғасырларда күні бүгінге дейін бізге, қазақтарға әбден таныс айтыс өнері де орын алғанын жорамалдаймыз. Бірақ жеке өлең-толғаулар сияқты жатталып, ауыздан-ауызға көшіп, бізге жетпеген тәрізді. Мұның да көріністері келесі ізденістерімізде танылуы мүмкін. Бұл өлең түрінің күні бүгінге дейін келгенін қазіргі айтыстарымыздан білеміз.

XIX ғасырда айтыс өте жоғары дамыған болатын. Ол — өз алдына ізденіп, зерттейтін тақырып. Айтыс айналамыздағы өзге жұрттарды таң қалдырып отырғаны белгілі. Бұл өнер — қиын дүние. Мұнда ақын өзінің айтпағын табан астында суырып салып жеткізіп отыруы керек. Қарсылас та осылайша жауап беруі керек. Кез келген ақын бұл өнерді алып кете алмайды. Бұған бала кезінен жаттығып, өзін үйреткен сөз зергерлері ғана барады. Бұл жөнінде қазіргі болып жатқан айтыстардың тіліне қарап айтылып жүрген талдаулар мен танымдар, пікірлер баршылық.

Адамзат сөз болған тұстарда оның тілі туралы да айтылмай қалмайды. Сондықтан біз бұл мақалада қазақ хандығы сияқты жаңа құрылымның басын 550 жылдан бастап атап отырғанда, ол хандыққа қызмет еткен қазақтың әдеби тілін осы тұстан бастап сөз етіп отырмыз. Бірақ екеуі бірден, бір сәтте пайда болған жоқ. Әдеби тіл хандықтан әлдеқашан бұрын негізі қаланып, біршама дамып келген болатын. Бірақ осы тілді танытатын үлгілер (өлеңдер мен жырлар) хандық дәуірдің басталуымен сәйкес келеді. Енді осы екі қатарлас келген құбылыс — хандық пен әдеби тіл бір-біріне қандай қызмет көрсетті? — сол жайында бір-екі ауыз айтсақ.

Қазақ тілінің хандықты құрып, жариялау барысындағы қызметі ең мықты күштердің бірі болғаны даусыз. Өйткені бірігіп хандық болып, одақ құрған ру-тайпалар бір тілде сөйлеген болатын. Ал хандықтың

тілге көрсеткен қызметіне келсек, ол да зор болды. Алдымен, қазақ әдеби тілінің сол кездегі бары мен барысын сақтап, әрі қарай дамытуға мүмкіндік берді. Біз хандық кездегі қазақ тілін танытқанда айтқан пікірлерімізді дәлелдейтін тілдік көрсеткіш мысалдарды XV-XVIII ғасырларда жыраулар мен ақындардың өлең-толғауларынан алып отырмыз. Сөз өнерінің иелері жыраулар мен ақындарды қазақ хандары жоғары бағалап, өздерінің көмекшісі, ақылшысы (сұрқылтайы) етіп отырған. Мысалы, Абылай хан Бұқар жырауды, Әділ хан Түбек жырауды ақылшысы еткенін XIX ғасырдағы Тезек төренің Сүйінбаймен айтысқан өлеңіндегі: *Сұрқылтайым менің де екен мынау* деген жолдарына қарап, Сүйінбай ақынның кеңесшісі болуын қалап тұрғанын көреміз. Мұндағы *сұрқылтай* сөзі Шыңғыс ханнан бері келе жатқан «хандардың кеңесшісі» деген моңғол сөзі. Бұл мақалада осы күнгі көптеген саяси-әкімшілік терминдерді сол кезде өз кезеңінде айтылған нұсқаларымен бердік: қазіргі халық – *жұрт*, мемлекет – *ел*, киім – *тон т.б.*

Қазақ тарихында орын алған алғашқы тәуелсіз ел болғанының куәсі – Қазақ хандығын сөз еткенде, бұл хандықтың қазақ әдеби тіліне көрсеткен ықпалы мен қызметін өте жоғары бағалау керек.

Ең соңғы айтарымыз: бұл хандық қазақтардың санасына тәуелсіздік идеясын құйып, орнатып кетті. Қазақ хандығы дәурен сүрген ғұмырында қазақтардың санасында орын алған тәуелсіздік идеясының ұшқыны хандықтан кейінгі тарихымызда әлсін-әлсін көрініп қалып отырғанын байқаймыз. Бұған Исатай-Махамбет көтерілісі мен кейбір өлкелерде болып өткен қарсылық толқуларынан бастап, кешегі 1986 жылғы қазақ жастарының Алматы қаласының алаңында жасаған көтерілісі дәлел.

Бұл күнде соңғы ширек ғасыр барысында «азаматтарымыз атқа мініп, толғамалы найза қолға алып, дұшпандармен айқасып, соғысып емес», заманының саясатына қарай бейбіт жолмен тәуелсіздікке ие болып, ғұмыр кешіп жатқанымызға осы еркіндіктің үлгісін көрсетіп кеткен қазақ хандығына қарыздармыз. Оның құрылуы мен құлдырауының нәтижесі қандай болғаны бүгінгі тәуелсіздігімізді бекіте түсу керектігін көрсетіп кетті. Оны сақтап тұру үшін әрі қарай күшті білім-ғылым, мықты экономикалық жағдай, өзге елдермен достық қарым-қатынас, бейбіт саясатты ұстануымыз қажет.

Бұл күнде ең мықты дамыған 30 елдің қатарына қосылу жөнінде жүргізіп жатқан саясатымыз бен іс-әрекеттеріміз тәуелсіздікті нығайтудың бір жолы деп танимыз. Қазақ хандығының құрылып, тарих төрінен орын алғанына 550 жыл болғанын мақтанышпен, қуанышпен атап отырған мерекеміз құт болсын. Құтты сәттер көп болсын!

МАЗМҰНЫ

ТУҒАН ТІЛ – ТҰҒЫРЫҢ

- Қ.Жұмаділов.* Ұлттың жаны – тілде 3
- Х.Әбжанов.* Ұлт тірегі –тіл..... 9

ТҮБІ БІР ТҮРКІ ТІЛІ

- М.Ескеева, Г.Сағидолда.* Сары ұйғырлар этнотарихи және лингвомәдени үдерістер толқынында 21
- С.Итеғұлова.* Фольклорлық кейіпкерлердің ұқсастығы мен ерекшелігі 32

АУДАРМА ЖӘНЕ ТЕРМИНОЛОГИЯ

- С.Құлманов.* Ісқағаздарын қалыптастырудағы аударманың рөлі..... 40
- Е.Әбдірәсілов.* Жаңа ұғымдарды қалыптастырудың кейбір мәселелері 49

СӨЗ ТӨРКІНІ

- Ә.Қайдар.* Қазақ тілі этимологиясынан этюдтер 55
- А.Әлімбаев.* Фразеологизмдер құрамындағы «жүрек» соматизмінің концептісі..... 63

ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ ДЫБЫСТЫҚ ЖҮЙЕСІ

- С.Шүкірұлы.* Тіл тынысы – дыбыс..... 69
- Ә.Жүнісбек.* Бүгінгі күннің өзекті мәселесі – жазу реформасы 73

ӘДІСТЕМЕ ӘЛЕМІНДЕ

З.Ерназарова. Қазақ тілін оқытудың когнитивті бағыты 83

Г.Мұсаева. Қазақ тілін оқыту ұстанымдары 90

МЕРЕЙТОЙ

М.Дулатұлы. Абай 95

Р.Сыздықова. Қазақ хандығы кезіндегі қазақ тілі 98

РЕДАКЦИЯНЫҢ ЕСКЕРТПЕСІ:

Авторлардың стилі,
орфография хақы сақталады.

Альманах Ш. Шаяхметов атындағы
Тілдерді дамытудың республикалық
үйлестіру-әдістемелік орталығында
терілді.

Дизайнын жасап, беттеген
Берік ҚОСДӘУЛЕТОВ

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:

Қазақстан Республикасы
010000, Астана қаласы,
Сауран көшесі, 7 А,
Тел.: 8 (7172) 40-83-97
Tilortalyk@mail.ru

Теруге берілген күні 16.09.2015 ж.
Басуға қол қойылған күні 16.10.2015 ж.
Пішімі 70 × 100^{1/16}. Шартты баспа табағы 8,7.
Таралымы 2000 дана.
Тапсырыс №